**Нәтижелер.** Жалпы зоонимдердің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдерден адамдардың жан-жануарлармен ұзақ және тығыз қарым-қатынастарының табиғи түрде өз әдеттерін, мінез-құлқын және өмірге бейімделу жолдарын түсінуге алып келгенін көруге болады. Мысалы,



жануарлардың ерекшеліктері туралы түсініктерді адамдық қарым-қатынастарды бейнелеп сипаттау, кейбір қоғамдық құбылыстарды суреттеу, кейбір адамдардың жануарларымен ұқсастықтарын көрсету, т.б. Тілдегі жануарлар туралы көптеген фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер осылайша пайда болған. Жоғарыдағы мақал-мәтелдерді саралай келе «қасқыр» символикасы құрылымының аса күрделі екенін көруге болады. Аңыз бен эпостардан мақал-мәтелдерге, идиомаларға, өсімдік, жер-су атауларына, адам аттары мен мифологиядан наным-сенімдерге, кескіндеме мен мүсіннен сәулет өнеріне, қолөнердегі мотивтерге негіз болып, қасқыр элементі маңызды ұлттық символға айналған.

«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдерді зерттеп, салыстырғанда олардың белгілі бір халықтың табиғатына, тарихы мен мәдениетіне, шаруашылығы мен кәсібіне, өмір сүру салтына байланысты шыққанын байқаймыз. Сондықтан халық фольклорындағы, оның ішіндегі біздің зерттеу нысанымыз – мақал-мәтелдердегі сақталған деректер тарихи деректер болып табылады. Екі халықтың мақал-мәтелдерінен де халықтың әлеуметтік өміріндегі, мәдениетіндегі шаруашылығындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді, әр халықтың өзіне тән қасиеттерін байқаймыз. Яғни, мақал-мәтелдер екі елдің де ұлттық-мәдени көрсеткіштері болып табылады. Бұл тілдік элементтер белгілі бір халықтың этнолингвистикасында, лингвомәдениетінде алатын орны зор.

Аталған зоонимнің екі тілде қолданылуына салыстырмалы талдау бойынша бірнеше семантикалық қатарларды бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, бұл өте ашулы, болжауға болмайтын жануар, сондықтан өте қауіпті. Қасқырды мұндай қабылдау қазақ тілінде де, түрік тілінде де байқалады. Сонымен қатар, қасқыр екі халықтың өмірінде де ерекше орын алады. Идиомалардың мұндай мағыналық шашыраңқы болуы бөрі табиғатын жақсы және теріс жағынан өте жақсы білгенді байқатады. Қасқыр зоониміне байланысты екі тілдегі мақал-мәтелдерді семантикалық жағынан бөліп қарастырсақ, бірінші қасқыр – қас, дұшпан ретіндегі мақал-мәтелдер, екінші, қасқыр – достық үлгісі ретіндегі мақал-мәтелдер, үшінші қасқыр – образды түр ретіндегі мақал-мәтелдер.

**Қорытынды.** Сонымен, «қасқыр»/«бөрі» ұғымы фольклорды, тарихи, мәдени, әдеби коннотацияларды тудырады. Екі тілде де қасқырдың – ашкөз, жыртқыш, қауіпті, мейірімсіз екіжүзді, айлакер деген коннотациялары бар. Талдау нәтижелеріне сүйене отырып, «қасқыр»/«бөрі» зоонимінің мәдени коннотациялары екі тілде де ішінара сәйкес келетіні анық болды. Сондай-ақ олардың арасында оң және теріс бояуы бар метафоралық мағыналар бар. «Қасқыр»/«бөрі» ұғымының ұлттық-мәдени коннотациясын салыстырмалы түрде зерттеу қазақ және түрік тілдерінде сөйлейтін халықтардың менталитетін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі қасқыр атауына байланысты мақал-мәтелдерді семантикалық тұрғыдан салыстыра отырып, олардың жақын ұқсастықтарын байқадық. Мұндай ұқсастықтардың болуы қазақ және түрік тілдерінің түбі бір туыстас тілдер екендігін дәлелдей түседі.

### Әдебиеттер

1. Мирза М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, Азбука, 2007. – 25 б.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Слон, 2011. – 735 б.
3. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 213 с.
4. Надршина Ф.А. Башкирские исторические предания и легенды. – Уфа: Китап, 2015. – 528 с.
5. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967. – 504 с.
6. Dr. Zafer Altun. Türk Kültüründe “Kurt Kavramı” Üzerine Bir İnceleme. 21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum Education And Society In The 21st Century Cilt/Volume 8, Sayı / Issue 22, Spring / Bahar 2019/ Araştırma Makalesi / Research Article– 18 s.
7. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, Жазушы, 1971, - 212 б.
8. Әбсадықов А. Ұлт рухының көне бастауы // Ана тілі газеті. – 20 мамыр, 2010 ж.
9. Ахинжанов С. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 1999. – С. 279
10. Сүйінбай Аронұлы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 288 б.
11. Порхомовский М.В. Турецкие пословицы в языке и речи книга. – М.: 2014. – 176 с.
12. Итеғұлова С. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, Білім, 2002. – 29 б.
13. Сансызбаева С.К. Узуальные коннотативные особенности казахско-русских зооморфизмов // Вестник КарГУ 2012. URL: <https://articlekz.com/article/6490>
14. Сманов І. Қасқырдың беймәлім құпиялары – Астана: Фолиант, 2014. – 296 б.
15. Ыбыраев Ш. – Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Өлке, 2000. – 160 б.
16. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 1. Қазақтың халық прозасы. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
17. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 65: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – 405 б.

18. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері.–Астана: Фолиант, 2010.– 488 б.
19. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 67: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.–462 б.
20. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 68: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.– 400 б.
21. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 69: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.– 438 б.
22. Ömer Asım Aksoy. Ata sözleri ve deyimler sözlüğü 2. İstanbul, İnkilab kitap evi, 1994. – 1205 s.
23. Metin Yurtbaşı. Sınıflandırmış Atasözleri sözlüğü. – İstanbul 2012. – 1095 s.

**М.А. ЕРМЕКБАЕВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан.

**СЕМАНТИКА ПОСЛОВИЦ, СВЯЗАННЫХ С ЗООНИМОМ «ВОЛК»  
(НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОГО И ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКОВ)**

**Аннотация.** Сравнительный анализ зоонимов, прежде всего описание национальной языковой картины мира, представляет несомненный научный интерес. Сравнение любых языков служит основой для выявления в них трех основных качеств – общности, сходства и различия.

В статье анализируются пословицы и поговорки, в которых присутствует один из древнейших образов культуры казахского и турецкого народов – зоосимвола «волк». Пословицы являются разновидностью устной литературы с накопленным жизненным опытом народа. Они помогают лучше понять национальную идентичность, интересы, взгляды, образ жизни и традиции людей, создавших эти пословицы. Изучение этого вида фольклора дает более глубокое понимание особенностей и взаимосвязей разных культур.

Пословицы о животных составляют большой пласт в паремиологическом фонде разных народов и отличаются большим тематическим разнообразием. Основная задача всей структуры пословиц в целом состоит в том, чтобы показать мысли народа в полной, краткой и ясной форме. Пословицы о животных являются образцом архаичной краткости и образности.

Проведен анализ пословиц и поговорок на казахском и турецком языках с целью выявления общности и особенностей этнической и обрядовой принадлежности народов, связанного с образом волка. На основе пословиц о волках в казахском и турецком языках определяется этнокультурное содержание зоонима «волк», а сравнительный анализ характеризует полное

сохранение общей тюркской линии в мировоззрении двух народов. В статье анализируется контекстуальная семантика казахского зоонима «волк» и его турецких эквивалентов в пословицах. Цель исследования определить особенности языковой репрезентации концепта «волк» в казахском и турецком языках путем сравнительного анализа. В результате анализа были выявлены метафорические значения с положительной и отрицательной окраской. Рассмотрены смысловые сходства и различия пословиц, связанных с зоонимом «волк» в казахском и турецком языках.

**Ключевые слова:** пословицы и поговорки, казахские пословицы, турецкие пословицы, зооним «волк», зооним «бори», семантика.

**M.A.YERMEKBAYEVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

### **SEMANTICS OF PROVERBS ASSOCIATED WITH THE ZOONYM «WOLF» (BASED ON THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES)**

**Annotation.** Comparative analysis of zoonyms, primarily the description of the national language picture of the world, is of undoubted scientific interest. After all, the comparison of any languages serves as the basis for identifying three main qualities such as commonness, similarity and difference.

The article analyzes one of the most ancient images of the Kazakh and Turkish culture - the zoosymbol "wolf" through proverbs. Proverbs are a kind of oral literature with the accumulated life experience of the people. They help to understand better the national identity, interests, attitudes, lifestyle and traditions of the people who created these proverbs. The study of this type of folklore gives a deeper understanding of the characteristics and relationship of different cultures. Proverbs about animals make up a large layer in the paremiological fund of different peoples and are distinguished by great thematic diversity. The main task of the entire structure of proverbs as a whole is to show the thoughts of the people in a complete, concise and clear form. Proverbs about animals are an example of archaic brevity and figurativeness.

On the basis of proverbs about wolves in the Kazakh and Turkish languages, the ethno-cultural content of the zoonym "wolf" is determined, and a comparative analysis characterizes the complete preservation of the common Turkic line in the worldview of the two peoples. The article analyzes the contextual semantics of the Kazakh zoonym "wolf" and its Turkish equivalents in proverbs. The purpose of the study is to determine the features of the linguistic representation of the concept "wolf" in the Kazakh and Turkish languages by means of a comparative analysis. As a result of the analysis, metaphorical meanings with positive and negative connotations were revealed. The semantic similarities and differences of proverbs

associated with the zoonym "wolf" in the Kazakh and Turkish languages are considered.

**Keywords:** proverbs and sayings, Kazakh proverbs, Turkish proverbs, zoonym «wolf», zoonym «bori», semantics.

### References

1. Mirza M. Qazaq-uıǵyr maqal-mátelderiniń paremiologialyq júesi: filologia ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndalǵan dısertasianyń avtoreferaty. – Almaty, 2007.
2. Qazaqtyń etnografialyq kategorialar, uǵymdar men ataıylarynyń dástúrli júesi. Ensiklopedia. – Almaty: Slon, 2011. – 735 b.
3. Kláshtornıy S.G. Drevnetúrkskie rýnicheskie památnıkı kak istochnik po istorii Srednei. – M.: Naýka, 1964. – 213 s.
4. Nadrshina F.A. Bashkırskie istoricheskie predaniya i legendy. – Ýfa: Kitap, 2015. – 528 s.
5. Gýmılev L.N. Drevnie túrkı.– Moskva: Nauka, 1967. – 504 s.
6. Dr. Zafer Altun. Türk Kültüründe “Kurt Kavramı” Üzerine Bir İnceleme. 21. Yüzyılda Eǵitim ve Toplum Education And Society In The 21st Century Cilt/Volume 8, Sayı / Issue 22, Spring / Bahar 2019/ Araştırma Makalesi / Research Article– 18 s.
7. Januzaqov T. Qazaq esimderiniń tarihy. – Almaty, 1971. –212 b.
8. Ábsadyqov A.Ult rýhynyń kóne bastaıy // Ana tili gazetı. – 20 mamyr, 2010 j.
9. Ahınjanov S. Kypchakı v istorii srednevekovogo Kazahstana. Almaty, 1999, – s. 279
10. Súinbaı Aronuly. – Almaty: Halyqaralyq Abai klýby, 2013. – 288 b.
11. Porhomovski M.V. Týreskie poslovisy v iazyke i rechı knıga.– M., 2014. – C. 176
12. Iteǵulova S. Qazaq fólkloryndaǵy qasqyr beinesi: filologia ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndalǵan dısertasianyń avtoreferaty. – Almaty, 2002. – 29 b.
13. Sansyzbaeva S.K. Ýzýalnye konnotativnye osobennosti kazahsko-rýsskih zoomorfizmov// Vestnik KarGÝ. –2012. URL: <https://articlekz.com/article/6490>
14. Smanov İ. Qasqyrdyń beımálim qurıalary. – Astana: Foliant, 2014. – 296 b.
15. Ybyraev Sh. – Qazaqtyń maqal-mátelderi. –Almaty: Ólke, 2000. – 160 b.
16. Qasqabasov S. Tańdamaly. T.1.Qazaqtyń halyq prozasy. – Astana: Foliant, 2014. – 320 b.
17. Babalar sózi: júztomdyq. T. 65: Qazaq maqal-mátelderi. – Astana: Foliant, 2010. – 405 b.
18. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 66: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 488 b.
19. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 67: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 462 b.

20. Babalar sózi: júz tomдық. Т. 68: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 400 b.
21. Babalar sózi: júz tomдық. Т. 68: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. –438 b.
22. Omer Asım Aksoy. Ata sózleri ve deyimler sózluđu 2. Istanbul, İnkilab kitap evi, 1994. – 1205 s.
23. Metin Yurtbaşı. Sınıflandırmış Atasözleri sózluđu. – Istanbul 2012. – 1095 s.

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Ермекбаева Майра Аманбекқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Ермекбаева Майра Аманбековна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Yermekbayeva Maira Amanbekovna** – Doctoral student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAHP: 16.21.45:

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.04>\*Б. Р. ЕСІМСЕЙТОВ<sup>1</sup> Н.М. КОКИШЕВА<sup>2</sup> 

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау  
органдары академиясы, Қосшы, Қазақстан<sup>1</sup>

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: [571-70-33@mail.ru](mailto:571-70-33@mail.ru)<sup>1</sup>, [nkokisheva@mail.ru](mailto:nkokisheva@mail.ru)<sup>2</sup>)

### «ЗАҢ» СӨЗІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ КӨЛЕМДІК СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Қазақ тілінде «Заң» сөзі заттық мағыналарда қолданылатын көптеген сөздердің жасалуына негіз болған. Мақалада «Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты сол сөзден өрбіген сөзжасамдық ұяға талдау жасау негізінде анықталады. Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі Н. Оралбай, О. Тоққожаева, А. Салқынбай, Т. Тоқтарова, Н. Қоқышева, Б. Есімсейтов, К. Құрманәлиев, Д. Қуандықова сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Сөзжасамдық ұяның міндетті элементі – негіз сөз. Негіз сөз, әдетте ұяның өзегі деп танылып, сөзжасамдық ұяның қалыптасуында өте маңызды рөл атқарады, оның құрылымына, ұя құрамындағы туынды түбір сөздердің мағыналық қатынастарына әсер етеді. Ол барлық туынды түбір сөздердің құрамына кіреді, олардың мағынасын анықтайды. Бүгінде сөзжасамдық ұяның негізі ретінде: зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістіктер, үстеулер қарастырып жүр.

Мақалада заң дискурсының негізгі концептілерінің бірі – «Заң» сөзіне сөзжасамдық ұя тұрғысынан талдау жасалды. Талдау жүргізілген «Заң» сөзжасамдық ұясының құрамына енген 43 туынды сөздің 24-і термин сөз. Бұл көрсеткішті авторлар түп негіз сөз мағынасының салалық лексикаға биімділігін дәлелдей келе «заң» сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяның ерекшелігі ретінде бағалайды. Сөзжасамдық ұяда жалпы 43 туынды сөз жасалғаны, сөзжасамдық ұядағы сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдері арқылы жасалған туынды сөздердің саны анықталады. Тілдік деректер, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Заң терминдерінің сөздігі, Қазақстан Республикасының кеден құқығы оқу құралынан жиналған.

**Түйін сөздер:** сөзжасам, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, заң.



**Кіріспе.** Сөзжасамдық ұя – тілдік құбылыс. Сөзжасамдық ұя тілімізде көп. Сөзжасамдық ұялардың көп екендігін дәлелдейтін сөздіктің жоқ екендігіне қарамастан, осындай тұжырым жасауымызға тілдегі сөзжасамдық ұялардың негізі бола алатын түбір сөздердің өте көптігі себеп. Тілдегі кез-келген мағыналы сөз өз алдына сөзжасамдық ұя жасай алады. Себебі сөзжасамдық ұя дегеніміз – түп негіз сөздің өзінен кейінгі сөздердің жасалуына негіз болуы арқылы түбірлес сөздер жиынтығы жасалады. Отандық лингвистикада Н. Оралбаева, О. Тоққожаева, К. Құрманәлиев, Б. Есімсейтов зерттеулерінде бір буынды сөздерді сөзжасамдық ұяның негізі ретінде қарастырып жүр. Дегенмен, синхронды сөзжасамда сөздік қорымыздағы екі буынды түбір сөздер де сөзжасамдық ұяның негізі қызметін атқара алады. Мәселен, ата, ана, бала, құлақ, сана т.б. екі буынды түбір сөздердің әр қайсысы сөзжасамдық ұяның негізі бола алады. Н. Қоқышева, З. Құрманәлиеваның ғылыми еңбектерінде екі буынды сөздердің негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамына талдау жасалған.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Сөзжасамдық ұяның көлемін, сатылық мөлшерін, сөзтаптық құрамын анықтау синхронды сөзжасамның негізгі міндеттерінің бірі. Жоғарыда тілде сөзжасамдық ұялар көп деген болатынбыз. Олай болса сөзжасамдық ұялардың көлемі, сатылық сипаты, сөзтаптық құрамы түрліше болатындығы анық. Бұл мәселе ғалымдар тарапынан айтылып та жүр. Сөзжасамдық ұялардың көлемі, сатылық сипаты, сөзтаптық құрамының түрліше болуына не себеп деген сұраққа да ғалымдар тарапынан түрлі болжамдар мен тұжырымдар айтылып жүр. Отандық ғалымдар бұл сұрақтың жауабын түп негіз сөз төңірегінен іздейді. Сөзжасам саласының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Н. Оралбаева: «Сөзжасамдық ұяның күрделілігі оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсысы неғұрлым сөзжасамға көбірек қатысса, солғұрлым сөзжасамдық ұя күрделі болады» [1, 55] – деп жауап берсе, профессор К. Құрманәлиев: «Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің сөзжасамдық қабілеті, көпмағыналылығы ұяның көлеміне әсер етеді. Оны түрлі түп негіз арқылы жасалған ұяларды салыстыру арқылы дәлелдеуге болады. Тіл деректері түп негіз сөздің өнімділігі ұяның көлеміне, ондағы туынды түбірлердің санына әсер етеді» [2, 116] - дейді. Ғалымдар пікірін басшылыққа ала отырып, өз тарапымыздан зерттеу нысанына алынған етістік негізді сөзжасамдық ұяларды зерттеу барысында анықталған тұжырымдарымызды ұсынамыз.

Кез-келген сөзжасамдық ұяның көлемі және құрамы оның шыңы, өзегі, негізі саналатын түп негіз сөздердің лексика-семантикалық құрамына тікелей қатысты. Сөздің лексика-семантикалық құрамы деген атау - сөздің мағыналары, кіші мәндері ұғымын қамтиды. Яғни, түп негіз сөздің лексика-семантикалық құрамы құнарлы болса, сөзжасамдық ұя құрамы көлемді болады.

Сөзжасамдық талдау сөздіктердің көмегімен жасалынады. Талдау барысында сөздіктердің көш басы саналатын, осыдан ширек ғасыр бұрын



шығарылған 91,5 мың атау сөз бен тіркесті қамтыған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» бастап, ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесіне орай шығарылған 150 мыңнан астам атау сөз бен тіркесті қамтыған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» және әр жылдары Тіл білімі институтынан әртүрлі мақсат-мүддеге лайықталып жасалған сөздіктерді пайдалануға болады. Қолданыста жүрген сөздіктер тіліміздің мол байлығының айқын көрсеткіші. Сөздіктердің қай-қайсысының құрамында туынды сөздің басым екендігін көруге болады. Тек білім алушыларды сөздіктерді дұрыс пайдалануға үйрете білу керек.

Сөзжасамдық талдауды жеке туынды сөзге де, сөзжасамдық ұя құрамындағы түбірлес туынды сөздерге де жасауға болады.

Сөзжасамдық талдаудың 1- түрі:

Сөзжасамдық талдаудың бірінші түрі мына мәселелерді анықтайды. Бірінші туынды сөздің жасалуына негіз болып тұрған негіз сөзге талдау жасалады. Екінші туынды сөзге талдау жасалады.

Сөзжасамдық талдаудың 2 - түрі:

Сөзжасамдық талдаудың екінші түрі мына мәселелерді анықтайды. Бірінші сөзжасамдық ұяның негіз сөзіне талдау жасалады. Екінші СҰ құрамындағы туынды сөздерге талдау жасалады. Үшінші СҰ құрамындағы туынды сөздердің сөз таптарына қатысын талдау жасалады. Төртінші СҰ-ның құрылымдық бірліктеріне талдау жасалады. Бесінші туынды сөздерге мағыналық талдау жасалады. Мақала бір сөзжасамдық ұя құрамына кіретін заң терминдерін талдауға арналады.

**Талқылау мен бақылау.** «Заң» сөзі негізінде жасалған сөзжасамдық ұя құрамына сөзжасамдық талдау.

Негіз сөзге талдау:

Сөзжасамдық ұя құрамына талдау жасағанда алдымен осы сөзжасамдық ұя құрамындағы туынды сөздердің жасалуына арқау, уәж болып тұрған негіз сөзге (түбір) талдау жасау керек. «Негіз сөз дегеніміз - туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз» [3, 35].

Негіз сөздің мағыналық құрамындағы кез-келген мағына (тура, ауыспалы, келтірінді, семалық көрсеткіштер) туынды сөздің жасалуына уәж бола алады. Біздің жағдайда туынды сөздердің жасалуына негіз сөздердің тура мағынасы уәж болып тұр. Себебі, термин сөздер тура мағынада жұмсалады.

Сөзжасамдық ұяның негізі болып саналатын түбір сөздер белгілі бір сөзтабының құрамына кіреді. Заң сөзі зат есім сөзтабының мүшесі. Яғни зат есім сөзжасамы класына жатады. Сөзжасам класы – «Лексика-грамматикалық сипатына, яғни бір сөз табына қатысына қарай туынды сөздер сөзжасам кластары болып бөлінеді. Әр сөз табы: жасалу жолы, тәсілі, негіз сөздің лексика-грамматикалық белгілері, сөзжасам тәсілдері, сөзжасам мағыналарының сипатына қарай бір-бірінен ерекшеленеді. Сөзжасам кластарының саны әр тілдегі сөз таптарының санына сай болады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде туынды зат есімдердің сөзжасам класы, туынды сын есімдердің сөзжасам класы, т.б. болып бөлінеді» [4, 124].

Белгілі бір сөз табы құрамына кіретін сөзжасамдық ұяның негізі - тілдегі мағыналық топтар мен тақырыптық топтардың біріне жатады. Мақалады талданып отырған заң сөзі - тілдің салалық мағыналық тобының мүшесі. Сөзжасам жүйесін сөзжасамдық ұялар тұрғысынан қарастырып жүрген зерттеушілер өздерінің еңбектерін тілдегі мағыналық топтар мен тақырыптық топтардың біріне негіздейді. Бұндай зерттеулер өз жемісін беріп те жүр.

**Нәтижелер.** Жоғарыда баяндалған мәселені қысқаша былай көрсетуге болады.

➤ Заң – бір буынды түбір сөз.

➤ Лексикалық мағынасы – Мемлекеттің ең жоғары өкімет орындары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы-қарарлар; декрет [5, 340]. Заң жазудағы сөздік қорымызды молайту жолында ғалымдарымыз бен заңгерлеріміз және аудармашылар бола отырып, бір кісідей жұмылып, жұмыс жасауға тиіспіз [6, 5]. Кеден құқығын жалпы және ерекше бөлімдерге бөлу заңға негізделе отырып қарастырылған [7, 32].

➤ Зат есім.

➤ Салалық мағыналық тобының мүшесі

1) СҰ құрамындағы туынды сөздерге талдау:

➤ Заңгер – синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз.

➤ -ГЕР сөзжасамдық жұрнағының заң негіз сөзіне жалғануы арқылы – «Заң ғылымы мен мәселелері жөніндегі маман» – деген жаңа мағыналы туынды сөз жасалған [5, 340]. Кеңседе тәжірибелі заңгерлер мен қорғаушылар жұмыс істейді. Заңгер болу үшін білімді, әділ, еңбекқор, білікті маман болуың керек [8, 85].

➤ Заңгер – Туынды зат есімдердің сөзжасам класына жатады.

➤ 33 – сөзтаптық үлгісі

➤ Заңды тұлға –аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз.

➤ Заңды және тұлға сөздерінің тіркесуі арқылы «заң бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттердің субъектісі болып табылатын кәсіпорын, мекеме, ұйым, фирма, т.б.» деген мағынаны білдіретін туынды сөз жасалған [5, 340]. Соттың азаматтардан немесе заңды тұлғалардан талап ететін жазбаша дәлелдемелерді тікелей сотқа жіберіледі [9, 25]. Яғни күрделі зат атауы жасалған. «Күрделі зат атаулары деп екі не одан да артық сыңарлардың тізбегінен құралып, мағына мен тұрпат, қызметі жағынан бөлшектенбей, ішкі мағыналық құрылымы тұтасымен (монолитті) белгілі бір ұғымның атауы ретінде қалыптасқанды атайды. Күрделі зат атаулары – екі я оданда көп сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау және қысқарту арқылы сөзжасам әрекетінің нәтижесінде жасалып, бір ұғым, түсініктің атауы ретінде қалыптасқан лексикалық бірліктер» [10, 50].

➤ Заңды тұлға – Туынды зат есімдердің сөзжасам класына жатады.

➤ 3.e+C.e+3.e – сөзтаптық үлгісі

Көрсетілген үлгілерді пайдалана отырып, ұя құрамындағы әрбір туынды сөзге талдау жасалынды.

➤ СҰ құрамындағы туынды сөздердің жалпы саны – 43.

➤ Оның ішінде: Синтетикалық тәсіл арқылы – 20

➤ Аналитикалық тәсіл арқылы – 23.

Оның ішінде: тіркесу арқылы – 22.

бірігу арқылы - 1

➤ Лексика-семантикалық тәсіл арқылы – 0

2) СҰ құрамындағы туынды сөздердің сөз таптарына қатысын талдау:

СҰ құрамындағы туынды сөздердің сөз таптарына қатысы: Зат есім – 33, Сын есім – 5, Етістік – 5.

➤ СҰ құрамындағы туынды сөздердің сөзтаптық үлгілері: З.е+С.е+З.е – 2: заң-ды+тұлаға, заң-ды+өкіл; ЗС – 3: заң-и, заң-шыл, заң-дық; ЗСЗ – 2: заң-ды-лық, заң-сыз-дық; ЗСС – 1: заң-қой-лық; ЗЗС – 1: заң-нама-лық; ЗЗ – 1: заң-гер; ЗЕ – 1: заң-дастыр.

**Сөзжасамдық ұяның құрылымдық бірліктерін талдау:**

1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбекте сөзжасамдық ұяға төмендегідей анықтама берілген: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады». Бұл еңбекте Н.Оралбаева сөзжасамдық ұя жұптан, сатыдан, тарамнан, тізбектен тұрады деп сипаттама береді [1, 55].

2000 жылдардың басында профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілік жасауымен қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұяның құрылымдық бірліктері жеке-жеке диссертациялық зерттеу тақырыптарына айналды. Көрсетілген сөзжасамдық ұяның құрылымдық бірліктерінің анықтамалары беріліп, ғылыми сипаттамалар жасалды. Сөзжасамды оқытуға арналған оқу жұмыс бағдарламалары мен оқулықтарда сөзжасамдық талдауларға арналған жаттығуларда кейбір ғалымдардың сипаттамалары мүлдем сөзжасам саласын зерттемеген оқулық құрастырушыларымен қате аталып жүргендігін байқадым. Осы олқылықтарды болашақта болдырмау және бірізділікті орнықтыру мақсатында сөзжасамдық ұяның құрылымдық бірліктерінің анықтамаларын, ғылыми сипаттамаларын жасаған авторларды еңбектерімен көрсетуді жөн деп таптым.

**Сөзжасамдық тізбек мәселесін** Б.Р. Есімсейтов зерттеді. Ол 2002 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер» атты кандидаттық диссертация қорғады [11].

➤ Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық бір ұяның негізінде жасалған, бірінен бірі тікелей туындайтын жаңа мағынаны туынды сөздердің тізбегі. Сөзжасамдық әр тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады. Сөзжасамдық тізбек біріне-бірі негіз болатын бір негізді сөздердің тобы.

➤ **Сөзжасамдық тізбек** саны – 33. Оның ішінде: екі мүшелі - 18, үш мүшелі – 11, төрт мүшелі - 4.

Екі мүшелі сөзжасамдық тізбектер (18)

№	Бірінші мүше	Екінші мүше
1	ЗАҢ →	заң актісі
2		заң ғылымы
3		заң жобасы
4		заң жүзінде
5		заң-зәкүн
6		заң орны
7		заң шығарушы
8		заң сараптамасы
9		заң кеңесі
10		заң техникасы
11		заңдық
12		заңи
13		заң жобасы
14		заңтану
15		заңшы
16		арнайы заң
17		іргелі заң
18		үндестік заңы

Бұл жерде заң сөзінің негізінде жасалған 18 туынды сөз жеке-жеке екі мүшелі сөзжасамдық тізбек болып саналады.

Үш мүшелі сөзжасамдық тізбектер (11)

	Бірінші мүше	Екінші мүше	Үшінші мүше
1	ЗАҢ →	Заңгер	заңгерлік
2		Заңдас	заңдасу
3		Заңды	заңдылық
4			заңды билік
5			заңды құзырет
6			заңды мерзім
7			заңды мүдде
8			заңды тұлға
9			заңды өкіл
10		Заңқой	заңқойлық
11		Заңсыз	заңсыздық

Бұл жерде заң сөзінің негізінде жасалған 5 туынды сөз жеке-жеке 11 үш мүшелі сөзжасамдық тізбектер жасаған.

Төрт мүшелі сөзжасамдық тізбектер (4)

№	Бірінші мүше	Екінші мүше	Үшінші мүше	Төртінші мүше
	ЗАҢ →	Заңдан	заңдандыр	заңдандырушы
		Заңдас	заңдастыр	заңдастырушы
		Заңнама	заңнамалық	заңнамалық норма
				заңнамалық акт

Сөзжасамдық тізбектің үшінші мүшелері негізінде 4 тізбек жасаған.

**Сөзжасамдық тарам мәселесін** Н.Б.Есенова зерттеді. Ол 2005 жылы «Сөзжасамдық тарам, оның ұя бірліктермен байланысы» [12] атты кандидаттық диссертация қорғады.

➤ Сөзжасамдық тарамға бір түбір арқылы жасалған туынды сөздердің деривациялық қатары кіреді. Сөзжасамдық тарам барлық сөзжасамдық тәсілдердің жасалу жолына тән болады. Бір сөзжасамдық тарамда бірнеше тәсіл арқылы жасалған туынды атаулар болуы ықтимал.

➤ **Сөзжасамдық тарам** саны – 4. Бірінші тарам – 1-сатыда 25 туынды сөз жасаған, екінші тарам – 2-сатыда 2 туынды сөз жасаған, үшінші тарам – 2-сатыда 7 туынды сөз жасаған, төртінші тарам – 3-сатыда 2 туынды сөз жасаған.

Бірінші тарам – 1-сатыда 25 туынды сөз жасаған.

№		Бірінші саты
1	ЗАҢ →	заң актісі
2		заң ғылымы
3		заң жобасы
4		заң жүзінде
5		заңгер
6		заңдан
7		заңдас
8		заңды
9		заң-зәкүн
10		заң орны
11		заң шығарушы
12		заң сараптамасы
13		заң кеңесі
14		заң техникасы
15		заңдық
16		заңи
17		заңқой
18		заңнама

19		заң жобасы
20		заңсыз
21		заңтану
22		заңшыл
23		арнайы заң
24		іргелі заң
25		үндестік заңы

5-кесте

Екінші тарам – 2-сатыда 2 туынды сөз жасаған

№	Бірінші саты	Екінші саты
1	Заңдас	заңдастыр
2		заңдасу

6-кесте

Үшінші тарам – 2-сатыда 7 туынды сөз жасаған

№	Бірінші саты	Екінші саты
1	Заңды	заңдылық
2		заңды билік
3		заңды құзырет
4		заңды мерзім
5		заңды мүдде
6		заңды тұлға
7		заңды өкіл

7-кесте

Төртінші тарам – 3-сатыда 2 туынды сөз жасаған

№	Үшінші саты	Төртінші саты
1	Заңнамалық	заңнамалық норма
2		заңнамалық акт

**Сөзжасамдық саты мәселесін** Н.М. Қоқишева қарастырды. Ол 2001 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі денемүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер» [13] атты кандидаттық диссертация қорғады [13].

➤ **Сөзжасамдық саты** саны – 3. 1-саты – 25 туынды сөз, 2-саты – 14 туынды сөз, 3-саты – 4 туынды сөз.

8- кесте

Сөзжасамдық саты

ЗАҢ →	Бірінші саты	Екінші саты	Үшінші саты
	заң актісі		
	заң ғылымы		
	заң жобасы		
	заң жүзінде		

	Заңгер	заңгерлік	
	Заңдан	заңдандыр	заңдандырушы
	Заңдас	заңдастыр	заңдастырушы
		заңдасу	
	Заңды	заңдылық	
	заң-зәкүн		
		заңды билік	
		заңды құзырет	
		заңды мерзім	
		заңды мүдде	
		заңды тұлға	
		заңды өкіл	
	заң орны		
	заң шығарушы		
	заң сараптамасы		
	заң кеңесі		
	заң техникасы		
	Заңдық		
	Заңи		
	Заңқой	заңқойлық	
	Заңнама	заңнамалық	заңнамалық норма
			заңнамалық акт
	заң жобасы		
	Заңсыз	заңсыздық	
	Заңтану		
	Заңшыл		
	арнайы заң		
	іргелі заң		
	үндестік заңы		
<b>Туынды сөз саны</b>	<b>25</b>	<b>14</b>	<b>4</b>

**Сөзжасамдық жұп мәселесін** К.А. Құрманәлиев зерттеді. Ол 2002 жылы «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері» [2] атты докторлық диссертация қорғады.

➤ Сөзжасамдық тізбектегі синтагматикалық қатынас негізінде сөзжасамдық жұп жасалады. Сөзжасамдық жұп – негіз сөз бен одан жасалған туынды сөзден тұратын екі құрамды сөзжасамдық құбылыс.

➤ **Сөзжасамдық жұп саны – 43.**

ЗАҢ → заң актісі; заң → заң ғылымы; заң → заң жобасы; заң → заң жүзінде; заң → заңгер; заңгер → заңгерлік; заң → заңдан; заңдан → заңдандыр; заңдандыр → заңдандырушы; заң → заңдас; заңдас → заңдастыр; заңдастыр → заңдастырушы; заңдас → заңдасу; заң → заңды; заңды → заңдылық; заң → заң-зәкүн; заңды → заңды билік; заңды → заңды құзырет; заңды → заңды мерзім; заңды → заңды

мүдде; заңды →заңды тұлға; заңды →заңды өкіл; заң →заң орны; заң →заң шығарушы; заң →заң сараптамасы; заң →заң кеңесі; заң →заң техникасы; заң →заңдық; заң →заңи; заң →заңқой; заңқой →заңқойлық; заң →заңнама; заңнама →заңнамалық; заңнамалық →заңнамалық норма; заңнамалық →заңнамалық акт; заң →заң жобасы; заң →заңсыз; заңсыз →заңсыздық; заң →заңтану; заң →заңшыл; заң →арнай заң; заң →іргелі заң; заң →үндестік заңы.

9-кесте

Заң сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұя

Түп негіз сөз	1-САТЫ	2-САТЫ	3-САТЫ
ЗАҢ →	заң актісі		
	заң ғылымы		
	заң жобасы		
	заң жүзінде		
	Заңгер	заңгерлік	
	Заңдан	заңдандыр	заңдандырушы
	Заңдас	заңдастыр	заңдастырушы
		заңдасу	
	Заңды	заңдылық	
		заң-зәкүн	
		заңды билік	
		заңды құзырет	
		заңды мерзім	
		заңды мүдде	
		заңды тұлға	
		заңды өкіл	
	заң орны		
	заң шығарушы		
	заң сараптамасы		
	заң кеңесі		
	заң техникасы		
	Заңдық		
	Заңи		
	Заңқой	заңқойлық	
	Заңнама	заңнамалық	заңнамалық норма
			заңнамалық акт
	заң жобасы		
	Заңсыз	заңсыздық	
	Заңтану		
	Заңшыл		
	арнайы заң		
	іргелі заң		
	үндестік заңы		



**Қорытынды.** «Заң» сөзі негізінде жасалған сөзжасамдық ұя құрамына талдау жасау арқылы оның сөзжасамдық әлеуеті анықталды. Негіз сөз бен туынды сөздердің өздеріне тән лексикалық мағыналары оларды жеке-жеке сөз ретінде танытса, негіз сөз бен туынды сөздің мағыналарының жақындығы олардың түбірлес сөз екендігін дәлелдейді. Мәселен, заңсыз туынды сөзінің – «заңға қайшы, сәйкес емес» - деген мағына сөзжасамдық мағына болып табылады. Кеден саласының құқық қорғау аспектілеріне заңсыз есірткі және заңсыз қару айналымдары, халықаралық терроризммен күресу жатады [7, 56].

Талдау жасалынып отырған «Заң» сөзінен жасалған сөзжасамдық ұяның ерекшелігі – ұя құрамына енген 43 туынды сөздің 24-і термин сөз болып келуінде. Бұған түп негіз сөздің бастапқы мағынасының салалық лексикаға биімділігі де себеп болуы мүмкін.

### Әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. –368б.
2. Құрманәлиев К.А. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Мектеп,2002. –276б.
3. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы: Ғылым, 2001. – 257 б.
4. Бейсембайқызы, З. Қазақ тілін (сөзжасамды) модуль негізінде оқыту. – Алматы: Білім, 2001. – 185 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Заң терминдерінің сөздігі (қазақша-орысша және орысша-қазақша) /Құрастырғандар: М. Айымбетов, және т.б. –Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 656 б.
7. Қазақстан Республикасының кеден құқығы: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. –267 б.
8. Әбдиева Ш. Қазақ тілі. Прокурорлық-тергеу факультетінің студенттеріне арналған: Оқу құралы. – Алматы: ҚазМЗА, 2001. –170б.
9. Sagima Sultanbekova, Assel Koshekova, Aigul Bizhkenova, Madina Anafinova, Leilya Sabitova. Development of the educational concept of Kazakh neologisms: methods of identification, criteria and trends for school and university students // Revista ESPACIOS. –Vol. 39 (Nº40). –2018.
10. Каюмова М.А. Теоретические аспекты медицинской терминологии в языке //International Research Journal.–№8 (122). –2022. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2022.122.47>
11. Есімсейтов Б.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер: филол.ғыл.канд.дисс.авторефераты. –Алматы:Мектеп, 2002. –25б.
12. Сөзжасамдық тарам, оның ұя бірліктермен байланысы филол.ғыл.канд.дисс.авторефераты. –Алматы: Білім, 2005. –27б.

13. Қоқышева Н.М. Қазіргі қазақ тіліндегі денемүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер: филол.ғыл.канд.дисс.авторефераты. –Алматы:Білім, 2001. –26б.

14. Шоқабаета С.С. Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы.–№4 (125)/2018. – Б. 136-144.

15. Сапарова К.О.Сөзжасамдық мағына түрлері мен лексикалық мағынаның арақатынасы (еліктеуіш сөз табы негізінде) // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. –№ 4(72)/2013. – Б. 9-13.

16. Anarkul Salkynbay, Nazyken Yegizbayeva, Shaigul Ramazanova, Gaziza Imanaliyeva, Zhazira Abdrakhmanova. Functional Semantics of the Voice in the Kazakh Language // Revista ESPACIOS. –Vol. 38 (Nº 25). –2017.

17. Temirgazina Z., Akosheva M., Shakaman Y., Shaharman A., Kurmanova Z., Kairova M. Metaphors in Anatomical Terminology // Space and Culture, India. – 2019. –P. 143-153. URL: <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.52810>.

### **Б.Р. ЕСИМСЕЙТОВ**

Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре  
Республики Казахстан, город Косшы, Казахстан.

### **Н.М. КОКИШЕВА**

Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан

## **СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ГНЕЗДА С ИСХОДНЫМ СЛОВОМ «ЗАҢ»**

**Аннотация.** В данной статье определяется словообразовательный потенциал словообразовательного гнезда с исходным словом «заң» (закон) на основе анализа словообразовательного гнезда образованного из этого слова. Рассматриваются труды таких ученых, как Н. Оралбай, О. Токкожаева, А. Салкынбай, К. Курманалиев, Б. Есімсейтов, Н. Кокишева, Т. Тохтарова, Д. Куандыкова, изучавших проблему словообразовательного гнезда.

Обязательный элемент словообразовательного гнезда – исходное слово. Исходное слово играет очень важную роль в формировании словообразовательного гнезда, влияет на его строение, смысловые отношения однокоренных слов в структуре гнезда. Оно входит в состав всех производных слов, определяет их значение. На сегодняшний день в качестве исходных слов в гнездах могут выступать: имена существительные, имена прилагательные, имена числительные, глаголы, наречия.

В статье проведен анализ одного из основных концептов юридического дискурса – слова «закон» с точки зрения словообразовательного гнездо. Определяется 43 производных слов из них 24 термины, образованных в

словообразовательном гнезде синтетическим, аналитическим, лексико-семантическим способами словообразования. Выявление синхронного словообразовательного потенциала требует определения объема, глубины СГ. При этом обнаружено, что объем анализируемых СГ и их структура зависят, прежде всего, от объема лексико-семантического пространства исходных слов. Чем более разветвленной системой значений обладает слова, тем более объемно его СГ. Было выявлена также зависимость объема СГ от частотности употребления их исходных слов. Словообразовательный потенциал исходных слов выявляется также по глубине СГ, под которой понимается количество синтагматических, парадигматических единицы в данном конкретном СГ.

Лингвистические данные собраны из Толкового словаря казахского языка, Словаря юридических терминов и Учебного пособия «Таможенное право Республики Казахстан».

**Ключевые слова:** словообразования, словообразовательное гнездо, словообразовательная цепочка, словообразовательная ступень, закон.

**B.R. YESSIMSEITOV**

Law enforcement academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan, Kosshy.

**N.M. KOKISHEVA**

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

#### **THE WORD-FORMATION POTENTIAL OF THE WORD-FORMATION NEST WITH THE ORIGINAL WORDS «ZAN»**

**Abstract.** In this article, the word-formation potential of the word-formation nest with the original word "zan" (law) is determined based on the analysis of the word-formation nest formed from this word. The works of such scientists as N. Oralbai, O. Tokkozhaeva, A. Salkynbai, K. Kurmanaliev, B. Yessimseitov, N. Kokisheva, T. Tokhtarov, D. Kuandykov, who studied the problem of the word-formation nest, are considered.

A mandatory element of the word-formation nest is the source word. The original word, it is commonly called the top, plays a very important role in the formation of the word-formation nest, affects its structure, the semantic relations of single-root words in the structure of the nest. It is part of all derived words, determines their meaning. To date, the vertices in the nests can be: nouns, adjectives, numerals, verbs, adverbs.

The article analyzes one of the main concepts of legal discourse – the word "law" from the point of view of the word-formation nest. 43 derived words are determined, 24 of them are terms formed in the word-formation nest by synthetic, analytical, lexico-semantic methods of word formation. The identification of

synchronous word-formation potential requires the determination of the volume, depth of word-formation nest. At the same time, it was found that the volume of analyzed word-formation nest and their structure depend primarily on the volume of the lexico-semantic space of the source words. The more extensive the system of meanings a word has, the more voluminous its word-formation nest. The dependence of the volume of word-formation nest on the frequency of use of their source words was also revealed. The word-formation potential of the original words is also revealed by the depth of the word-formation nest, which means the number of syntagmatic, paradigmatic units in this particular word-formation nest.

Linguistic data are collected from the Explanatory Dictionary of the Kazakh language, the Dictionary of Legal Terms and the Textbook Customs Law of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** word formation, word-formation nest, word-formation chain, word-formation stage, law.

#### References.

1. Qazırǵı qazaq tılınıń sózjasam júiesi. –Almaty: Ğylym,1989. –368b.
2. Qūrmanǎliev, K.A. Qazaq tılindelı sózjasamdyq úia problema larynyń ğylymi-teorialyq negızderi. Monografia. – Almaty, 2002. –276b.
3. Oralbaeva, N. Qazaq tılınıń sózjasamy: Oqulyq. – Almaty, 2001.
4. Beisembaiqyzy, Z. Qazaq tılın (sózjasamdy) modül negızinde oqytu. – Almaty: Bılım, 2001. –185 b.
5. Qazaq tılınıń tüsındirme sözdıǵı /Jalpy redaksiasyn basqarǵan T.Janúzaqov. –Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
6. Zań terminderinıń sözdıǵı (qazaqşa-oryssa jáne oryssa-qazaqşa) /Qūrastyrǵandar: M. Aiyymbetov, jáne t.b. –Almaty: Jetı jarǵy, 2005. – 656 b.
7. Qazaqstan Respublikasynyń keden qūqyǵy: Oqulyq. – Almaty: Nūr-pres, 2007. –267 b.
8. Äbdieva Ş. Qazaq tılı. Prokurorlyq-tergeu fakültetinıń studentterine arnalǵan: Oqu qūraly. –Almaty: QazMZA, 2001. –170b.
9. Sagima Sultanbekova, Assel Koshekova, Aigul Bizhkenova, Madina Anafinova, Leilya Sabitova. Development of the educational concept of Kazakh neologisms: methods of identification, criteria and trends for school and university students // Revista ESPACIOS. –Vol. 39 (Nº 40). –2018.
10. Kajumova M.A. Teoreticheskie aspekty medicinskoj terminologii v jazyke //International Research Journal. –№8 (122). –2022. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2022.122.47>
11. Esimseitov B.R. Qazırǵı qazaq tılindelı sózjasamdyq tızbekter: filol.ǵyl.kand.diss.avtoreferaty. –Almaty, 2002. –25b.
12. Sózjasamdyq taram, onyń úia birlıktermen bailanysy filol.ǵyl.kand.diss.avtoreferaty. –Almaty, 2005. –27b.

13. Qoqyşeva N.M. Qazırgı qazaq tilindegi denemüşeleri ataulary negızindegi sözjasamdyq üialardyñ sözjasamdyq satylaryndağy tuyndy sözder: filol.ğyl.kand.diss.avtoreferaty. –Almaty, 2001. –26b.

14. Şoqabaeva S.S. Qazırgı qazaq tilindegi «aq» sözınıñ sözjasamdyq äleueti // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy. – №4 (125)/2018.– B. 136-144.

15. Saparova K.O. Sözjasamdyq mağyna türleri men leksikalyq mağynanyñ araqatynasy (elikteuş söz taby negızinde) // Qarağandy universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy.–№ 4(72)/2013. – B. 9-13.

16. Anarkul Salkynbay, Nazyken Yegizbayeva, Shaigul Ramazanova, Gaziza Imanaliyeva, Zhazira Abdrakhmanova. Functional Semantics of the Voice in the Kazakh Language // Revista ESPACIOS. –Vol. 38 (Nº 25). –2017.

17. Temirgazina Z., Akosheva M., Shakaman Y., Shaharman A., Kurmanova Z., Kairova M. Metaphors in Anatomical Terminology // Space and Culture. –India, 2019. –P. 143-153 s. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.52810>

#### **Авторлар туралы мәлімет.**

**Есімсейтов Бауыржан Рақымжанұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әділет кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының доценті, Қосшы, Қазақстан.

**Есімсейтов Бауыржан Рахымжанович** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, советник юстиции, доцент Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, Косшы, Казахстан.

**Yessimseitov Baurzhan Rakhymzhanovich** – candidate of philology science, associated professor, counselor of justice, associated professor Academy of law enforcement agencies under General prosecutor office of the Republic of Kazakhstan, Kosshy, Kazakhstan

**Кокишева Назерке Магазқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

**Кокишева Назерке Магазовна** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусайнова, Астана, Казахстан.

**Kokisheva NazerkeMagazovna** – candidate of Philological Sciences, Docent of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

IRSTI 16.31.41

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.05>

B.S. KARAGULOVA<sup>1</sup> 

S.S. MUKHTAROVA<sup>2</sup> 

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan<sup>1,2</sup>

(e-mail: [Bkaragulova@mail.ru](mailto:Bkaragulova@mail.ru)<sup>1</sup>, [Sandymukhtarova@mail.ru](mailto:Sandymukhtarova@mail.ru)<sup>2</sup>)

## TYPES OF LEXICAL AND GRAMMATICAL TRANSFORMATIONS IN LITERARY TRANSLATION

**Annotation.** This article describes transformation method which is used in literary translation. Transformation is the changes made by translator in the process of making a complete translation. Currently, translations of fiction are increasing every year. In this regard, it is relevant to carry out research aimed at determining features of transformations used by translators during their work with word semantics, lexical-stylistic and grammatical linguistic methods. At the same time, the relevance of this research is to define how important to analyze the comparative linguatranslation of the features of linguistic transformation during the translation of the fiction text from Kazakh language into Russian and English languages. One of the main problems in modern translation studies is to convey the national-cultural features of the original text. For this purpose, an analysis of the historical trilogy “The Nomads” by I.Esenberlin (Russian, English) translations is made in order to determine the transformation types in translation are more usable.

We think that the translations of Russian and English variants are similar, as firstly Kazakh (original) version was translated into Russian and English speaking readers introduce with the novel through Russian language since English variants were translated from Russian. Moreover, Russian language is the bridge between Kazakh and English languages which connects them. In our research we determine that the adequate translation of ethnocultural vocabulary is essential as it reflects the reality and national identity of particular nation, in our case it is the Kazakh nation, moreover it is difficult to keep the peculiarity of the Kazakh language in Russian and English translations. In addition, the result of our research can be used in further study of Kazakh non-equivalent vocabulary, ways of translation, even though in development of dictionaries, glossaries.

**Keywords:** Literary translation, translation methods, transformation, lexical transformation, grammatical transformation, transliteration, calquing, ethnocultural vocabulary.

**Introduction.** Various problems may arise during the translation of different texts, however, many problems arise during the translation of literary texts, that is,

the goal of a literary translator is to convey completely the original text into another language. According to A. Popovich, "the connection in style of origin and translation style should be close even combine and merge. It is the most essential in literary translation." Because of the linguistic and literary differences between original language and target language, translated text always differs from the original. However, translator must take into account that all the losses must be compensated. The translator can freely use transformations in order to fill the losses [1, 98]. The literary text must be considered from the point of view of "style of fiction" concept. The style of fiction is a functional style that serves the ethical range of communication. Previously, in our scientific articles, it was mentioned that the units and tools of all styles are used in a fiction, but by joining of the new system, all elements will have an aesthetic function.

The quality of literary translation depends entirely on the goals set by the translator at the first stage. Three main goals can be identified during translation:

1) to introduce with the work of a well-known author because the reader are not be able to read it because of misunderstanding of the original language. In this case, translator has the following task: to introduce the reader with the features of author's writing style;

2) to introduce the reader with the peculiarities and originalities of the certain culture and nation which the author of the works belongs;

3) to introduce the reader with the book's plot. According to the choosing of the translation specific aim various tasks are set before the translator, and the execution of the translation depends on it [2, 53].

**Methodology and research methods.** Transformations are used when there is no analogue in the target language construction, so it is not wrong to say that it is absolutely impossible to translate the text without transformations. One of the main problems of literary translation is to achieve the adequacy of the translation, that is, to search the methods in order to achieve the adequacy. The lexical and grammatical transformations help to achieve adequacy in translation. Translation transformations take into account the function and context of the text and make it possible to compensate the translational shifts [1, 98].

Widely used types of transformations in translation are:

- lexical;
- grammatical;
- syntactic;
- stylistic.

The use of transformations arises from different levels of language differences. Such differences are called translation difficulties.

In order to save the flavor, meaning and function of cultural and household part the ethnocultural vocabulary is translated by transliteration/transcription. When using this method, the transliterated vocabulary is provided with an explanation in



From these data, we notice that most of the borrowed terms related to applied geometry that entered the Kazakh language have been taken without changes. Also, the geometric borrowed terms were adopted through the Russian language and adopted to the pronunciation norms of the Russian language. Because they represent original names of concepts. At the same time, due to the process of integration and globalization, a large number of foreign words have entered the Kazakh language from European languages, or rather, they are based on Latin, Greek, French, English words, recognized as standard terms, and formed to be used as such.

Borrowed terms of applied geometry are divided into the following thematic groups:

**Names of figures (projection of geometric bodies):** prism (призма), sphere (сфера), trapezoid (трапеция), hexagon (гексаэдр), tetrahedron (тетраэдр), cone (конус), cylinder (цилиндр), parallelogram (параллелограмм), rhombus (ромб), pyramid (пирамида), etc.

**Drawing tools and devices:** protractor (транспортир), compass (циркуль), caliper (штангенциркуль), pencil (карандаш), whatman (ватман), ruler (линейка), ink (тушь), etc.

**Drawing dimensions:** diameter (диаметр), radius (радиус), bisector (биссектриса), center (центр), perimeter (периметр), median (медиана), etc.

**Dimension:** degree (градус), scale (шкала), parameter (параметр), etc.

**Positioning of geometric elements:** parallel (параллель), vertical (вертикаль), horizontal (горизонталь), projection (проекция), coordinate (координата), perpendicular (перпендикуляр), frontal (фронталь), etc.

**Term expressing the concept of process:** projection (проекция), transposition (транспозиция), configuration (конфигурация), approximation (аппроксимация), modeling (модельдеу), etc.

The borrowed complex terms were divided into two groups depending on their structure:

1. The two component terms received from other languages: orthogonal projection, hyperbolic paraboloid, geometry, dodecahedron, logarithm, parallelogram, planimetry, stereometry, topology, etc.

Terms consisting of one component of the borrowed word and another of the original word: hypersurface (гипербет), vertical cylinder (тік цилиндр), axial cross-section (өстік қима), conical surface (конустық бет), etc.

Another important point: the simultaneous use of the Kazakh-language and foreign-language version of the borrowed terms (doublet terms). For instance, analysis (анализ-саралау), disc (диск-делегей), contour (контур – нұсқа, пішін), sketch (эскиз – нобай), dimension (габарит – шегі), dash (штрих – сызықша), etc.

Polynomials exist in geometric terms. For example, when we hear the word meter, we are talking about a basic unit of length measurement or a length meter. The name of the cube indicates both the geometric representation and the third degree of the number. Finally, the function of the terms to fulfill its duty is destabilized without being defined. The phenomenon of antonyms is also found in the system of terms of applied geometry. For example, symmetry–asymmetry.

Borrowed terms of applied geometry can be divided into two parts depending on the addition of word formation suffixes of the Kazakh language.

1. Geometric terms that do not accept the word formation suffixes of the Kazakh language. For example, ватман, транспортир, параллель, etc.

2. Geometric terms that accept word formative suffixes of the Kazakh language. For example, проекциялау, фронталды, функционалды, проективтік, геометриялық, параметрлі, стандарттық, пропорционалдық, стандарттау. That is, they can include such suffixes as –лану, –лену, –тану; –тену, –дану, –дену; –дық, –тық, –тік; –ландыру, –лендіру, –дандыру, –дендіру, –тандыру, –тендіру; –лау, –леу, –дау, –деу, –тау, –теу; –лы, –лі, –ды, –ді, –ты, –ті.

3. At the same time, in the Kazakh language there are terms formed from borrowed affixes such as –к (а), –ация, –изация, –ение, –ание, that corresponds to the noun form of the English endings –ing, –tion. For example, approximation (аппроксимация), projection (проекция), configuration (конфигурация), modeling (модельдеу) etc.

**Conclusion.** In conclusion, as we see in the analysis, the vast majority of terms in applied geometry are borrowed from Greek, Latin, English, German, French through Russian. Due to the development of science and technology, there is a need to borrow terms from other languages, but to adopt these terms to the laws of the native language, to find and maximize the use of alternatives is the main problem of today.

The opinions of the authors for the purity of the Kazakh language in the term – making agree that in the effort to update and revise the register of international terminology one cannot go the way of Russian language, but at the same time it is necessary always to keep in view the internal resources of the Kazakh language in view, using the rich potential in the acquisition of the original Kazakh terminology, which has a rich lexical and theoretical heritage.

### **Literature**

1. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 126 б.
2. Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы: Әлішер, 2008. – 160 б.
3. Mazhitaeva Sh., Rapisheva Zh., Khan N., Ayazbaeva B., Rahymberlina S., Abduyov M. On The Problem Of Loan Terms In Kazakh Terminology. // Life Sci J.–

- 2014.–11(4s): 365-369.  
URL:[http://www.lifesciencesite.com/ljs/life1104s/065\\_23816life1104s14\\_365\\_369.pdf](http://www.lifesciencesite.com/ljs/life1104s/065_23816life1104s14_365_369.pdf)(дата обращения: 02.22.2023)
4. Байтұрсынұлы А. Тілтағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.
6. Ярцева В. Н. Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: Большая российская энциклопедия, 2002. – 709 с.
7. Чэнь Юйпин Иноязычные заимствования в современном русском языке // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2015. – №4 (26). С.86-91  
URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/inoyazychnye-zaimstvovaniya-v-sovremennom-russkom-yazyke> (дата обращения: 07.01.2023) DOI: [10.15293/2226-3365.1504.09](https://doi.org/10.15293/2226-3365.1504.09)
8. Zoe Gavriilidou. Russian Borrowings in Greek and Their Presence in Two Greek Dictionaries. // Proceedings of the XVIII EURALEX International Congress: Lexicography in Global Contexts. – 2018. – 297-307 pp. URL:<https://ebooks.uni-lj.si/zalozbaul/catalog/book/118> (Accessed: 07.01.2023)  
DOI: <https://doi.org/10.4312/9789610600961>
9. Жамбылқызы М., Есалы Д.С. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің бүгінгі мен ертеңі//ҚҰУ Хабаршы Филология сериясы. 2021. – № 4 (184). – 24-32 б.  
DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph3>
10. Baekeeva A.T., Tazhibaeva S.Zh. Translating International Terms for Mining Industry // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия филология. – 2019. – №1 (126). – С.173-182. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-173-182>

#### **Э.А.КЕМЕЛЬБЕКОВА**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

#### **ҚОЛДАНБАЛЫ ГЕОМЕТРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КІРМЕ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ МОДИФИКАЦИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қолданбалы геометрия саласындағы кірме терминдерінің мәселелері қарастырылады. Зерттеу тақырыбына қатысты кірме терминдерді зерделеу, оның қолданбалы геометрия саласындағы қолданысын көрсету, қазіргі қазақ терминологиясының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Қолданбалы геометрия саласына қатысты кірме терминдер қазіргі тіл білімінде ең аз зерттелген мәселелер қатарында екенін де айта кеткен жөн.

Қолданбалы геометрия саласындағы кірме терминдердің семантикалық ерекшеліктері мен қызметін саралау зерттеу жұмысының басты мақсаты етіп алынды. Зерттеу жұмысының нысаны қолданбалы геометриядағы кірме терминдердің семантикасы болып табылады.

Зерттеу аясында мақала тақырыбы бойынша теориялық еңбектер назарға алынып, кірме термині түсінігі анықталып, оған қатысты кірме терминдердің қазақ тіліне енгізудің негізгі кезеңдері жүйеленіп, қолданбалы геометрияға енгізілу себептері дәлелденеді. Олардың жасалу жолдары мен принциптері, қолданылу белсенділігі мен қызмет ету ерекшелігі айқындалады. Сонымен қатар, бұл үдеріске қатысты бірқатар ғалымдардың ой-пікірлері, қазақ терминологиясына қосқан үлестері сөз етілді. Зерттеу барысында 150-ден астам геометриялық кірме терминдер іріктеліп, талданды. Бұл лексемалар сипаттамалық, жүйелеу, статистикалық және корпустық талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу негізінде қазақ тілінің қолданбалы геометриясы саласындағы кірме терминдердің жіктелу барысына, шығу тегіне, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасалынды.

**Түйін сөздер:** кірме терминдер, қолданбалы геометрия, қазақ тілі, терминдердің модификациясы, донор тілі, реципиент тілі.

**Э.А.КЕМЕЛЬБЕКОВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана,  
Казахстан

### **ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЗАИМСТВОВАННЫХ ТЕРМИНОВ ПРИКЛАДНОЙ ГЕОМЕТРИИ И ИХ СЕМАНТИЧЕСКАЯ МОДИФИКАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены проблемы заимствованных терминов в области прикладной геометрии. Выбор темы исследования обусловлен тем, что изучение процесса заимствования терминов, а также их использование в области прикладной геометрии является одной из актуальных тем в современной казахской терминологии. Необходимо отметить, что заимствованные термины прикладной геометрии относятся к наименее изученным проблемам современной лингвистики. Это обуславливает новизну данной работы.

Целью данного исследования является изучение особенностей семантики и функционирования заимствованной лексики в области прикладной геометрии. Объектом исследования является семантика заимствованных терминов прикладной геометрии.

В ходе исследования методом сплошной выборки было отобрано и проанализировано более 150 заимствованных геометрических терминов. Для

достижения поставленных целей были использованы такие методы исследования, как сравнительный и описательный, методы этимологического, семантического и функционального анализа.

В рамках данного исследования были выявлены семантические и структурные особенности заимствованных терминов в области прикладной геометрии, дана классификация заимствованных терминов в казахском языке. В данной статье анализируются теоретические исследования по данной теме и определяется понятие термина «заимствование», выделяются основные периоды внедрения заимствованных терминов в казахский язык, устанавливаются причины проникновения заимствованных терминов прикладной геометрии. Выявляются особенности их активного использования и функционирования.

**Ключевые слова:** заимствованные термины, прикладная геометрия, казахский язык, модификация терминов, язык-донор, язык-реципиент.

#### Әдебиеттер

1. Zhiikbaeva A.B. Terminology of Arabic and Persian words in the Kazakh language. – Almaty: Kazakh University, 2014. – 126 p.
2. Kaliuly B. Actual problems of Kazakh terminology. – Almaty: Alisher, 2008. – 160 p.
3. Mazhitaeva Sh., Rapisheva Zh., Khan N., Ayazbaeva B., Rahymberlina S., Abduyov M. On The Problem Of Loan Terms In Kazakh Terminology. // Life Sci J.– 2014. –11(4s): 365-369.  
URL:[http://www.lifesciencesite.com/lj/life1104s/065\\_23816life1104s14\\_365\\_369.pdf](http://www.lifesciencesite.com/lj/life1104s/065_23816life1104s14_365_369.pdf)  
(Accessed: 02.22.2023)
4. Baitursynuly A. Language training.- Almaty: Native language, 1992. – 446 p.
5. Kurmanbayuly Sh. Kazakh terminology. – Almaty: Sardar, 2014. – 952 p.
6. V. Yartseva. N. Linguistic encyclopedic dictionary. – M.: Great Russian Encyclopedia, 2002. – 709 p.
7. Chen Yuping. Foreign language borrowings in modern Russian // Bulletin of the Novosibirsk State Pedagogical University. – 2015. – №4 (26). – 86-91 pp.  
URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/inoyazychnye-zaimstvovaniya-v-sovremennom-russkom-yazyke>(Accessed: 07.01.2023) DOI: 10.15293/2226-3365.1504.09
8. Zoe Gavriilidou. Russian Borrowings in Greek and Their Presence in Two Greek Dictionaries. // Proceedings of the XVIII EURALEX International Congress: Lexicography in Global Contexts. – 2018. – 297-307 pp. URL:<https://ebooks.uni-lj.si/zalozbaul/catalog/book/118> (Accessed: 07.01.2023)  
DOI: <https://doi.org/10.4312/9789610600961>



9. Zhambylkyzy M., Yessaly D. Current and future state of loan words in the Kazakh language. // Bulletin of KazSU. Philological series. – 2021. № 4 (184). – pp. 24-32. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph3>

10. Baekeeva A.T., Tazhibaeva S.Zh. Translating International Terms for Mining Industry // Bulletin of the L.N.Gumilev ENU. Philology series. – 2019. – №1(126). – pp.173-182. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-173-182>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Кемельбекова Эльмира Абденовна** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Кемельбекова Эльмира Абденовна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Kemelbekova Elmira Abdenovna** – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAMP 16.21.33

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.07>

Қ.К.КЕНЖАЛИН<sup>1</sup> 

\*Ә.А. ДАНИЯР<sup>2</sup> 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail: [kenkk@mail.ru](mailto:kenkk@mail.ru)<sup>1</sup>, [aliya\\_daniyarova@mail.ru](mailto:aliya_daniyarova@mail.ru)<sup>2</sup>)

### \*«БАБЫРНАМАДАҒЫ» ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕР МЕН ТӨЛ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Аңдатпа.** Түркі халықтарына ортақ, естелік жанр үлгісі болып келетін «Бабырнама» қолжазбасында автордың өзі тұрған, саяхаттаған көрнекті жерлер туралы барлық негізгі мәліметтер келтіріледі. Өмірі әскери жорықтар мен жаулап алулармен өткізген Захир ад Дин Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» жазба мұрасында тарихи маңызы бар өмірлік жолын барлық жағынан ашуғы тырысты. Бабыр өз жұмысында сол дәуірдің өмір салтын шынайы түрде бейнелеп жазған және де шығарма мәтінінде өзіне бағытталған үнқатымдар арқылы өмірбаяндық тәсілді қолдана білген.

Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан туралы маңызды ақпараттарға толы бұл жәдігерде авторлық ой-пікір, ғылыми-танымдық түсініктеме де қамтылады. Әрбір бөлім мәтінінің автор тұрғысынан баяндалу түрі анықталып, жалпы мәтін құрылымын кіріспе, негізгі бөлім, ой қорыту сынды жүйеге негіздеуге болады.

Бұл мақалада грамматикалық және лексикалық элементтерді ескере отырып, «Бабырнамада» автор қолданған жай сөйлемдер мен төл сөздердің қызметі, қолданысы мен түрлері айтылып, тілдік талдау арқылы дәйектеледі. Яғни жай сөйлемнің жақты/жақсыз, толымды/толымсыз және атаулы түрлеріне мысал келтіріліп, баяндауыш мүше болған сөздердің жасалу жолдары түсіндіріледі және қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен салыстырылады, төл сөздердің жасалу формасы мен мазмұндық сипаты айқындалады.

**Түйін сөздер:** сөйлем мүшесі, мәтін, оқиға желісі, төл сөз құрылымы, автор сөзі, сөйлеуші сөзі

**Кіріспе.** Бабыр өзінің атақты қолжазбасы – «Бабырнамада» флора мен фаунаға ерекше көңіл бөліп, сондай-ақ аң аулау, балық аулау және ауылшаруашылық әдістеріне қызығушылық танытатын көптеген жерлердің

---

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

сипаттамаларын қамтиды: Ферғана, Трансоксиана және Кабулдың төңірегіне географиялық шолулар, сондай-ақ Үндістанның жиырма беттен тұратын сипаттамасы бар. «Бабырнамада» автор тікелей өмірлік тәжірибесінен тыс қашықтағы оқиғаларды сипаттаған (мысалы, парсылар мен өзбектер арасындағы шайқастар).

«Бабырнамада» түрлі тұжырымдама мен көзқарастар тоғысқан. Ол туралы мынадай пікір бар: «Кросс-мәдени тұжырымдамалар «Бабырнама» мәтінінде маңызды рөл атқарады: олар сол кездегі Орталық Азия халықтарының өмірі мен күнделікті өмірінің маңызды аспектілерін сипаттайды; олар осы этникалық топтардың психикалық ерекшеліктерін, олардың дүниетанымы мен көзқарасын жеткізеді [1, 143].

«Бабырнаманың» тілінде сол дәуірдің тілдік ортасына байланысты сөздер қолданылады, тіл тарихы, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар тұрғысынан көптеген ерекшеліктер кездеседі. Автордың аталмыш жазба мұраны сол дәуірде түркі халықтарына ортақ шағатай тілінде жазып, Темір ұрпақтарының сөйлеу стиліндегі қарапайым, бірақ ерекше пысықталған және рәсімделгенін ескере отырып, «Бабырнама» мәтінін өте көркем, жоғары деңгейде жазылған және көпшілік назарына ұсынылған маңызы бар зор еңбек деп бағаланады.

Бабырдың бұл жазба мұрасының қанша түрлі нұсқасы мен қолжазбалары таралғаны жөнінде келесідей ақпарат келтіре аламыз. 1900 жылға дейін «Бабырнаманың» үш түркі қолжазбасы кеңінен танымал болды:

- 1) Британиялық мұражайдық қолжазбасы;
- 2) Хинди қолжазбасы;
- 3) Н.И.Ильминский қолданған және 1857 жылы шығарған қолжазбасы.

Содан кейінгі уақытта А. Беверидждің табанды ізденістерінің арқасында басқа қолжазбалар да белгілі болды. 1900 және 1902 жылдары А. Беверидж жаңа табылған жазбаларды, хабардарлық айғақтары мен болжамдарды ескере отырып, «Бабырнама» нұсқаларының кең тізімін жариялады. Сол тізімді А.М. Щербактың «Грамматика староузбекского языка» (1962) атты еңбегі бойынша төменгідей тізімді көрсетуге болады:

- 1) түпнұсқа;
- 2) Хаджи Килленнің қолжазбасы;
- 3) Хумаюн қолжазбасы;
- 4) Эльфинстоун қолжазбасы;
- 5) Британиялық мұражайының қолжазбасы;
- 6) Үнді бөлімінің қолжазбасы;
- 7) Бенгал шығыс қоғамының қолжазбасы;
- 8) Mysore MS;
- 9) Bibliotheka Lindesiana MS;
- 10) Хайдаребад қолжазбасы;

- 11) Санкт-Петербург университетінің кітапханасының қолжазбасы;
- 12) Г. Я. Кердің қолжазбасы (Санкт-Петербургтегі Сыртқы істер министрлігі);
- 13) Санкт-Петербургтегі Азия мұражайының қолжазбасы;
- 14) Бұхара қолжазбасы;
- 15) Түркістан Назарбай қолжазбасы (немесе «Сенковскийдің қолжазбасы») [2,42].

Зерттеу жұмысы үшін негізгі дереккөздер ретінде бұл тізімде жоқ 1993 жылы Гарвард университеті тарапынан W.M. Jr. Thackston авторлығымен жарыққа шыққан «Baburnama» (әлемдік түркілік транскрипт, парсыша және ағылшын тіліндегі аудармалары) нұсқасы [3] мен Шен Месут тарапынан Стамбулда 1993 жылы жарық көрген «Gazi Zahirüddin Muhammed Bâbur, Bâburname I Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri)-Açıklamalı Dizin» еңбегін [4], қазақша аудармасы ретінде Қожабекұлы Б. «Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. – Алматы, 1993» атты еңбегін пайдаландық.

Мақаланың мақсаты – «Бабырнама» мәтініндегі жай сөйлемдер мен төл сөздердің синтаксистік құрылымы мен тілдік ерекшелігін анықтау. Сол мақсатқа сай келесі міндеттер айқындалады: жай сөйлемдердің түрлері, сөйлем ішіндегі сөздердің орналасу тәртібі, төл сөздердің құрылымы, ондағы автор сөзінің ерекшелігі және қазіргі қазақ әдеби жазба тіліндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында сипаттама, тілдік талдау, жүйелеу, жинақтау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Бұл зерттеу әдістері «Бабырнамадағы» жай сөйлемдердің құрылымын, атап айтқанда, сөйлем мүшелерінің өзара байланысын, сөйлемге қатынасы мен сөйлемдегі қызметін, мағыналық үйлесімдігін анықтауға және сол дәуірге тән төл сөздердің жасалуы мен мазмұндық сипатын талдауға мүмкіндік берді.

**Талқылау мен бақылау.** Мәтін лингвистикасы аспектісі бойынша баяндау құрылымындағы шығармадағы авторлық өрімнің берілу жолына орай «автор бейнесінің» үш түрі ажыратылады: 1. Автор – жазушы. 2. Автор – әңгімелеуші. 3. Автор – бақылаушы. «Бабырнама» осы үш түрлі авторлық өрім тұрғысынан алғанда автор-бақылаушы элементтерін қоса автор-жазушы формасында баяндалады. Себебі Бабыр оқиғалар желісі мен сипаттама мәтіндерін жазғанда өмірбаяндық позиция тұрғысынан жазушы ретінде әңгімелейді.

Ғалым Қ. Байтанасова «Мәтін теориясының кейбір мәселелері» атты мақаласында көркем мәтіннің баяндалуы тұрғысынан былай дейді: «Баяндау мәтіні құрылымдық жағынан алғанда бейнеленетін әлемнің темпоральді (уақыттық) құрылым деңгейінде алып, қандай да бір жағдайдың өзгерісін білдіреді [5, 29]. Демек, мәтінді ішкі құрылымы мен сыртқы мазмұны

бірлестікте қарастырған жөн. Сол арқылы мәтінді түсініп, авторлық ұстанымды анықтауға болады.

Ө.О. Тұяқбаевтың «Хан жарлықтарындағы қыпшақ тілі ерекшелігі» атты зерттеу мақаласында ғалым хаттар құрылымын бәріне ортақ арнайы шартты формулярмен талдап, төменгідей бөліктерге бөліп көрсетеді: бастапқы бөлім, негізгі бөлім, соңғы бөлім, куәландыру бөлімі [6, 1]. «Бабырнама» жазба мұрасында автор өзінің жазба стилінде жоғарыда атап өткен негізгі бөліміне қатысты мән-жайдың баяндамасы, хабарлама, ашық баяндама (narratio) түрін қолданады. Оған мысал ретінде мына бір сөйлемдерді келтіре кетейік:

Duṣamba kuni Askaṛī, kim safar qılıp ċiqip edi, kelip hammamda ruxsat alıp ṣarqqa köċti.

Siṣamba küni Dolpūrda buyurğan hawd u ċah 'imāratlarını körä bardım. Bir pahar va bir garida bāğdın atlandım. Keċäning avvalqı pāsıdın beṣ gari bolup edi kim Dolpür bāğğa barıldı.

Panjšamba küni aynıng on biridä sangin Cah va yegirma altı taṣ tarnāw va taṣ sutün va yakpāra qayadın qazılğan arıqlar tayar bolup oṣbu küning üd paharidin Cahdın su tartmaq bunyād boldı.

Adina küni avvalqı paharğa bir gari qalıp edi kim Dolpürdın atlandı. Aftāb hanüz olturmaydur edi kim daryādın keċildi [3, 751].

Байқап отырғанымыздай бұл жерде сөйлемдердің мазмұндық реттілігі сақталған. Атап айтқанда, апта күндеріне сай әр баяндама сөйлем өз ақпаратын жеткізеді. Автор дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі және жұма күндері болған оқиғалар мен жайттарды баяндайды.

Ғалым Г.Ф.Благова өзінің ғылыми мақаласында берілген жазбадағы жай сөлемдердің құрылымдық ерекшелігі жөнінде былай дейді: «Бабырнама тілінде біз толымсыз сөйлемдердің келесі түрлерін байқай алдық: 1. Диалог ішіндегі өзара байласымды үнқатымдарды көрсететін толымсыз сөйлемдер; 2. Құрмалас сөйлемдердің құрамына кіретін толымсыз сөйлемдер; 3. Толық емес сөз формаларын немесе толық емес тіркестерді қамтитын сөйлемдер» [7, 60].

Осы аталған типтердің мағынасы мен қызметін ашу үшін төмендегідей мысалдар келтірейік:

1. Бабырнамада кездесетін диалогтер құрылымында жауап үнқатымдары толымсыз. Алдымен, әдеттегідей, диалог басталмай тұрып, оның қатысушылары туралы мәлімет келтіріледі:

Bir kün Isfedak qorğanıda jam'fiċkilä-misl-i Dost Näṣir, Noyan Kukáldas, Xan-Qult Karimdad, Sayx-Darves, Xusraw Kukaldas, Mirim Näsir...bari hadir edilir, Mening qadimda olturup edilär. Har tarafdın söz ötädür edi. Dedim kim «Keling ayting, kim Tengri rast keltürsä Samarqandni qaċan alğay biz?» Ba'zi dedilar kim «Yazğa alğay biz». Ol mahall keċ küz edi [3, 168]. Қаз.: Бір күні Исфидүк қамалына тонның ішкі бауындай жақын бектер: Дүст Насыр, Ноян Көкелтас, Хан Күли, Кәрім Даданың ұлы шейх Дәруиш, Хұсрау Көкелтас, Мірім Насыр жиналды.

Олармен әр түрлі мәселеден әңгіме құрдық. Сонда мен: «Сіздер не дейсіздер, біз Тәңірдің қолдауымен Самарқандты қашан аламыз?» дедім. Кейбіреулер: «Жазда аламыз», – деді. Ол кезде суық күз еді [8, 104].

Бірінші сұхбаттасушының сөздерінде толыққанды сөйлем мүшелері қатысып тұр. Ал оған жауап ретіндегі үнқатымдары – толымсыз сөйлемдер. Демек, әңгімелесушінің сұрағында және сұхбаттасушының жауаптарында белгілі синтаксистік параллелизм бар. Келесі мысалда сөйлеушінің сұрағына жауап сұрақ түрінде беріледі. Яғни жауап «қайсы» деген сұрау есімдігі қатысқан анықтаушы сұрақтан тұрады:

Dağı dedi kim «Bu sözlärni unutung». Mirza fi'l-hal ayttı kim «**Qaysı sözlärni?**» Ali-Ser Beg bisyär muta'assir bolup kör uğladı [3, 83]. **Қаз.:** Әлішер бек Мырзаның құлағына сыбырлап: «Бұл сөзімді ұмыт», – депті. Мырза сол сәтте: «Қайсы сөздерді?» - депті. Мырзаның сөзіне қайран қалып, Алишер бек көп жылады.

2. Автордың жазбасында жалғаулықтарсыз салалас құрмалас сөйлем құрамында толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады. Яғни салаластың құрмалас сөйлемнің екінші бөлігінде, әдетте, баяндауыш мүше түсіп қалады, сонда алдыңғы бөліктегі етістік осы екі сөйлемге қатысты ортақ мүше болады [7, 61]: Samarqand muyassar bolsa bir mirzā Samarqandta olturğay, yana bir mirzā Hişārda [3, 115]. **Қаз.:**Егер Құдай (бізге) Самарқанд берсе, біреуіміз Самарқандқа отырсын, ал екіншіміз – Хисарға. Ba'zi majlisda Sayxu'l-Islām Qādi Ixtiyār uoqqari olturur edi, ba'zi majlisda bu [3, 373]. Кейбір жиналыстарда Сайхул-Ислам Қади Ихтияр жоғары отырды, кейбір жиналыстарда – бұл (жерде отырды).

Ал бұл мысалда екі мүше – пысықтауыш пен баяндауыш түсіп қалған. Демек, жоғарыда келтірілген мысалдардың әрқайсысының екінші бөлігінде баяндауыш кездеспейді, тек алғашқы бөлігіндегі баяндауыш екі бөлікке де ортақ боп келеді.

3. Бабырнама мәтінінде географиялық сипаттамаларда (мысалы, Ферғана, Үндістан жерінің туралы сипаттамалар), атап айтқанда, Үндістанның нақты фаунасы мен флорасына қатысты көптеген сөйлемдерде баяндауыш формасы күрделі есімді баяндауышпен беріледі [7, 62]. Мәселен: Aşlığ vāfir, mevāsī farāvān, qavun üzümü uaxsı bolur [3, 3]. **Қаз.:** Мұнда [Әндіжаңда] астық та, жеміс те, молшылық, қауын мен жүзім де жақсы болады.

Яғни берілген мысалдағы сөйлем – бірыңғай мүшелері бар толымсыз жай сөйлем және мұнда «жақсы болады» – күрделі баяндауыш.

«Бабырнама» шығармасының синтаксистік құрылымындағы кейбір ерекшеліктерді бақылай келе, мұндағы жай сөйлемдердің ерекшелігіне тоқталуды жөн көрдік. Себебі аталмыш қолжазбада саны жағынан қазіргі қазақ тіліндегі салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерге қарағанда жай сөйлемдердің қолданысы көбірек. Атап айтқанда, жай сөйлемнің жақты/жақсыз, жалаң/жайылма, толымды және толымсыз түрлері кездеседі.

Мәселен, «Бабырнама» туындысы автор Бабырдың мынадай сөйлемінен басталады:

Ramadân ayi tarix-i sekiz yüz toqsan toquzda Farğana vilâyanda on iki yašta râdişâh boldum [3, 3]. **Қаз.:** Сегіз жүз тоқсаныншы жылдың рамазан айында он екі жасқа қараған шағымда Ферғана уәлаятының билеушісі болдым.

Берілген жай сөйлем – жақты, жайылма, толымды. Яғни сөйлем мүшелерінің барлығы қатысқан. Бірыңғай мүшелі түрлі мазмұндағы жай сөйлемдер де «Бабырнамада» жеткілікті. Мәселен:

1. Oşbu hālatta sekiz kişi qalıp édük, Dost Nāşir, Qambar-'Ali-i Qāsim Beg, Xan-Quli Buyan-Quli, Mirzā-Quli Kukāldaş, Şahım Nāşir, 'Abdul-Quddus Sidi Qara, Xwāja Husayni, sekizinci men edim [3, 233]. Бұл сөйлемде автор өзін қосқанда осы сәтте 8 кісі екенін айтып, қалған 7 адамның аттарын атап өтеді.

2. Golda mening ong qolumda Qāsim Kükāldaş, Xusraw Küküldaş, Sulţān Muhammad Dulday, Sāh Mahmud Par«v»ānaçi, Qul-Bāyazid Bökävül, Kamal Sarbatçi. Sol qolumda Xwaja Muhammad Ali, Dost Nāşir, Mirim Nāşir, Bābā Şerzā «d», Xan-Quli, Vali Xizānaçi, Qutlugqadam\* Qaravul, Maqsud Suçi, Bābā Sayx [3, 443]. **Қаз.:** Менің оң қолымда – Қасым Көкситас, Хусрау Көкелтас, Султан Мұхаммед Дұлдай, Шаһ. Махмут паруанашы, күл Баязид бақауыл, Камал Шарбатшы, сол қолымда – Қожа Мұхаммед Әли Дұст Насыр, Мірім Насыр, Баба Ширзад, Хан Құли, Уәли Қазынашы, Құтлық Қадам қарауыл, Мақсұт сушы және Баба Шейх болды [8, 244].

Географиялық сипаттау мәтіндерінде таулар мен өзен-көлдер, қыраттар мен жоталар, елді-мекен мен бау-бақшалар жиі кездеседі. Соның ішінде келесі мысалда өзен атаулары бірыңғай толықтауыш мүше ретінде келтіріледі:

3. Bu alti daryādın özgä daryalar, misl-i Jawn va Gang va Rapt va Gümti «va» Gaggar va Sarū va Gandak va yana qalın daryālar dur kim barı Gang daryāsığa qatılıp Gang oq atanur [3, 582]. **Қаз.:** Үндістанда осы алтыдан басқа өзендер бар, мысалы, Джунг, Канг, Рахаб, Хумти, Гагар, Сиру, Гандак және тағы басқалар Ганг өзеніне құйылатын және Ганг деп аталатын көптеген үлкен өзендер бар.

Келесі мысалдан жай сөйлемнің толымсыз түрін көре аламыз: Samarqand şahrı 'ajab āğāsta şahrı dur [3, 97]. **Қаз.:** Самарқанд – ғажайып гүлдендірілген қала.

Төл сөздің құрамында кездесетін жақсыз сөйлем: «Yürlimäk kerak» [3, 181]. **Қаз.:** Кетуіміз керек.

«Бабырнамада» көмекші етістіктер негізгі етістікпен бірге жазылып берілген. Яғни *tugur* көмекші етістіктің *-tur* түріндегі формасы негізгі етістікпен бірге жүреді. Мәселен: ..bizdin bexabar şerigläp kelip Bārān vaqasida **olturuptur** [3, 257]. **Қаз.:** Баран өзенінің жағасында тұрғанын білдік. Бір yanı тағning dämanası vāqi' **boluptur** [5, 261]. **Қаз.:** Ол барлық жағынан таулармен қоршалып тұр.

Қазіргі қазақ тілінде «түр» қалып етістігі негізгі етістікпен тіркесіп бөлек жазылады. Ә.Бахадүрдің «Түрік шежіресінде» де «түр» көмекші етістігі бөлек

жазылады, бірақ «түрүр» формасында беріледі. Мысалы: Иігірма нұсха бітіб түрүр [9, 223].

Бабыр барлық оқиғалар мен жағдаяттарды егжей-тегжейлі сипаттап-суреттеу үшін немесе қысқа қайыру үшін қарапайым сөйлемдерді қолданады. «Бабырнамадағы» сөйлемдер көп жағдайда жай және құрмалас сөйлемдерге ажыратылмаған. Яғни күрделі ойлар бірнеше жай сөйлемдермен құралып, бағыныңқы етістіктен кейін үтірсіз немесе қысқа-қысқа жаңа сөйлемдермен жазылып ажыратылады. Ең басты ерекшелігі баяндау форматындағы автордың автобиографиялық элементі бар жазба мұра болғандықтан сөйлемдердің көпшілігі бірінші жақтан баяндалады және жай сөйлем түрғысынан бастауышы жасырын тұрған (біз, мен) жақты сөйлемдермен беріледі:

1. Boyandın yazdım. Adına küni auning yegirmä biridä Bādām Caşmağa tustuk [3, 517].

2. Qorğandqıların köz tuttuk [3, 417].

Оның үстіне үшінші жақтағы бастауышы (ол, олар) жасырын тұрған жай сөйлемдер де жиі ұшырасады. Мысалы: Kābulğa kelgändäöldi [3, 429]. **Қаз.:** Кабулға келгенде өлді. Özining va yana neça begunāh pādišāhzādaların olmākiga sabab boldı [3,45]. **Қаз.:** Өзінің және бірнеше бейкүнә падишаһтардың өліміне себеп болды.

**Атаулы сөйлемдер.** «Бабырнаманың» үшінші бөлімінде автор Үндістанды сипаттай келе, атаулы, яғни тезис-анықтамалық түріндегі сөйлемдерді жиі қолданады. Сол сөйлемдерге байланысты автор жазбаларындағы ең жиі кездесетін есім сөйлемдердің зат есімді атаулы сөйлемдеріне мысал келтірейік.

Алғашқы зат есімді атаулы сөйлемдер бойынша автор лауазымы биік тұлға жөнінде немесе қала мен жергілікті мекен атауларына, жан-жануарлар мен құстарға сипаттама берілгенде, атаулы сөйлемдер жиі қолданылады. Мәселен, Сұлтан Ахмед Мырза туралы ақпарат берген кезде мынадай атаулы сөйлемдер көрсетілген:

Vilādat u nasabı. Дүниеге келуі мен шыққан тегі

Şakl u şamāyılı. Сырт келбеті

Axlāq u atvāri. Мінезі мен әдеті

Maşāfları . Соғыстары

Vilāyātı. Балалары

Awlādı. Иеліктері

Xavatın u sarāri. Әйелдері мен канизактары [3, 35-39]. Көріп тұрғанымыздай, барлығы зат есімді атаулы сөйлемдер. Сондай-ақ «Бабырнамадағы» атаулы сөйлемдерге тән ерекшелік – сол сөйлемдердің dur/tur сөзімен аяқталуында. Бұл көмекші етістік көп жағдайда зат есім мен сын есіммен тіркесіп келеді және қазіргі кездегі «бар» көмекші етістігінің қызметін



атқарады: Yana bir ördäk tur. Тағы бір үйрек бар. Yana bir koyal dur. Тағы бір қуил құс бар [3, 603].

«Бабырнаманың» мәтін ішіндегі сипаттау сөйлемдерінде де, соның ішінде жай да, салалас құрмалас сөйлемдерде де «еді» көмекші етістігі жиі жұмсалады. Жай сөйлем еді етістігімен аяқталса, салаластың алғашқы жай сөйлемі де, екінші жай сөйлемі де «еді»-мен аяқталады.

Ahmad Hāji Beg yaxsi topçaqlar saxlap minār **edi**. Bu topçaqlar aksar xānazādi **edi**. Agarçi mardāna kişi **edi**, sardarlıqı mardānalıqı dek emas edi. Berarva kişi **edi**. Is-küçini nökar-südüri sar u sāmān qılur **edi**[3, 43].

Жай сөйлемдердің бірыңғай «еді» көмекші етістігімен аяқталуы: Yana bir 'Abdul-Karim Afrit edi. Uyğur edi. Sulţān-Ahmad Mirzā qaşida eşik-aqa edi. Saxı u mardāna kişi edi [3, 45].

Бол етістігіне қалау райының **-ғай, -гей, -қай, -кей** жұрнақтары арқылы жасалған жай сөйлемдер қалау мәнде емес, етістіктің өткен шақ мәнін білдіреді, атап айтқанда қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің ған/ген/қан/кен жұрнақтары мағынасында: Qorğandın daryā bir oq atım **bolğay**[3, 7]. (Сейхун өзені) қамалдан жебе (оқ) атым жерде болған. Бірақ қалау мәнінде де бірнеше рет кездеседі. ..kim Xwāja Mawlānā Qadi bolğay, bu naw xatlar kelip mundaq ihtimāmlar bilä tilägäylär, ne köngül bilä kişi **turğay**?[3, 109]. **Қаз.:** Маулана-и Қазиден жоғарыда айтылғандай зарлы да, жалынышты сәлем хаттар келіп, сай-сүйегімді сырқыратты. Мұндайда адам қалай шыдап тұра алады? [6, 76]. Бұл жерде -ғай жұрнағы сұраулы сөйлемде қалау мәнінде, ауыспалы келер шақ мәнінде жұмсалған. Neçä jihatdin mumkin emas edi kim alarga **berilğay** [3, 107]. **Қаз.:** Бірнеше себептерге байланысты оларға берілуі мүмкін емес еді. Берілген мысалды қарайтын болсақ, «беріл» жіңішке буынды етістікке жуан «ғай» жұрнағы жалғанып тұр. Яғни сол дәуірде сөздерге қосымша жалғанғанда сингорманизм заңы аса сақталмаған. Көптік жалғаулардың, қалау райының жұрнақтары т.б. тек жуан формасында қолданылуы сол заманда жазба тілдің нақты әдеби нормасының болмағанын білдіріп, Бабырдың сөйлемдеріндегі сөздерге тән құбылыс екенін атап өткен жөн.

«Бабырнама» тілінің тағы бір ерекшеліктерінің бірі – кейбір сөйлемдердің баяндауыштарының көптік жалғаумен аяқталуы. Яғни етістіктің көпше түрі негізгі етістікке (үндестік заңы сақталмаған, жіңішке буынды сөз болсын, жуан буынды сөз болсын) -лар жалғауы арқылы берілген. Xanlar Tambalning so[ng]ča oq kelip Andijānning navahisiga **tuştilar** [3, 219]. **Қаз.:** Таңбалды өкешелеп келген хандар Әндіжанның қасына қос тікті [6, 129]. Xanni körgān zaman oq manga kirgan yerliini Kiçik Xanğa **berdilar**[3, 219]. **Қаз.:** Хан маған қараған жерлерді Кіші ханға беріпті. Dih kuja u diraxtān kujā? masalnu ğalibā Axsüçün **aytıpturlar** [3, 9]. **Қаз.:** «Ауылы қайсы, ағашы қайсы» деген мәтел Ахсикент туралы айтылған болу керек [8, 24]. Қазіргі қазақ тілінде -лар/-лер

формасы көпше түрде етістікке жалғанбайды. Көптік форма бастауыш арқылы анықталады. Мысалы: **Олар** осы жерге гүл екті.

Үндестік заңының сақталмауы – сол дәуірдің (XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр 30 жылдарына дейін) сөйлеу стиліне тән құбылыс және бұл авторлық биографиялық сипаттағы шығарма болғандықтан Бабырдың жазу стиліне, мәтін түзу дағдысына байланысты боп келеді. Себебі Әбілғазы Бахадүрдің «Түркі шежіресінде» (1665 ж.) көптік жалғауының -лар/-лер формасы үндестік заңына бағынып жазылған, бұл Бабырдың заманынан бір ғасырдан кейінгі кезеңде әдеби жазба стилінің қалыптаса бастағанын және автордың сингорманизм заңына бағынғанын аңғаруға болады.: «Түркі шежіресі»: Ерсары бірлән Хорасан Салуры аралаш олтүрүб ерділер. **Қаз.:** Ерсарымен Хорасандағы Салүр (жұрты) аралас отыр еді [8, 36].

Ал Сайф Сараидың «Гулистан бит-турки» жазба мұрасында үндестік заңына бірде бағынған, бірде бағынбаған тұстары кездеседі. Мәселен, 1. bu sözni vezirden sultan nedimleri işitip vezir bilen bir bolup sultanga medh ve du'a **kıldılar**[10 12]. 2. aning bocadaş-ları hased iltip töhmet itip sultan hidmatında қанна tanuқluқ**birdi-ler** [10,15].

Мәтін ішіндегі сөйлемдерде көпше формалы баяндауыштардың қатар келуі де жиі байқалады. Яғни бірінен соң бірі жалғасып кетеді. Bes-altı ming kişi Ibrahimning yaқınıda bir yerdä oқ qatlğa **yetiptürlar**. Ozga har yerda Elginläрни bu ma'rika on beş-on altı ming taxmin qılır **edük** [3, 571].

Тағы бір ерекшелік – мәтін ішіндегі бинарлық қарама-қарсылық сөйлемдердің ұшырасуы. Атап айтқанда, сипатта мәтін құрамында «болар/болмас» етістіктері арқылы қатар келген сөйлемдер көрініс тапқан. Мысалы Бұхараны сипаттай келе, автор мынадай сөйлемдер келтіреді: Qavuni bisyar yaxsi **bolur**. Māvarānahrda Buxärä qavuniča көр va хüb qavun **bolmas**. Agardi Fargāna vilayatıdın Axsining bir naw qavuni kim Mirtimūri derlär muning qavunıdın şucükraқ va nazukraқ **bolur**, vali Buxārāda harjins qavundin көр bolur, yaxši **bolur**. Yana ālü-yi Buxäri maşhür dur. Buxärä alūsı dek ālü heç yerda **bolmas**[3, 99].**Қаз.:** Қауыны дәмді болады. Мауараннахрда Бұхараның қауынындай тәтті қауын ұшырасқан емес. Фергана аймағында, Ахсикентте қауынның Мір Темір деп аталатын түрі бар, бұл Бұхара қауынынан тәтті де, жұмсақ болады, дегенмен, қауынның түрі де көп, әрі дәмді болады. Бұл жердің алхорысындай дәмді алхоры өзге жерде ұшыраспайды [8, 71].

Бабыр жай сөйлемнің құрамындағы сөздерді байланыстыру үшін шылауларды, атап айтқанда жалғаулықтарды қолданады.Шарттық жалғаулықтар: Kābuldin bir күnde andaқ yerge barsa bolur kim hargiz qar yaғmas. İki sā'at-i nuјūmida andaқ yergä barsa bolur kim hargiz qarı öksümäs, magar ahyānan andaқ yaz kelgäy kim qar qalmaғay [3, 266].Кабулдан шығып бір күн жол жүрсе, өмірі қар түспейтін алқапқа баруға болады. Екі сағат түнеп барса, өмірбақи қары азаймайтын жерге жетесіз, дегенмен кейде жазда қар

болмайды. Qışlar har qaçan balıq kerak bolsa bu duqurlarning birini aşıp qırq-ellig balıq bir zamanda keltürürlar [3, 297]. **Қаз.:** Қыстың күні балық керек болғанда бұл шұңқырдың бірін ашса, қыры-елу балық ұстайды.

«Және» жалғаулық шылауының бір сөйлемде бірнеше рет қолданылуы қолжазбада өе жиі кездеседі. Яғни автор «va» (және): Özgā va atqa ašliğ va xas tarılmas edi. Kentlär muğayarat u munāfarat jihatidin yağlıqqa va oğurluqqa va rahzanlıqqa yüz qoyup edilär [3, 633].

Ғалым А.Иыкылмаз «Бабырнамадағы» зат есім-етістік тәуелді сөйлемдердің қолданылуы мен темпоралдық функциялары туралы» мақаласында -ғас, -gali, - gunça, -(x)p, -a/-y, -may формаларымен жасалған етістіктердің қызметін анықтайды [11, 1244]. Басқаша айтқанда, адвербаға және етістікке тәуелді сөйлемдер негізгі сөйлемнің мағынасын әртүрлі жолдармен толықтырады, мысалы, уақыт, жанр, себеп, мақсат және т.б. Демек, «Бабырнамада» автор өз сөйлемдерін мезгілдік, себеп, мақсат мәнде түзе біледі: 1. Bu **xabarlar kélgeç** Andican üstige atlanduq [3, 215]. **Қаз.:** Бұл хабарлар келгенше Әндіжанның үстіне аттандық.

Бұл жерде мезгіл-уақытты білдіретін -geç етістік формасы – қазақ тіліндегі мезгіл көсемшенің -ғанша/-генше жұрнақтарымен сәйкес келеді. 2. **Oyғанғунча** aš bışurup bir kuza çağıр qılıptur [3, 529]. (Біз) ояңғанша ол тамақ пісіріп, шарап дайындады.

Жоғарыдағыларды түйіндей келе, Бабырдың жазушылық шеберлігі «Бабырнама» мәтінінен айқын көрінеді. Тілдік талдау арқылы әртүрлі құрылымды сөйлемдер мен конструкцияларды, жер-су, елді-мекендер және жан-жануарлар мен құстарды әңгімелейтін сипаттау мәтіндерді, сөйлем мүшесі болатын сөздердің формалық және қызметтік сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

**Төл сөздер.** Төл сөз құрылымына қарай автор сөзі және кейіпкердің сөзі деп екіге бөлінеді. Автордың сөзі – төл сөзге тікелей қатысты сөйлеу етістігі бар құрылым (айту, сұрау және т.б.). Яғни автор төл сөздің алдында түсіндірме немесе анықтаушы сөйлем келтіреді. Автор сөздерінде егер сөйлеу етістігімен бірге жүретін етістіктер – есте сақтау, ренжіту және т.б. болса, сөйлеу етістігі болмауы мүмкін. Автордың төл сөздегі атқаратын рөлі оның бұл сөздердің кімге, қандай адамға қатысты екендігін көрсететіндігімен шектеледі. Автор сөздері басқа кейіпкер сөздерінің алдында (төл сөздің алдында), кейіпкер сөздерінен кейін (төл сөзден кейін) және кейіпкер сөздерінің ішінде (төл сөз ішінде) орналасуы мүмкін. Кейіпкерлердің сөздері – бұл төл сөздер. Автордың сөздері мен кейіпкердің сөздері шынайы өмірде интонация арқылы, ал хатта – қос нүкте, сызықша және тырнақша арқылы айқын ажыратылады.

Ғалым Элиза Лувьоның зерттеу еңбегінде төл сөзге қатысты ой былай беріледі: «Бүт ешқашан өз оқырмандарына шынымен объективті болып көрінбеуі мүмкін: Ол қаншалықты жеке тұлға болуға тырысса да, оның

оқырманы сөзсіз осылай жазатын ресми хатшының бейнесін жасайды және бұл ресми хатшы ешқашан барлық құндылықтарға бейтарап болмайды, автор қаншалықты шынайы болса да, оның әр алуан жұмыстары әртүрлі нұсқаларды, нормалардың әртүрлі тамаша үйлесімдерін білдіреді. Жеке хаттар әр корреспондентпен әртүрлі қарым-қатынасқа түседі және әр хаттың мақсатына байланысты болады» [12, 102]. Бұл пікірде ғалым төл сөз ішіндегі үйлесімдік, мазмұндық сипат және автор мен оқырман арасындағы байланыс жөнінде сөз етеді. Оның үстіне ғалым Э. Лувью төл сөздің мазмұндық көрінісі мен коммуникативтік қызметіне орай мынадай мәселелерді қамтиды.

**Архетиптік субъектілік.** Төл сөз, әдетте, дискурсивті түрде тұжырымдалады, сондықтан субъективтілік пен интерсубъективті маркерлерге толы болады. Бұл тараушада автор кейбір маңызды маркерлер (интерсубъективті), атап айтқанда, аксиологиялық терминдер, тұлғаларға сілтемелер және прагматикалық маркерлерді қарастырады [12, 127].

Аксиологиялық терминдер – бұл бағалау пікірін білдіретін сөздер (көбінесе зат есімдер мен сын есімдер). Біздің зерттеу мәтінімізде осы аксиологиялық терминдер өзіндік қызмет атқарады. Себебі «Бабырнамада» Бабыр мәтінін түзгенде, әсіресе, жер-су, қоршаған орта, белгілі бір заттар мен адамдарды сипаттағанда зат есімдер мен сын есімдерді өте ұтымды қолданады.

**Мәтіндік дауыс және жеке көзқарас мәселесі.** Тікелей сөйлеу мен шынайы сөйлеу арасындағы жалпы шатасушылық мәтіндерді түсіндіру үшін ауыр зардаптарға әкеледі. Осындай салдардың бірі – тікелей сөйлеу табиғи түрде баяндаушының дауыстарынан басқа дауыстарды ұсынуға қызмет етеді деген сенім. Шындығында, шындықтан ештеңе алыс болуы мүмкін емес. Әрине, кейбір мәтіндік дәстүрлерде жеке кейіпкерлердің дауыстары бір-бірінен және баяндаушының дауысынан күрт ерекшеленеді: автор әр дауысқа өзінің ерекше тұлғасын беру үшін қайталанатын сөз тіркестерін немесе әртүрлі регистрлерді және тіпті әртүрлі диалект формаларын қолданады [12, 174]. «Бабырнамадағы» кейіпкер дауысы автор баяндап отырған тарихи оқиға қатысушы тұлғалармен айқындалады. Яғни оларға хан, шейх, мырза, жауынгер, қолбасшы, бектер т.б. жатады.

Бабыр «Бабырнамада» болған оқиғалар желісін әңгімелегенде шынайы сол сәттегі іс-әрекетті жеткізу үшін диалогтік тәсіл арқылы төл сөздерді қолданған. Яғни автор ретінде төл сөзге кіріспе беріп, содан кейін кейіпкер сөзін, яғни сөйлеушінің сөзін келтірген. «Бабырнамада» көп жағдайда автор сөзі Бабырдың өзі болғандықтан ол тікелей қатысып, адресант пен адресат арасындағы байланысты орнатады. Сондай-ақ төл сөздердегі автор сөзін жазушы да өзі, айтушы да, яғни сөйлеушінің сөзін де өзі сөйлете жеткізе білген Бабырдың бұл қолжазбасындағы сөздердің қолданылуы осындай сипатымен ерекшеленеді. Төл сөзге қатысушылардың мінез-құлқы, көңіл-күйі мен хал-

жағдайы олардың сөздері, сұрақ-жауап түріндегі сөйлемдері арқылы танылады.

«Бабырнама» мәтініндегі төл сөздердегі бірінші ерекшелік – автордың *kim* сөзін қолдануы. Яғни автор сөзі ретінде етістікпен тіркесе келе, төл сөздің – сөйлеуші сөздерінің алдында беріледі. Екіншісі – «деді, айтты т.б.» қимыл-әрекетті білдіретін автор сөзінің төл сөздің алдында келуі. Мәселен: *Axir mundaq sargardānliqtin va bu nawbexānumanliqtin jānga\* yettim. Dedimkim* «Mundaq dušvärliq bila tirilgüncü baş alıp itsām yaxsı, bu naw' xwārliq va zarlıq bila el bilgünča ayaqım yetkinča ketslim yaxsı» [3, 205]. **Қаз.:** Ақырында үйсіз-күйсіз мына сенделіп жүрісімнен әбден қажыдым, жүйкем жұқарды. «Осылай жұртқа кезтүрткі болып, бас иіп қорланғанша, бас ауған жаққа, көз көрмес, құлақ естімес жерге кеткен жөн болар», - деген ойға келдім [8, 122]. Салыстырмалы түрде «Гулистан бит-турки» қолжазбасындағы төл сөздерде де сондай құрылым көрініс тапқан:

Sultan **sordi kim** ol ölümli kişi ni  
aytur vezirlerden bir 'aқil vezir aytı sultan  
yaşı uzun bolsun bu miskin aytu [9, 9].

Бабыр әрдайым төл сөздің алдындағы шағын түсіндіруге ерекше көңіл бөледі. Яғни төл сөздің мазмұны түсінікті болу үшін кіріспені ұғынықты етіп береді. *Bir axşam çārbāğda divānхānada olturup edim kim keč namāz-i xuftanda yandın Mūsā Xwāja yana bir kişi bilä ildam kelip qulaqımға aytı kim* «Muğullar tahqiq yaғıqmaқči boldılar. 'AbdulRazzaq Mirzāni özlariga qoşarnı tahqiq bilmädük. Bularning ham oşbu axşam yaғıquri jazm emäs edi» [3, 459]. **Қаз.:** Бір кеште мен шарбақта, диванханада отырдым. Түнде, ұйқыға дейін дұға ету кезінде Мұса Қожа мен тағы бір адам тез жақындап, құлағыма: «Моғолдар шынымен бүлік шығаруды ұйғарды. Олар Абд-ар-Раззак мырзаны өз жағына тарта алды ма, жоқ па, білмедік; олар бүгін түнде көтеріліс болады ма, жоқ па деп әлі шешкен жоқ».

Бұл жерде оқиға алдындағы іс-әрекет пен мезгілді кіріспе сөйлеммен бастау алып, төл сөзбен ұласады. Келесі мысалда автор нақты жағдайдың орын алған күнді, мезгілді кіріспе арқылы келтіріп, кейіннен сөйлеушінің сөзін жеткізеді:

*Sišamba kuni auning on toquzıda tüş qaytla Xwāja Siyārān sayrıға atlanıldılar. Bu kün roza edim. Yunus 'Ali «va» alar ta'ajjub qılıp dedilär kim «Sisamba kuni va siz va roza? Bu ğarīb tur». Bihzādға kelip qādīsining uyıға tüşüldi. Kečäsi suhbat angezi boldi. Qādi 'ardға yetkürdi kim «Mening üyümdä mundaqlar bolğan emäs. Pādišāh hākim durlar»* [3, 499]. **Қаз.:** Сейсенбі, он тоғызыншы күні, түстен кейін біз Қожа Се-Яранға қарай бет алдық. Бұл күні мен ораза ұстадым. Юнус Али және басқалар таңдана: «Сейсенбі, серуендеу және ораза? Бұл таңқаларлық!». Бехзадиге келіп, біз жергілікті казийдің үйінде тоқтадық. Кешке

біз тойға дайындала бастадық, бірақ казий: «Менің үйімде мұндай заттар болған жоқ. [Алайда] егемендік мұнда толық күшке ие» [13].

Төл сөздің бұйрық рай формасындағы сөйлеммен берілуі де «Бабырнамада» жиі ұшырасады: *Özüm bilä yüz šāhruxi alıp barip edim. Turdi Begga berdim. Dedim kim «Сағир ва асбāб таяр қілғил»*. Қаз.: Кетіп бара жатып, мен жүз шахрухты өзіммен бірге алдым; Тұрды бекке бердім де: «Шарап пен қажеттінің бәрін жаса», - дедім. Аталмыш төл сөздің құрылымында автор белгілі бір оқиғаға байланысты Тұрды бекке өзінің бұйыра сөйлеп, тапсырма беріп тұр. Яғни бұл сөйлемнен автордың бекке қарағанда жоғары лауазымды екенін байқауға болады.

Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресіндегі» бұйрық райлы төл сөз: Ұғланларыға айтды кім зинһар бір-біріңізден дүние масалахаты үчүн азарде болмаң [8, 24]. Ұлдарына айтты: «Сақ болыңдар, дүние байлығы үшін бір-бірінмен араздаспаңдар!». Бұл жерде екінші жақтағы бұйрық рай етістігі көпше түрдегі -дар жалғауынсыз берілген. Қазіргі формада болмаңдар түрінде айтылады. Сол дәуірдің сөйлеу стиліне тән ерекшелігіне осы бұйрық райлы етістіктің көпше жалғауының түсіп қалуын атауға болады.

Келесі мәтінде төл сөз ақпарат беру, сұраққа жауап қайтару ретімен ұсынылады: *..biri bu kim nökarläri ayrılған jihātıdın anga köngül berilädür edi. Muqābalada mundaq dedi kim «Bu nökar tört qatla oşmundaq mendin ayrılıptur, yana keliptür»*. Yana biri bu kim inisi Valini sordum kim ol qačan kelgusidür, Amū Daryāsıdın qaysı guzar bilä ötküsidür. Dedi kim «Agar guzar tapılsa xud bat kelgusidür, vali guzarlar su ulğayğaç tağyir tapar. Ol masal bar kim'an guzarrā āb burd». Aning dawlatining va nökarining intiqālıda bu harfni aning tiliga Tengri saldı [3, 254]. Қаз.: Алғашқысы нөкерлерін тастап кеткеніне сөз айтқанымда, ол: «Бұл нөкерлер осылайша төрт рет кетіп, қайта оралған» - деді. Екіншісі оның кенже інісі Уәлидің жағдайы еді. Оның қашан келітінің, Әмударияның қай жерінен өтетінін сұрадым. Хұсрау шаһ былап жауап қайырды: «Егер өткел табылса, ол көп кешікпейді, су тасыған кезде өткел өзгереді. Өткелді су алып кетті деген содан айтылса керек». Қолынан билік кетіп, нөкерлерінен айырылып қалған кезде, Құдай (Тәңірі) аузына осындай сөз салды [8,147].

Жоғарыдағы мысалдан көріп отқанымыздай, автор өзінің сұрағына жауап қайтарған тұлғалардың сөздерің келтіріп, мәтін ішіндегі байланысты жүйелі түрде жеткізеді. Яғни мәтіндегі ақпарат шашыраңқы емес, логикалық байланысқа түсіп автордың кіріспесімен, сөйлеушілердің төл сөздерімен дәйектеліп, соңында автордың түйіндеуімен аяқталады.

Ahmad Yusuf Beg idtirāblar qılıp har zaman aytadur kim «Yalangaç mundaq kirip barasız? İki-üç oqnı kördüm kim başingizdın ötti». Men dedim kim «Siz mardāna bolung! Mening basimdin mundaqlar xaylı ötüptür» [3, 46]. Қаз.: Ахмед Юсуф бек уайымдап: «Сіз мүлдем ашық жүріп бара жатырсыз. Мен сіздің басыңыздан екі-үш жебенің ұшқанын көрдім». Мен оған: «Батыл бол! Осындай

жебелердің талайы басымнан ұшқан»[13], - дедім. Бұл мысалдағы төл сөздердің алғашқы компоненті эмоционалды тұрғыдан алаңдау, қорқуды білдірсе, жауап ретіндегі үнқатым оған қарама-қарсы сезімде қорықпауға, батыл болуға үндейді.

Төл сөздердің қолданысын талдай келе, авторлық мәтін түзудегі ерекшеліктерді көрсетуге болады: автор тарапынан мәтіннің алғашқы сөйлемі кіріспеден, яғни шағын түсіндіру сөйлемінен басталады, оқиғаға қатысушы тұлғалардың іс-әрекеттері мен жағдайын жеткізуде адами және тарихи факторлар ескеріледі, мінез-құлқы мен сезім көріністері сөйлеушілердің сөздерінен айқын көрінеді, сұрақ-жауап түріндегі құрылымдар мәтіннің мазмұнын ашады.

**Нәтижелер.** Орта ғасырлық тарихи жазбаларды ғылыми кеңістікте қарастыру арқылы халықтың, ұлттың өмір сүру кезеңі мен дәстүрін, дәуірлік дамуын, ауызша және жазбаша түрдегі тілдік ерешелігін, сөйлеу стилін, мәдени ерекшелігін, білім-ғылым бағытындағы өркениеттілігін танып білу өте маңызды. Мақаланы жазу барысында «Бабырнама» қолжазбасының синтаксистік жағынан зерттелуі тілдік бағытта ғана емес, тарихи-мәдени сипат тұрғысынан да өзекті екенін байқадық.

**Аңдатпа.** Мақалада жыраулар поэзиясының мәдени және ұлттық бірегейлігі қарастырылып, риторикалық идеал және риторикалық сәйкестілік ұғымдарына назар аударылады. Риторикалық идеалдың құрылымы оның авторлық және ұлттық концептосфераға байланысты талданады. Әлемнің ұлттық бейнесі ақынның адресатқа әсер етуінің когнитивті механизмдері тұрғысынан зерттеледі. Риторикалық аргументтерді, стратегиялар мен



тактикаларды, риторикалық аргументтік модельдерді жүйелеу – Шалқияз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Қазтуған, Бұхар жырларында көрсетілген. Мақала барысында риторикалық сөз формалары мен тұжырымдарға талдаулар жасалып, талдау жүргізілді. Мәдени жадтың ғылыми идеяларының дамуы, жырау поэзиясындағы әлемді түсіндірудің кең ауқымын ұсынуға мүмкіндік береді. Жыраулар поэзиясы мәдени және ұлттық бірегейлікті құрудың қандай формада және қандай жолдармен жүргенін түсінуге ықпал етеді. Жыраулар поэзиясындағы әлем бейнесін талдау риторикалық идеал халықтың отбасы, достық және бірлік туралы құнды түсініктеріне негізделгенін көрсетті. Сонымен бірге табиғат пен қоршаған әлемнің суреттері антитеза, параллелизм жүйесінде салыстыру, гипербола, эпитеттер сияқты риторикалық стиль бірліктерінің кең болуын түсіндіреді. Ұсынылған тәжірибе риторикалық бірегейлікті түсінуге және ортағасырлық қазақ поэзиясын бірегейлік аспектісінде сипаттауға ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** мәдени және ұлттық бірегейлік, рефлексия, пандетерминизм, аллегория, жырау.

**K.B. URAYEVA, Zh.K. AZKENOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**E.T. IDRISOVA**

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

#### **RHETORICAL IDEAL AND RHETORICAL IDENTITY. METHODS OF CREATING THE WORLD PICTURE IN ZHYRAU'S POETRY**

**Abstract.** The article deals with a topical problem – the study of cultural and national identity of Zhyrau poetry. The object of review is the techniques of creating the world picture. Attention is paid to the concepts of the rhetorical ideal and the rhetorical identity. The structure of the rhetorical ideal is analysed in its relation to the author's and national concept sphere. The national world picture is being studied from the position of cognitive methods of the poet's influence on the addressee. The systematisation of rhetorical arguments, strategies and techniques, rhetorical argumentative models is shown in the songs of Zhyrau – Shalkiyiz, Zhiyembet, Aktamberdy, Umbetey, Kaztugan, and Bukhar. Rhetorical word forms and statements have been analysed and their use in communication has been carried out. The scientific ideas of cultural memory have been developed to present a wide range of interpretations of the world in Zhyrau's poetry. The undertaken approach contributes to the understanding of the forms and ways of constructing cultural and national identity. By analysing the world picture in Zhyrau's poetry, it has been shown that the rhetorical ideal is built on the value ideas of the people about family, friendship and unity. The images of nature and the surrounding world explain the



wide presence of antithesis, parallelism, and such units of rhetorical style as comparison, hyperbole, and epithets in the system of tropes. The presented experience contributes to the understanding of rhetorical identity and to the description of medieval Kazakh poetry in the aspect of identity.

**Key words:** cultural and national identity, reflexion, pandering, allegory, zhyrau.

### References

1. Micumori Yu. Privetstvennoe slovo predstavatelya Japan Foundation Micumori Yu. // *Altajskij Mediabarometr: kul'turnayazykovayaidentichnost' Vostochnoj Central'noj Azii*: sbornik statej poitogam Mezhdunarodnogo nauchnogo onlajn-simpoziuma «Altajskij Mediabarometr: kul'turnayazykovayaidentichnost' Vostochnoj Central'noj Azii» (16-17 dekabrya 2021, Barnaul) / podred. N.V. Halinoy. – Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta, 2022. – 202 s.
2. Alen'kova Yu.V. Kul'turnaya pamyat' i problemy kul'turnoj identichnosti <https://libr.msu.by/bitstream/123456789/8035/1/1579s.pdf> S. 114-116. (data obrashcheniya: 15.05.2023).
3. Astaf'eva O.N. Istoricheskaya pamyat' kak resurs kul'turnoj politiki i formirovanie kollektivnoj identichnosti // *Kul'turnaya pamyat' v processe formirovaniya nacional'noj identichnosti Rossii v XXI veke: Kollektivnaya monografiya / Novyj in-t kul'turologii; otv. red. N.A. Kochelyaeva.* – M.: Sovpadenie, 2015. – S. 95-114.
4. Korseva N.P., Smolina M.G., Reznikova K.V., Razymovskaya V.A. Álemniñ estetikalıyq kartinalarynyñ kóptigi týraly túsinik arqyly stýdentterdiñ ulıtyq-mádeni saıkestiligin qalyptastyrdıyñ zamańaı bilim berý tehnologialaryn taldaı // *Science for Education Today*, 9 (4), 2019. Skopýs.– 247-259 bb.
5. Razumovskaya V.A. Kulturnaya pamyat olonho kak edinica perevoda // *Vestnik Severo-Vostochnogo federalnogo universiteta imeni M.K. Ammosova: Seriya Eposovedenie*. 2018. №3 (11). – S. 42-55.
6. Erll A. *Kollektives Gedächtnis und Erinnerungskulturen: Eine Einführung.* – Stuttgart: Metzler, 2005. – 196 p.
7. Razumovskaya V.A. Kulturnaya pamyat hudozhestvennogo teksta: v poiske effektivnoj strategii perevoda // *ZMOGUS KALBOS ERDVĖJE.* – № 9. – Kaunas, 2017. – S. 292-306.
8. Razumovskaya V.A. Skazki narodov severa kak hranilishe kulturnoj pamyati i obekt perevoda // *Kulturnoe nasledie tradicionnyh soobshestv v kontekste mirovoj civilizacii: problemy perevoda i mezhkulturnogo dialoga. Materialy Vserossijskoj nauchnoj konferencii (s mezhdunarodnym uchastiem), posvyashennoj 60-letnemu yubileyu SVFU im M.K. Ammosova 10-11 noyabrya 2016 g. g. Yakutsk.* – Yakutsk: Izd-vo SVFU, 2016. – S. 179-185.

9. Daleckij Ch. Ritoricheskaya kul'tura i identichnost' v kontekste cifrovizacii obrazovaniya // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki. 2019. №7. – S. 192-205.

10. Degtyarenko K.A. Kul'turnaya pamyat' i konstruirovaniye etnicheskoy identichnosti korennyh malochislennyh narodov Arkticheskoy zony Rossijskoj Federacii (na materiale analiza ketov) v konce XX – nach. XXI vv. Diss... kand. kul'turologii. – Krasnoyarsk: SFU, 2021. – 212 s.

11. Zamaraeva Yu.S. Regional'nye kul'turnye praktiki formirovaniya slozhnyh form identichnosti (na materiale krasnoyarskogo kraja). Avtoref. disser. na soisk. uchen. step. d-ra kul'turologii. – Krasnoyarsk: SFU, 2021. – 54 s.

12. Shpak A.A. Kul'turnye mekhanizmy konstruirovaniya slozhnyh identichnostej (na materiale issledovaniya regionov Sibirskogo federal'nogo okruga). Diss... d-ra kul'turologii. – Krasnoyarsk: SFU, 2021. – 168 s.

13. Tursunov E.D. Drevnie tipy nositelej kazahskogo fol'klora (genezis i tipologiya). Disser. na soisk. uch. step. dokt. filol. nauk. Special'nost': 10.01.09 – Fol'kloristika. – Almaty: Institut literatury i iskusstva im. M.O. Auezova, 2003. – 195 s.

14. Kanagatova A.M. Preemstvennaya svyaz' eticheskikh vozzrenij Buhar-zhyrau i Kaban-zhyrau i ih znachenie v duhovnoj kul'ture kazahskogo naroda. Diss... kand. filos. nauk. Special'nost' 09.00.05 – Etika. – Almaty, 1995. – 143 s.

15. Zhaksylykov A.Zh. Predmetno-konceptual'nyj mir poezii zhyrau i ego peredacha v perevodah na russkij yazyk. Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya, [S.l.], v. 166, n. 2, p. 308-315, nov. 2018. ISSN 2618-0782. Dostupno na: <<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2355> >. (data obrashcheniya: 25.04. 2023).

16. Todorov C. Zavladienie Amerikoj. – Sofiya: Izdatelstvo «Iztok-Zapad», 2010. – 328 s.

17. Bogin G. Obretenie sposobnosti ponimat: Vvedenie v germenevtiku // URL: [[http://www.e-reading.club/bookreader.php/105650/Bogin\\_Obretenie\\_sposobnosti\\_ponimat\\_%27\\_Vvedenie\\_v\\_germenevtiku](http://www.e-reading.club/bookreader.php/105650/Bogin_Obretenie_sposobnosti_ponimat_%27_Vvedenie_v_germenevtiku)] (data obrasheniya: 05.08.2023).

18. Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men jańalyqtar. Ğylymi-tanymdyq zertteu. – Almaty: «Arys» baspasy, 2009. – 272 b.

19. Kazahsko-russkij frazeologicheskij slovar' / H.K. Kozhahmetova, R.E. Zhajsakova, Sh.O. Kozhahmetova. – Almaty: «Mektep», 1988. – 224 s.

20. Mokletsova I., Razumovskaya V., Baiturina U. Allegory as method of influence in the poetry of Shalkiyiz zhyrau // Latin American 4th International congress on social sciences & humanities. –Rio de Janeiro, 2023. – S. 57-65.

21. Magauin M.M. Kobyz i kop'yo. Povestvovanie o kazahskih akynah i zhyrau XV – XVIII vekov. – 5-e izd., pererab. – Almaty: Izdatel'stvo «Mektep», 2007. – 176 s.

22. Barhalinova A.Zh. Prostranstvennaya parametrizaciya kazahskoj yazykovej kartiny mira // Vestnik KemGU. 2013 №2. – S. 174-177.

23. Bekturova Zh.B. Funkcional'no-semanticheskoe pole «prostranstvo» v russkom i kazahskom yazykah // Lingvokul'turologicheskoe sopostavlenie: mezhvuzovskij sbornik nauchnyh statej. – Almaty: AGU im. Abaya, 1999.

24. Kolesnik M.A. Konstruirovaniye russkoj kul'turnoj identichnosti: konceptual'nyj i metodologicheskij podhody. Special'nost' 24.00.01 – Teoriya i istoriya kul'tury. Avtorefer. disser. na soisk. uchen. step. kand. kul'turologii. Krasnoyarsk: SFU, 2016. – 20 s.

25. Madlevskaya E.L. Russkaya mifologiya. Enciklopediya // URL: [https://info.wikireading.ru/36858] (data obrashcheniya: 15.07.2023).

26. Bes ǵasyr jyrlaıdy: XV ǵasyrdan XX ǵasyrdyń bas kezine deingi qazaq aqyn jazýshylarynyń shyǵarmalary. Úsh tomdyq / Tom 1. Bas shyǵaryshy M. Baidildaev. – Almaty: Jazyshy, 1984. – 256 b.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Уразаева Куралай Бибиталыевна** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Уразаева Куралай Бибиталыевна** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Urazayeva Kuralay** – Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Идрисова Эльмира Танибергенқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, Ақтөбе, Қазақстан.

**Идрисова Эльмира Танибергеневна** – кандидат филологических наук, доцент Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова.

**Idrisova Elmira Tanibergenovna** –Candidate of Philology, Docent of the K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

**Азкенова Жанаргүл Қадырбекқызы** – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Азкенова Жанаргуль Кадырбековна** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Azkenova Zhanargul Kadyrbekovna** – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecture of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAXP 16.21.41

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.11>

Б.К. ХАСАНГАЛИЕВА<sup>1</sup> 

С.С. ИСАКОВА<sup>2</sup> 

Г.Р. ӘЛІМБЕК<sup>3</sup> 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан<sup>1,2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>

(e-mail: [bibigul2901@mail.ru](mailto:bibigul2901@mail.ru)<sup>1</sup>, [sabira-i@yandex.ru](mailto:sabira-i@yandex.ru)<sup>2</sup>,

[alimbek\\_gaukhar@mail.ru](mailto:alimbek_gaukhar@mail.ru)<sup>3</sup>)

## КОГНИТИВТІК ТЕРМИНТАНЫМНЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Аңдатпа.** Мақалада терминтанымдағы когнитивтік зерттеулерге шолу жасалады. Ғылыми зерттеудің мақсаты антропоцентристік парадигма ықпалымен пайда болған когнитивтік терминтаным мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерді талдап, дәстүрлі терминтаным мен когнитивті терминтанымның айырмашылығын көрсету, когнитивті терминтанымның негізгі ұстанымдарын анықтау. Терминдерді когнитивтік көзқарас тұрғысынан зерттеу идеясының маңыздылығын төмендегілерден көруге болады: біріншіден, когнитивті аспект терминді терминжасаушы көзімен зерттеуге мүмкіндік береді, екіншіден, когнитивтік терминтаным терминнің күрделі әрі қарама-қайшы табиғатын түсінуге көмектеседі, терминшілерді терминнің ішкі заңдылықтарын зерттеуге бағыттайды, үшіншіден, терминтанымдағы когнитивтік зерттеулер терминді жаңа қырынан зерттеуге ықпал етеді. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды даму контекстінде терминдік бірліктер арқылы кәсіби білімді қалыптастыру, сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесі зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды. Когнитивтік көзқарас тұрғысынан терминология кәсіби білім концептуалданатын және вербалданатын маманның когнитивтік іс-әрекеті нәтижесі ретінде қарастырылады. Мақалада когнитивтік терминтанымның пайда болуына негіз болған ғылыми еңбектерге талдау жасалады. Аталған еңбектерде когнитивтік терминтанымның таным мен ғаламның тілдік бейнесі, категориялау мен атау беру процестерінің бірлігі, дискурс және кәсіби дискурс, терминнің когнитивтік-ақпараттық табиғаты, қарапайым және ғылыми білім, кәсіби білім сияқты теориялық және практикалық маңызы бар сұрақтары туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** термин, терминология, когнитивтік терминтаным, дәстүрлі терминтаным, кәсіби білім, кәсіби дискурс, когнитивті көзқарас.

**Кіріспе.** Когнитивтік көзқарас терминологияны жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол терминологияны белгілі бір когнитивтік құрылымдардың жиынтығы ретінде қарастырады. Когнитивтік лингвистиканың ықпалымен терминтанымдық зерттеулердің мақсаты терминге тән өзіндік белгілерді зерттеуден кәсіби коммуникация, кәсіби таным мен іс-әрекет, терминдегі білімнің берілу мәселесімен байланысты ішкі табиғатын зерттеуге ауысты. Терминтанымда алғаш рет атау мен кәсіби тілдік тұлға типінің байланысы мәселесі көтерілді. Терминтанымдағы жаңа бағыт дәстүрлі терминтанымның сөз бен терминнің аражігін көрсету, терминнің шығу төркінін анықтау, терминологияны сипаттау сияқты сұрақтармен де айналысатынын атап көрету керек. Когнитивтік терминтаным терминдегі арнайы білім құрылымдарын бейнелейтін фреймдер, концептілер, моделдеу тағы басқа концептуалды аппаратты зерттеумен айналысады. Дәстүрлі терминтанымда терминнің лингвистикалық белгілеріне назар аударылса, когнитивтік терминтаным кәсіби саладағы концептуалды және тілдік құрылымдардың арақатынасына, кәсіби маңызды нысандардың концептуалдану ерекшеліктеріне қызығушылық тудырады. мақсаты антропоцентристік парадигма ықпалымен пайда болған когнитивтік терминтаным мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерді талдап, дәстүрлі терминтаным мен когнитивті терминтанымның айырмашылығын көрсету, когнитивті терминтанымның зерттеу нысанын анықтау. Терминдерді когнитивтік көзқарас тұрғысынан зерттеу идеясының маңыздылығын төмендегілерден көруге болады: біріншіден, когнитивті аспект терминді терминжасаушы көзімен зерттеуге мүмкіндік береді, екіншіден, когнитивтік терминтаным терминнің күрделі әрі қарама-қайшы табиғатын түсінуге көмектеседі, терминшілерді терминнің ішкі заңдылықтарын зерттеуге бағыттайды, үшіншіден, терминтанымдағы когнитивтік зерттеулер терминді адамның қоршаған дүниеге деген қарым-қатынасы және өзінің таным нәтижесін тілде бейнелеуге деген ұмтылысы сияқты мәселелерді жаңа қырынан зерттеуге ықпал етеді. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды даму контекстінде терминдік бірліктер арқылы кәсіби білімді қалыптастыру, сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесі зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды. Когнитивтік көзқарас тұрғысынан терминология кәсіби білім концептуалданатын және вербалданатын маманның когнитивтік іс-әрекеті нәтижесі ретінде қарастырылады. Мақалада когнитивтік терминтанымның пайда болуына негіз болған ғылыми еңбектерге талдау жасалады. Аталған еңбектерде когнитивтік терминтанымның таным мен ғаламның тілдік бейнесі, категориялау мен атау беру процестерінің бірлігі, дискурс және кәсіби дискурс, терминнің когнитивтік-ақпараттық табиғаты, қарапайым және ғылыми білім, кәсіби білім сияқты теориялық және практикалық маңызы бар сұрақтары туралы айтылады.

Зерттеу нәтижелері дәстүрлі және когнитивтік терминтаным теорияларын толықтырады, терминологиялық арнаулы курстарда, тіл білімінің жаңа бағыттарына арналған дәрістерде, семинар сабақтарында пайдаланылады. Терминнің когнитивтік табиғатын зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарда пайдалануға болады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада когнитивтік терминтаным бойынша жазылған теориялық еңбектерге (В.М. Лейчик, С.В. Гринев, В.Ф. Новодранова, С.Д. Шелов, М.А. Лазарева, М.Н. Бондорчук, С.С. Исакова, Қ. Айдарбек, С.Л. Мишланова, А.Х. Азаматова, Е.В. Бекишева, М. Қожаева т.б.) талдау жасалды. Зерттеу материалы ретінде аталған еңбектердегі когнитивтік терминтанымға қатысты теориялық тұжырымдар алынды. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі когнитивтік терминтаным идеялары зерделенді. Терминтанымдағы когнитивтік бағыт оның әдіснамасы мен әдістеріне де жаңаша сипат берді. Мақала жазу барысында сипаттау, салыстырмалы талдау, жүйелеу және тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

**Талқылау және бақылау.** Соңғы онжылдықта когнитивті лингвистиканың қарқынды дамуының нәтижесінде когнитивті терминтанымды зерттеуге арналған бірқатар еңбектер дүниеге келді. Бірақ олар терминнің когнитивті сипатын сөз еткенмен, әдетте когнитивті терминтаным когнитивті лингвистика мен антрополингвистиканың негізін біріктіреді деген тұжырымды ұстанды. Сол себепті де когнитивті терминтаным терминді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Әсіресе адам санасындағы механизмдерді, ақпаратты қабылдау мен өңдеу процестерін жіті қарастыруға түрткі болды. Бұл жөнінде отандық зерттеуші С.С. Исакова қазақ терминтанымын зерттеуге арналған монографиясында: «Кез келген атаудың адамның танымы мен ойлауынан, мидағы күрделі менталды үдерістерден бастау алатындығын, сондықтан да терминді антропоэзектік бағытта зерттеуде адамның ойлау үдерістерін тану әрі қарай жалғаса бермек»[1,146] – дейді [1,146]. Яғни терминтанымда адам миының жұмысын әр қырынан зерттеу процесі жүріп отырады да, нәтижесінде дәстүрлі терминтанымның мүмкіндігі азайып, когнитивті бағыттың шеңбері кеңейе түседі.

А.Х. Азаматова дәстүрлі терминтаным терминді тілдік белгі аясында қарастырумен шектелді, ал когнитивті бағыт терминтанымның пәнаралық байланысын нығайтып, оны басқа ғылымдардың жетістіктерін пайдалануға ұмтылатын ғылымға айналдырды деп түсіндіреді[2,69]. Бұл құбылыс өз алдына қазіргі тіл білімінің антропоцентристік парадигмасымен негізделіп отыр. Лингвистика тарихында ХХ ғ. аяғы мен ХХІ ғ. басында антропоцентризмнің орныққанын ескерсек, когнитивті терминтанымдағы жаңалықтар мен бетбұрыстарды соның нәтижесі деп білуіміз керек. Бұл кезеңде когнитивті терминтаным аясында жалпы қолданыстағы сөз алғашқы ма, термин алғашқы

ма, олардың бір жүйеден екінші жүйеге өту механизмдері қандай, жаңа пайда болған атаудың таныммен байланысы қандай деген мәселелер көтерілді.

Когнитивті терминтанымның заманауи мәселелерінің қатарында терминдік жүйені саналы басқару сұрағы күн тәртібінен түскен емес. Жоғарыда аталған терминтанымның аспектілерінің ешқайсысы когнитивті терминтаным үшін жаңалық емес, өйткені ол терминнің құрылымдық жағымен, атауыштық қызметімен тығыз байланысты. Бұл мәселелердің барлығы дәстүрлі терминтанымда жиі көтерілгенімен лайықты шешім таппаған еді.

Когнитивті терминтанымның дәстүрлі терминтанымнан басты айырмашылығы оның тілдік құрылымдарды менталды құрылымдармен байланыста қарастыруы, адамзат тәжірибесі мен қызметінің ерекшелігін бейнелеуі, тілдегі қабылдау, түсіну, түйсіну мәселесін білімнің әр типінде анықтауы болатын. Бұл мәселе төңірегінде Е.В.Голованова төмендегідей тұжырым жасайды: Адамның іс-әрекеті мен тәжірибесінің ерекшеліктерін бейнелейтін тілдік және менталды құрылымдардың арақатынасы мәселесі, қарапайым және ғылыми, ассоциативті-бейнелі және рационалды-логикалық сияқты білім түрлерінің тілде бейнелену мәселесі өте маңызды [3,5].

Когнитивті бағыт өзіндік әдіс-тәсілдері мен ортақ нысан танымды зерттеуші ғылымдардың қатарына жатады. Сонымен қатар терминтаным өз алдына ерекше когнитивті бірлік болып табылатын терминдердің табиғатын зерттеу мақсатын қояды. Зерттеуші В.Ф.Новодранованың пікірінше терминология ғылыми білім мен оның дамуының нәтижесі бола отырып, когнитивті ғылыммен тығыз байланысты болады. Бұл туралы ғалым: Ғылыми білімнің пайда болу нәтижесі және олардың даму құралы болып саналатын терминология когнитивті ғылыммен тікелей байланысты дейді [4, 89].

Терминтаным – лингвистика, ғылымтану, логика, философия және ғылым мен білімнің арнайы салаларының тоғысында пайда болған қарқынды дамушы сала. Соның нәтижесінде терминтаным ғылымаралық сипатқа ие болады.

Когнитивті терминтаным ғылымға 1990 жылдардан бастап енген болатын. Жеке бағыт ретінде ол 1998 жылы қалыптасып, бірқатар зерттеу еңбектерінде атала бастады. Алғаш рет когнитивті терминтаным С.В.Гриневтің «Терминтаным терминдерінің тарихи жүйелі сөздігі» (1993) атты терминтанымның арнайы сөздігіне енгізіліп, ғылыми деңгейде қарастырылды. Кейінірек зерттеушінің Терминтанымға кіріспе (2000) еңбегінде терминнің негізгі когнитивті белгілері аталып, терминжүйенің салалары қатар зерттелген еді. Одан соң әр түрлі жинақтарда зерттеушінің мақалалары басылып, когнитивті терминтанымның зерттелуін жеделдете түсті.

Осы кезеңде когнитивті терминтаным шеңберіне енген негізгі мәселелер М. Алексееваның, Л.А. Манерконың, В.Ф. Новодранованың, В.М. Лейчиктің, М.Н. Володинаның, Е.И. Голованованың еңбектерінде көтерілді. Аталған



ғалымдар өз еңбектерінде терминтанымның өзекті мәселелерін шешуге ұмтылды. Мәселен, Л.М. Лейчик когнитивті терминтанымды термин туралы ғылымның дамуындағы бесінші кезең деп бағалады. Л.М. Лейчик дәстүрлі терминтанымның шеңберінде жүріп-ақ, термин мен терминжүйелерді зерттеудің когнитивті аспектілерін анықтап, когнитивтік-дискурстық бағыттың дамуын зерделеуге мол мұра қалдырды. Бұған оның «Салалық терминологияның қалыптасуындағы концептуалды құрылымдардың рөлі» (1987), «Эвристикалық қызметтегі тілдік сана элементтері» (1988), «Терминжасам үдерісін зерттеудегі білім базасы және логикалық бағдарламалау» (1989), «Термин мен терминжүйені зерттеуде базалық және пәнаралық ғылымдардың әдістерін пайдалану» (1990) тақырыбындағы мақалалары дәлел бола алады. 2000 жылдары когнитивті терминтанымның категориалды аппараты, зерттеу пәні мен талдау әдістері нақтыланып үлгерді. Бұл мәселелер Л.М. Лейчиктің ғылыми зерттеу еңбектерінде көрініс тауып отырды. Бұған ғалымның «Когнитивтік терминтанымды негіздеу туралы» (2001), «Ұғым және концепт» (В.Ф. Новодрановамен бірлесе отырып) (2002), «Тіл мен мәтін семантикасындағы концептілердің вербалдану үдерісіндегі терминдердің рөлі» (2003), «Дискурс – сөйлеу – мәтін» (2004), «Ресей терминтанымы: ескі және жаңа парадигмаларды синтездеу тәжірибесі» (С.Д. Шеловпен бірлесе отырып) (2004) атты еңбектерін атауға болады.

Зерттеуші Л.М. Лейчиктің ізімен Л.А. Манерко мен В.Ф. Новодранова когнитивті терминтанымды зерттеуге арналған еңбектердің қатарын толықтыра түсті. Л.А. Манерконың «Терминтанымның когнитивті-коммуникативті негіздері мен шығу көздері» (2003) деп аталатын алғашқы мақаласы терминтанымға когнитивті бағыттың келуін ғылыми түрде негіздеп, дәуірлеуге мүмкіндік берді. Ал В.Ф. Новодранованың «Когнитивті ғылымдар және терминология» (2000), «Терминологияны зерттеуге когнитивті көзқарас» (2005), «Когнитивті терминтаным» (2006) атты еңбектері когнитивті ғылымдар жүйесіндегі терминологияның орнын анықтап, терминтанымға жаңа леп әкелді. Зерттеушілер жоғарыда аталған еңбектерінде тілдік деректерден жаңалық тауып, таным мен ғаламның тілдік бейнесі, категориялау мен атау беру процестерінің бірлігі, дискурстың рөлі және т.б. мәселелерді тереңірек қарастырды.

М.Н. Володина өз зерттеулерінде терминнің бойындағы негізгі ақпаратқа, оның когнитивтік-ақпараттық сипатына көбірек көңіл бөлді. Оның «Термин - арнаулы ақпарат құралы» (1996), «Терминнің когнитивтік-ақпараттық табиғаты (бұқаралық ақпарат құралдары терминологиясы бойынша)» (2000) тақырыбындағы ғылыми мақалалары терминде жасырынған ақпаратты когнитивті терминтаным аясында анықтауға бағытталған.

Көп жылдар бойы когнитивті терминтанымның мәселелерімен айналысқан Е.В. Голованова терминжүйелердің қалыптасуындағы когнитивті

бағыттыңқпалын одан әрі зерттей түсті. Ғалымның «Когнитивті терминтаным» (2008), «Когнитивті терминтанымға кіріспе» (2011), «Когнитивті терминтаным: мәселе, құралдары, даму бағыты мен болашағы» (2013) атты ғылыми еңбектері когнитивті терминтанымның негізгі мәселелерін шешуге арналады. Ғылыми білімнің қазіргі күйін сипаттаған ғалым термин туралы ғылымның дамуына зор үлес қосты. Терминнің табиғаты мен қызметі, күнделікті білім мен ғылыми білімнің байланысы туралы пікірлері қазірде көп қолдау тауып отыр.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыт когнитивті лингвистиканың келуімен өріс алып, терминдер мен терминжүйелерді айналып өтпеді. Когнитивті лингвистиканың ең басты мәселелерінің бірі – тіл мен сананың арақатынасына, өзара байланысына құрылады. Соның нәтижесінде когнитивті терминтаным термин мен таным, олардың болмысын, қызметін зерттеуде үлкен табыстарға жетіп отыр. Ойымызды түсінікті ету үшін зерттеуші С.С. Исакованың терминтанымның ғылыми-ұғымдық аппаратының толығын фактілері қазіргі терминологиялық ғылымның үздіксіз даму сипатын айқындайды, тілдік бірліктердің арақатынасы мен оларда бейнеленген кәсіби (теориялық және практикалық) білімнің құрылымы арасындағы байланыс терминтанымның басты мәселесіне айналып отыр деген пікіріне жүгінейік [5,19]. Яғни, бүгінде терминтаным тілдік бірліктер мен теориялық-практикалық білімнің құрылымын зерттеуді міндет етуде.

Қазақ тіл білімінде когнитивті терминтаным жаңа дәуірдің жемісі саналғанымен, терминнің бойындағы ерекшелік, оның танымдық сипаты, когнитивтік табиғаты ерте кезеңнен сөз етіле бастады. Терминді зерттеушілер бұл мәселелерге ерекше назар аударды. Мысалы, ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы, Ө. Айтбаев, А. Әбдірахманов, Б. Қалиұлы, С. Ақаев, С. Исакова, А.Х. Азаматова секілді ғалым зерттеушілерді ерекше атап өтуге болады.

А.Байтұрсынұлының терминжасам қағидаттары мен ұстанымдары туралы тілші ғалымдар тарапынан да, терминшілер тарапынан да біршама зерттеулер жасалды. Ғалымның термин жасау шеберлігі бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Ол туралы Р.Сыздық, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова, О. Жұбаева, Қ. Айдарбек және тағы басқа зерттеушілер еңбек етті. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р. Нұрғалиев өзінің Алашордалықтар атты кітабында: Ғалым терминді нақты, көлемді және бейнелі анықтамамен қамтамасыз етеді, және осы анықтамаға ғылыми сипат тән - деп жазады[6,19].

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде терминнің танымдық табиғаты, когнитивтік терминтаным, терминдегі кәсіби білімнің концептуалдануы деген ұғымдар мен түсініктер кездеспесе де, ғалымның ұсынған тіл білімі терминдерінің әрқайсысында ұлттық таным мен кәсіби тәжірибенің, ұғым мен

атаудың арасындағы байланысты терең түсінген маманның когнитивті ойлау үдерісі жатқанын аңғару қиын емес. Бұл тұрғыдан келгенде ғалым когнитивті терминтанымның принциптерін толықтай ұстанып тұр. Бұл туралы ғалым О. Жұбаева А. Байтұрсынұлы зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. А.Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болуымен қатар таным әрекетінде өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді деп жазады[7, 97].

Қазақ терминологиясындағы танымдық бағыттың алғышарттары Қ. Жұбанов еңбектерінен өз жалғасын табады. Ғалым өзінің Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде: ұғымдарға, көрініс қалыптарға, образдарға, ұқсата атауларға назар аударып, жаңа сөз жасауға негіз болатын адамның қоршаған ортаны танып-білу тәжірибесін әуелі көзқарас – деп тұжырымдады [8,95]. Қ. Жұбанов терминге белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, о сөздерді әлгіндегідей ұғымдарға ғылым мен революция жағы қандай сатыда тұрса, міне осы екеуі келіп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін деп анықтама берді[9,26].

Қазақ терминологиясында өзіндік орны бар, егемендік алғаннан кейінгі қазақ терминологиясы дамуының жаңа бағыт-бағдарын айындап берген ғалымдарымыздың бірі академик Ә.Қайдар. Ғалымның «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» (1993) деп аталатын еңбегінің орнын ерекше атауға болады. Аталған еңбекте қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған кезеңде оның ғылым тілі қалай дамуы керек, қазақ терминологиясының қоғамдық қызметтің барлық саласында белсенді қолданылуы үшін қандай қадамдар жасалынуы тиіс деген маңызды мәселелерді сөз етіп, ғылыми қағидаттар ұсынды. Зерттеушінің «Қазақ терминологиясы» (1987), «Ғылым тілі әдеби тіл статусы» (1990), «Взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке» (1989), «Терминология көкжиегі» (1998), «Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңашыл көзқараспен қарайық» (1992) сияқты зерттеулерінде тіл біліміне енген жаңашылдықты қабылдап, соған сәйкес терминологияны жаңа кезеңге сай зерттеу мәселесін көтерді[10].

Ә. Айтбаев қазақ терминологиясын зерттеуге 1980 жылдардан аяқ басады. Ғалымның бұл сала бойынша «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988) монографиясы, «Терминдер мен олардың аудармалары» (1990), «Қазақ сөзі» (1997) зерттеулері жарық көрді. Автордың кейінгі жылдары жазған «Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында» (2002), «Алғашқы газет-журналдардың термин жасаудағы рөлі» (2003), «Терминжасам мен оны реттеудің мәдениеті хақында» (2004) деп аталатын зерттеулері мен ізденістерітерминді зерттеуге үлкен үлес қосты.

Б. Қалиевтің 1997 жылы «Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері» зерттеуі жарыққа шықты. Ғалым осы зерттеуінде «Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады», «Жат сөздер жағадан ала бермесін», «Термин және терминком жайында бірер ой», «Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?», «Термин және тіл мәдениеті», «Термин тағдыры да ойыншық емес, терминді тілге тиек етсек» тағы да ғылыми терминдерді аудару туралы және тағы басқа мақалаларын ұсынған. Б. Қалиевтің еңбектерінде халықаралық терминдерді аудару, оларды тілімізге бейімдеп алу тұжырымдары айқын көрінеді [11]. Мысалы, зерттеушінің «Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы», «Қазақша термин жасау мәселесі және оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі», «Ұлттық терминдерге қамқорлық қажет», «Тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасау принциптері», «Термин туралы кейбір ойлар», «Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар», «Қазақ терминдерін жасаудың кейбір мәселелері» және т.б. тәрізді мақалаларын атауға болады.

Қазақ терминологиясын жан-жақты зерттеп, ол туралы өзіндік көзқарастары айқын білдіріп жүрген ғалымдарымыздың бірі Ш. Құрманбайұлы екені белгілі. Ғалымның осы сала бойынша жазылған зерттеулерінің жалпы саны 300-ден асады. Мысалы, «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты» (2002), «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» (2004), «Терминқор қалыптасыру көздері мен терминжасам тәсілдері» (2005) және тағы басқа еңбектері бар. Ш. Құрманбайұлы қазақ терминологиясына терминдік өріс, қазақ лексикасының терминденуі, терминдердің бейтерминденуі, терминге қойылатын талаптар, терминқор, термин дамуының кезеңдік сипаттарын және тағы басқа көптеген теориялық тұжырымдарды енгізді және олардың практикалық шешімін ұсынды [12].

Қазіргі таңда терминдер мен терминжүйелерді зерттеуде жаңа бағытты ұстанып, когнитивтік терминтанымның мәселелерін шешуге айрықша үлес қосып жүрген ғалымдардың қатары көбеюде. Солардың ішінен Ресей лингвист-когнитологтар ассоциациясының мүшесі, зерттеуші ғалым С. Исакованы атап өткеніміз жөн. Зерттеушінің «Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері» (2001), «Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі» (2007), «Исследование казахской и французской языковой картины мира», «Танымдық қазақ тілі» (2009), «Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі» (2008), «Когнитивтік бағыттағы терминнің семантикасы» (2015) атты көлемді еңбектері бар. Аталған еңбектерінде ғалым алғаш рет қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтаным мәселесін сөз етіп, оның негізгі тұжырымдары мен ұстанымдарын талдайды. Зерттеуші кәсіби тілдік тұлға ұғымын терминмен байланыстыра отырып негіздейді. Дәстүрлі және когнитивтік терминтанымның

өзіндік сипаттарын салыстыра отырып анықтайды. Терминнің танымдық табиғатын қоғамдық ғылымдар терминдері бойынша талдайды. Терминнің прагматикалық аспектісіне назар аударып, оның қолданыс ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеуші Когнитивтік бағыттағы терминнің семантикасы еңбегінде кәсіби білім мен тілдік танымды сақтайтын концептуалды құрылымдар мен терминнің мағынасы арасындағы байланысты анықтауға арналған когнитивтік талдау әдістерін қарастырады[13,965].

Зерттеуші Қ. Айдарбек арнаулы терминологияларды қалыптастыруға, терминология антропоцентристік бағыт шеңберінде зерттеуге бағытталған бірнеше еңбектің авторы. Оның «Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі» (2009), «Арнаулы терминологиялар қалыптастырудағы терминологиялық аталымның кезеңдік сипаты» (2016) тақырыбындағы еңбектері бүгінде терминтаным үшін маңызды зерттеулерге айналып отыр. Зерттеушінің терминтанымның қазіргі күйі мен деңгейін сипаттауға арналған «Основополагающие принципы выделения существенных признаков терминологических единиц», «Академик Ө. Айтбаев ұлттық тілдік тұлғасының концепциясы» атты ғылыми мақалалары жарық көрді. Ғалым Қ. Айдарбек «Когнитивтік терминтаным концепциясындағы дискурс мәселелері» еңбегінде когнитивтік терминтанымның дискурс пен байланысы туралы былай деп жазады: Терминжасам үдерісінің қоғамдық маңыздылығы, оған қатысушы сұхбаттасушыларға (сөйлеу коммуникациясының актісіне қатысушыларға) бағытталуымен ғана емес (екінші аталым), сонымен бірге жаңа атау (алғашқы аталым) тілдік ұжыммен немесе белгілі бір тілдік қауымдастықтың бір бөлігімен узуалды қабылдануы қажеттілігімен де айқындалады. Сол себепті аталым үдерісінің барлық кезеңдері де сол ұжымның тіршілік қарекетінің барлық салаларын көрсетуі, оны интерпретациялау формаларын анықтайтын ғаламның тілдік бейнесіне сәйкес келіп, ұлттық психология мен ұлттық мәдениет, этникалық салт-дәстүрлерді (әлеуметтік-тұрмыстық, діни және т.б.) өзіндік ерекшеліктерді айқындауы, белгілеуі қажет[14, 89]. Ғалымның пікірін толық қолдай отырып, біз өз тарапымыздан когнитивтік терминтанымда термин кәсіби дискурс бірлігі ретінде қарастырылып, кәсіби тілдік тұлғаның когнитивтік іс-әрекетінің нәтижесі тұрғысынан зерттелуі қажет дейміз.

**Нәтижелер.** Сонымен біз когнитивті терминтанымның теориялық мәселелерін қарастырып, оның қалыптасу және даму кезеңдерін сөз еттік. Когнитивті терминтанымның негізін қалаған зерттеушілер мен олардың зерттеу еңбектеріне жіті тоқталдық. Олардың теориялық тұжырымдарын талдап, дәстүрлі терминтаным мен когнитивті терминтанымның зерттеу нысандарын сараладық.

Зерттеу тақырыбы бойынша теориялық еңбектерді талдау когнитивті теорияның ықпалымен қалыптасқан когнитивті терминтанымның төмендегідей негізгі идеяларын анықтады:

1. Термин мен ұғымның байланысына деген көзқарастың өзгеруі, терминтанымға концепт, концептуалдық құрылымдар, білім форматы сияқты түсініктердің енуі нәтижесінде «термин-ұғым» байланысының тереңдеуі;

2. Терминнің когнитивті қызметіне басымдық беру (дәстүрлі бағытта оның алдыңғы қатарлы қызметтері атауыштық және дефинициялығымен салыстырғанда). Когнитивті қызметінің қатарынан оның бағыт-бағдар беру қызметіне ерекше назар аудару;

3. Терминді кәсіби қызмет пен кәсіби таным үдерісі аясындағы динамикалық өнім ретінде тану;

4. Термин мен басқа да арнаулы атауларды таным мен қарым-қатынастың нақты бір білім мен қызмет кеңістігіндегі күрделі байланысынан туындаған нәтиже деп түсіну;

5. Терминнің бұған дейінгі рационалды-логикалық сипаттамасын ескере отырып, термин арқылы ғылыми білім ғана емес, күнделікті және эмпирикалық кәсіби білімнің бөлшектері де көрініс табатынын мойындау;

6. Терминнің мазмұнындағы ғылыми білімнің қалыптасу және даму процесі туралы түсініктің тереңдеуі: ғылыми білімді жалпылаушы концептіден бастап, оның теориясын жалпылаушы түсінікке дейін;

7. Мағына мен концептінің арасында олардың когнитивті негізінде ажырағысыз ауыспалы байланыс бар. Арнайы түсінік жалпы бөлінген білімнің элементі ретінде концептінің негізінде құрылады.

**Қорытынды.** Қорытындылайтын болсақ, бүгінде терминтаным деректер мен құбылыстарды сипаттаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оларды нақты түсіндіруге тырысады. Когнитивті көзқарас дәстүрлі құрылымдық жүйеден бас тартып, дүниенің қарапайым және ғылыми бейнесінің өзара байланысын ұғынуға мүмкіндік береді.

Соның нәтижесінде когнитивтік терминтанымды бағыт ретінде емес, пәнаралық сипаты бар ғылымның жалғасы деп түсінуіміз керек.

Терминнің когнитивті табиғаты оның ғылыми білімнің компоненті болуымен қатар, ғылыми танымның объектісі бола отырып, адамның ойлау процесінің нәтижесіне айналуымен ерекшеленеді. «Термин является особой когнитивно-информационной структурой, в которой аккумулируется выраженное в конкретной языковой форме профессионально-научное знание, накопленное человечеством за весь период его существования» [15, 25]. М.В.Володинаның терминге берген анықтамасына сәйкес, жоғарыда атап өткеніміздей, термин ғылыми танымның тасымалдаушысы бола тұрып, коммуникацияға қажетті когнитивті үлгіні құрайды, қарым-қатынастың құралы қызметінде жұмасалады. Адам терминге атау бере отырып, оны

меңгереді, қолданады, түсіндіреді. Бұл жүйелі үдерістің өзі оның варианттары немесе баламалары болатындығын растайды. Мұның өзі әлемді танудың когнитивті үдерісімен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Терминнің когнитивтік табиғаты терминде бекітілген ақпараттың көмегімен нақтыланады, өйткені терминдер нақты заттар мен құбылыстырдың атауы болып табылады.

Терминнің бойындағы ақпарат оның пайда болуына түрткі болған құбылысты, жасалуы туралы дереккөзді, мәдениет туралы мәліметті тануға мүмкіндік береді. Терминнің когнитивтік табиғаты оның жасалу тәсілін, тілдегі экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың байланысын анықтауға негіз болады.

### **Әдебиеттер**

1. Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі.– Алматы: М-стиль, 2007. – 159 б.
2. Азаматова А. Х. Специфика терминологической информации // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. –2012. –№3(137). – С.67-70.
3. Голованова Е.И. Введение в когнитивное терминоведение: учеб. пособие. – Москва.:Флинта, 2011. – 224 с.
4. Новодранова В. Ф. Когнитивные науки и терминология //Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания (Материалы Круглого стола, апрель 2000 г.). – Москва: Ин-т языкознания РАН, 2000. – С. 89-93.
5. Исакова С.С. Когнитивтік терминтанымның басты мәселесі – тіл мен білім//Терминологиялық хабаршы. – №2 (48). – 2014. – Б.19-27.
6. Нурғали Р. Алашординцы. – Алматы:Алаш, 2004. – 114 б.
7. Жұбаева О.С., Сүлейменова Ж.Н., Сарбалин А.Б. Қазақ тіл білімі терминдері:когнитивтік негіздері// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. –2019. – № 1(173). – С. 95-101.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 450 б.
9. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
10. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
11. Қалиев Б., Исакова С.С. Танымдық қазақ тілі. – Алматы: М-стиль, 2009. – 132 б.
12. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы:зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. –Алматы:Сардар, 2014. –928 б.



13. Issakova S., Taganova A., Oralbaeva M. Term semantics from a cognitive viewpoint//Procedia-social and behavioral sciences, conference proceedings citation index (Web of science core collection).– V. 214 (2015). – P. 965-969.<http://dx.doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.11.683>

14. Айдарбек Қ.Ж., Сүйерқұл Б.М. Когнитивтік терминтаным концепциясындағы дискурс мәселелері//ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –№2 (160). – 2016 –Б.86-90. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1915>

15. Володина М. В. Когнитивно-информационная природа термина (на материале терминологии средств массовой информации) / МГУ им. Ломоносова; Филолог. фак-т. –Москва:Знание, 2000. –128 с.

**Б.К. ХАСАНГАЛИЕВА, С.С. ИСАКОВА**

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,  
Актобе, Казахстан

**Г.Р. АЛИМБЕК**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан

**ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ КОГНИТИВНОГО ТЕРМИНОВЕДЕНИЯ**

**Аннотация.** В статье дается обзор когнитивных исследований в терминоведении. Цель научного исследования состоит в том, чтобы проанализировать работы по изучению проблем когнитивного терминоведения, возникших под влиянием антропоцентрической парадигмы, показать разницу между традиционным терминоведением и когнитивным терминоведением, определить основные положения когнитивного терминоведения. Важность идеи изучения терминов с когнитивной точки зрения можно увидеть в следующем: во-первых, когнитивный аспект позволяет исследовать термин с точки зрения когнитивного терминоведения, во-вторых, когнитивное терминоведение помогает понять сложную и противоречивую природу термина, направляет терминологов к изучению внутренних закономерностей термина, в-третьих, когнитивные исследования в терминоведении способствуют изучению термина с новой точки зрения. Проблема формирования, сохранения и передачи профессиональных знаний из поколения в поколение через терминологические единицы в контексте динамичного развития современной науки и техники определяет актуальность исследовательской работы. С когнитивной точки зрения терминология рассматривается как результат познавательной деятельности специалиста, в которой концептуализируются и вербализуются профессиональные знания. В статье проводится анализ научных трудов, послуживших основой для

возникновения когнитивного терминоведения. В названных работах речь идет о теоретическом и практическом значении когнитивного терминоведения как познания и языковая картина мира, единства процессов категоризации и наименования, дискурса и профессионального дискурса, когнитивно-информационной природы термина, обыденных и научных знаний, профессиональных знаний.

**Ключевые слова:** термин, терминология, когнитивное терминоведение, традиционное терминоведение, профессиональное знание, профессиональный дискурс, когнитивный подход.

**B.K.KHASANGALIYEVA, S.S. ISSAKOVA,**

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

**G.R. ALIMBEK**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **BASIC PRINCIPLES OF COGNITIVE TERMINOLOGY**

**Annotation.** The article provides an overview of cognitive research in terminology. The purpose of the research is to analyze the work on the study of the problems of cognitive terminology that arose under the influence of the anthropocentric paradigm, to show the difference between traditional terminology and cognitive terminology, to determine the main provisions of cognitive terminology. The importance of the idea of studying terms from a cognitive point of view can be seen in the following: firstly, the cognitive aspect allows you to study the term from the point of view of cognitive terminology, secondly, cognitive terminology helps to understand the complex and contradictory nature of the term, directs terminologists to study the internal laws of the term, thirdly, cognitive research in terminology promotes the study of a term from a new perspective. The problem of formation, preservation and transfer of professional knowledge from generation to generation through terminological units in the context of the dynamic development of modern science and technology determines the relevance of research work. From a cognitive point of view, terminology is considered as the result of cognitive activity of a specialist, in which professional knowledge is conceptualized and verbalized. The article analyzes the scientific papers that served as the basis for the emergence of cognitive terminology. In these works, we are talking about the theoretical and practical significance of cognitive terminology as cognition and the linguistic picture of the world, the unity of the processes of categorization and naming, discourse and professional discourse, the cognitive-informational nature of the term, everyday and scientific knowledge, professional knowledge.

**Keywords:** term, terminology, cognitive terminology, traditional terminology, professional knowledge, professional discourse, cognitive approach.

## References

1. Ысәқова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. – Алматы: M-styl, 2007. – 159 б.
2. Азаматова, А. Н. Специфика терминологической информации // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.–2012.–№ 3(137). –С. 67-70.<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/820>
3. Golovanova E.I. Vvedenie v kognitivnoe terminovedenie: ucheb. posobie. Moskva: Flinta, 2011. –224 s.
4. Novodranova V. F. Kognitivnye nauki i terminologija //Tradicionnye problemy jazykoznanija v svete novyh paradigmi znaniya. (Materialy Kruglogo stola, aprel' 2000 g.). – Moskva: In-t jazykoznanija RAN, 2000. – S. 89 – 93.
5. Ысәқова С.С. Когнитивтік терминтанымның басты мәселесі – тіл мен білім// Терминологиялық хабаршы. – №2 (48). – 2014. – Б. 19-27.
6. Нұргали Р. Алашордысы. – Алматы:Алаш, 2004. – 114 б.
7. Жүбаева О.С., Сүлейменова Ж.Н., Сарбалін А.Б. Қазақ тілі білімі терминдері:когнитивтік негіздері// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.– 2019.–№ 1(173).–С. 95-101.<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2620>
8. Жүбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 450 б.
9. Айтбаев Ө. Қазақтілілімінің мәселелері. –Алматы:Арыс, 2007. – 624 б.
10. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
11. Қалиев Б., Ысәқова С.С. Танымдық қазақ тілі. – Алматы: M-styl,2009. – 132 б.
12. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы:зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. –Алматы:Сардар, 2014. – 928 б.
13. Issakova S., Taganova A., Oralbaeva M. Term semantics from a cognitive viewpoint// Procedia-social and behavioral sciences, conference proceedings citation index (Web of science core collection).–V. 214 (2015). –P. 965-969. <http://dx.doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.11.683>
14. Аидарбек Қ.Ж., Сүйерқұл Б.М. Когнитивтік терминтаным концепсиясындағы дискурс мәселелері//ҚазҰУ хабаршысы. Филологиясериясы. –№2 (160). –2016. –С.86-90.<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1915>
15. Volodina M. V. Kognitivno-informacionnaja priroda termina (na materiale terminologii sredstv massovoj informacii) / MGU im. Lomonosova; Filolog. fak-t.– Moskva: Znania, 2000. – 128 s.

### Авторлар туралы мәлімет

**Хасанғалиева Бибиғұл Кенесовна** – Қ. Жүбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Ақтөбе, Қазақстан.

**Хасанғалиева Бибиғұл Кенесовна** – докторант Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Ақтөбе, Казахстан.

**Khasangaliyeva BibigulKenesovna**– doctoral student, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

**Исакова Сабира Сағынбекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан.

**Исакова Сабира Сағынбековна** – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан.

**Issakova Sabira Sagynbekovna** –Doctor of Philology, professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

**Әлімбек Гауһар Рысбекқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Алимбек Гауһар Рысбекқызы** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Alimbek GauharRisbekkizy** – candidate of Philological Sciences, associated professor,L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 16.31.41

Туып өскен жері Қарасаз елді мекенін асыл да, ардақты кейуанаға, «Кеудең кең, жотаң алып, тасың найза» деп бейнелі, суретті сөздермен әдемі өрнек сала жырлаған ақын басынан қар кетпейтін алып тауды ақ басты қарияға теңеуі ақындық құдіретінің хас шеберлігін, қаламының қарымды екендігін танытады. Жалпы ақынның әрбір өлеңінен туған жерге деген ғашық жүректің лүпілін сезесің. «Өскен жер, өн бойына тұрсам қарап, өзіме, өлеңіме бітер қанат» деп жырлауы да сондықтан. Туған жердің әрбір тал-шыбығы, әрбір тасы, сылдырап аққан мөлдір өзеңі мен жапырақтың сыбдыры, таудан соққан самал желі ақын жүрегіне ұялап, жыр болып төгіледі. Батық Мәжитұлының айтқан бір сөзі бар: Қарасаз, Мұқағали! Бірін айтсақ, екіншісі еске түседі. Қазір бұл мекен қазақ ұғымындағы қасиетті өлке. Рас, өте орынды айтылған. Себебі, Қарасаз елді мекенін Мұқағалидың есімінсіз елестету, я айту мүмкін емес. Туған жері Қарасаз бен ақын аты қатар аталатыны да осы себепті. Оған дәлел:

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде туылдым.

Айналайын, Қарасаз,

Қасиетіңнен суыңның.

Сенің әрбір бұлағың

Менің әрбір қан тамырым емес пе? [9, 50].

Әрбір ақынның мінезі бүгіннен пайда бола салған құбылыс емес. Оның тамыры тым тереңге, ғасырлар қойнауындағы сарқылмас халық қорынан нәр алатыны анық. Халықтың дәстүрді, ұлттық тілді, ата ұрпақты ерекше сыйлап, қадірлей білу де көп ақындардың суреткерлігіне, синтездік ойшылдығына тән.

Ақын Қ. Мырзалиевтің поэзиясындағы туған халқының кешегі тағдыры, талапайға түскен талайы туралы ордалы күйзелісі оқырманын ойлантап, толғантап қоймайды. Сол ойлардың құшағында отырып, бүгінгі тіршілігіміздің мәні мен мақсатына, рухани өміріміздегі сүйініш пен күйінішке де көз жұмып қарай алмаймыз. Өйткені, ақынның өткен тарихтың соқтықпалы – соқпақты жолдары туралы ащы ойлары ашындырып қана қоймай, осы заманғы әлеуметтік тыныс-тіршілігіміздегі кейбір мәселелерге де ой көзімен, сын көзімен қарауға еріксіз жетелейді.

Қазақ әдебиетінің негізгі арнасы дәстүрлі ақындық поэзиядағы лирикалық өлеңдер – ұлттық сипатты ұлағатымен халықтық тағылымды жалғастырған рухани құндылықтар. Халықтың ататек-әулет жүйесі сабақтастығын, атамекен қоныстардың қасиетті өнегесін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүр ұлағатын, тарихи тұлғалар тағылымын әр алуан жанрлардағы лирикалық өлеңдермен жырлаған ақындық поэзияның ұлттық сипаты ұрпақтар көңілін сәулелендірді, қазақ рухының қуаттылығын дәлелдеді.

**Нәтижелер.** Дәстүр немесе ұлттық ерекшелік тек әдебиеттік көрініс емес. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті, ғұрып адам мінезі мен тіршілігіне тікелей байланысты. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кететін құбылыс емес. Сол сияқты ұзақ уақыт бойына, тіпті таптық қоғамдардың ауысуына қарамастан өзгермей қалатын кездері де бар. Ғалым В.Г.Белинский үрдіс, дәстүрдің, салттың адам психикасына, мінезіне байланысты түзіліп қаралатын тұрақты құбылыс екенін даусыз нәрсе деп қабылдап, әдебиет туралы былай дейді: «Әдебиет қолдан жасалынбайды, оның жасалуы халықтың ырқынсыз, көңіл қалауынсыз, ниетінсіз болатын тіл мен дәстүрлердің жасалуы сияқты» [10, 19].

Ақын – қоғамдық-эстетикалық құбылыс. Сол үшін де оған екеуінің тарихымен қатар заңдылықтарын, даму жолдарын, қажеттіліктерін қапысыз білуі керек. Яғни, ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамның көкейкесті мәселелерін көтеріп, оған үн қосумен бірге, өзіне дейінгі әдеби дәстүрлердің жылт еткен жаңалығын одан әрі жалғастыруы тиіс. Бұл ретте Абайдың: «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі – жамау бірі – құрау, әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса, кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау» дегені оның бұрынғы дәстүрге сыншылдық көзқарасы ғана емес, өз шығармашылығындағы өсу эволюциясын танытады. Бұл Абайдың ғана емес, кез келген ақындардың басында да болатын өсу процесінің көрінісі.

Кеңестік дәуірдегі әрбір ақынның бойында белгілі бір өсу процесі болды. Ол мінез жағынан, ойдың, таным жүйесінің кеңдігі тұрғысынан өлең өлкесінде өріліп, өрбіп жатты. Ұрпақтың бойындағы ұлттық мінез халықтың салт-санасы, ұлттық дәстүрін сақтауы арқылы танылады. «Әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп тұратын өзіндік тұрақты құндылықтары мен дәстүрлердің жүйесі болады» [10, 85] – дейді С. Нұрмұратов «Сол дәстүрлер жүйесі келер ғасыр

ұрпағының жадында қаларма екен?» деген ой. Кеңес дәуірінде салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтар жайында қалам тербеген ақындар қаншама. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев өзінің жалынды жырларымен Кеңес дәуірінде қазақ поэзиясының дамуына орасан зор үлес қосты. Ол өзінің найзағайлы қысқа ғұмырында туған әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырып кеткен дара тұлға, қайталанбас талант. Ақынның поэтикалық қуаты жоғары, көркемдік сапасы биік, мағына-мәні терең поэзиясы қай кезеңнің де рухани қажетін өтейтін әдеби мұра екендігі даусыз. Сұлу сөзді өлең жолында қолданғанда оның мағынасын эстетикалық талғаммен зерделеу, әр сөздің салмағын байыптау ақынның шеберлік талантын танытса керек. М.Мақатаев жырларын зерделей отырып, оның қарапайым сөздің құдіретін асқақтата білген шеберлігін танымыз.

Адам баласының бойында ұлттық мінездің қалыптасуына ұлттық әдет-ғұрып, тұрмыс-салттың маңызды орны бар екендігі анық. Яғни, халықтың ұстанған салт-дәстүрі, айналысқан кәсібі халықтың бойына өзіндік ұлттық ерекшелігін дарытады.

Ұлттық ерекшелігімен, басқа ұлттардан кем түспейтіндігімен дараланатын атам қазақ мақтануды «әлімсақтан бері қарай жек көрмеген» екен. Өлең бойында бұл көріністі де ақын жеңіл тілмен ұғындыра жырлайды және ол қасиетін:

Дәулет шалқып, ырысы асқанында

Қақысы бар қазақтың мақтануға, – деп түсіндіреді.

Алайда, дарақы боп, асып-тасып кетпегенін қалайтын ақын сабырлыққа үндейді.

Дарақы боп қазағым кетпесін деп,

Сабыры тұр күзетіп арт жағында [10, 156] – деп үнемі сабырлықты серік еткен бейне арқылы қазақы мінезді суреттейді. Өлеңнің сыртқы түрінен-ақ ұлттық мінез, ұлттық бейне, ұлттық көрініс, ұлттық психология сезіледі.

Ақын ниетін, адал пейілін «Әттең, шіркін» өлеңінен де байқауға болады. Қазақтың пейіліндей кең жазира даласы, асқар таулары, бетегейлі белдері, бұлаң қаққан бұлақтар мен сыбдыр қаққан құрақтары, бәрі де ақынның қазақ даласына деген сағынышын оятады. «Әттең, шіркін, құс болып жаралмадым» деген ақын жырында үлкен арман жатыр. Қазақтың атырабын аралау – ақын арманы. Жайған ақ дастарханынан дәм тату ниетінің де ақ екендігін білдіреді. Бұл ұлттық қасиетінің көрінісі. Қазақтың кең даласын құсша еркіндікте шарлай ұшып аралау – ақын қиялы. Қазақ халқының ұлттық көріністі өлең жолында нәзік сезімталдықпен жеткізе білген. Кең пейілділік пен дарқандықты қасиет тұтып, еркіндікті сүйе білген қазақ қашанда «ар-намысын аяққа таптатпайды». Бұл қазақы, ұлттық қасиетіміздің бірі.

Сол сияқты ұлттық салт-жоралар дәстүрінің байыбын барлап отырып, Қадыр Мырзалиев те бүкіл бір халықтың өз ішіндегі қайшылықтар сырына

терең бойлай алған. Әсіресе, ұлттық мінез тұрғысынан. Ұлттық мінездің қазіргі қазақ өлеңіндегі бітім-болмысы дегенде, Қ.Мырзалиев шығармашылығының басқалардан оқ бойы озық тұрғанын айтсақ, бұл жаңалық ашу емес. «Ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттық әдет-ғұрпы, тұрмыс-салт, кәсіптік шаруашылықтық ерекшеліктері, ұлттық сезім, бәрі де маңызды» [10, 64]. Яғни, әрбір халықтың ұстанған әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, айналысқан кәсібі сол халықтың бойына өзіндік ұлттық ерекшелігін дарытады.

Қазақ өлеңіндегі ұлттық мінездің жарқырай көрінетін бір тұсы – өлең өміріндегі «кейіпкерлердің», әдеби бейнелердің кескін келбетінің суреттелуі мен бітім-болмысының жан-жақты бейнеленіп жасалатын жері, Қ.Мырзалиевтегі:

«Малын емес, қызын бағып кемпірлер,  
Босағаға жатып алған көлденең»

немесе:

«Күндіз-түні жаппайды ел есігін,  
Көршілердің қылығын елесін кім.  
Бір әжейдің кебісі,  
Бір әжейдің

Аяғында жүреді келесі күн», – деген сияқты жолдарда көршілердің, әжелердің қылығы арқылы ұлттық мінезді танып отырмыз, ол қандай мінез дегенге кеңдік, қонақжайлылық деп жауап берер едік. Аталған мысалдардағы ерекшелік ұлттық мінездің қазақ өлеңдерінің тұрақты кейіпкерлері, әжелер бейнесі арқылы берілуінде десек, бірінші мысалдағы әжелер «қу» болса, екінші өлеңдегі әжелер – «аңқау». Әжелердің осы «қулығының» өзінен «қызға қырық үйден тыюға» саятын ұлттық дәстүріміз, әдет-ғұрыптық ерекшеліктеріміз танылады. Өз кезегінде көркем шығарманың ұлттық сипатын ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың да білдіретіндігі талассыз. Сонымен бірге «Босағаға жатып алып, қыздарын аңдитын кемпірлер» қылығында ұлттық сезімге қатысты жайттар жоқ емес, яғни өз баласына өскенше, немересіне өлгенше қарайласатын қазақ қарттарының берік туысқандық сезімін де аңғаруға болады. Ал туысқандық сезімнің әр ұлтта бірдей болмайтындығының үстіне, ұлттық мінездің бүтіндей болмысына тікелей әсер-ықпал ететінін де жоққа шығара алмас едік. Демек, ұлттық мінездің өлеңдегі күрделі бітімін оның жалаң жадағай суреттелмей, ұлттық сипат пен психологияның басқа түрлерімен бірлікте, тығыз байланыста бейнеленуі арқылы көруге болады екен. Ұлттық мінездің өлең болмысында бірден байқала бермейтін, көзге оңай көрінбейтін Э. Томас айтқандай «қиын материя» болуының сыры оның осындай күрделі табиғатынан туындап жатса керек. Ұлттық мінез өлеңнің қаны мен жанында, мазмұн мен мағына тереңінде жатады деп тұжырым жасайтындығымыз сондықтан.

Қадыр Мырзалиев шығармашылығында, әсіресе, осы кеңдік, дархандық, қонақжайлылық, меймандостық, осылармен туыс ақкөңілділік пен аңқаулық жайы әртүрлі қырынан көбірек жырланған. Дәлелдер болсақ:

Ол бастан жомарт қазақ топырағы,  
Ол қашан дастарқансыз тоқырады.  
Мейманға нәрін беріп, барын беріп,  
Қонақтан қалғанын жеп отырады.

Бұлар енді қонақжайлылық, меймандостық жайында болса, дәл осы қонақжайлылықты басқа ұлттарға тән емес деп үзілді-кесілді тұжырымдау әсте дұрыс емес. Бұл – бір, екіншіден қонақжайлылық қанша дегенмен тұрмысқа, экономикаға байланысты болғандықтан оның өзгермей тұрмайтындығы тағы да түсінікті. Бұл айтқанымызды мынадай пікірімен бекіте түссек: «Ұлттық мінездің кейбір сапаларын басымырақ бағалау көпшілік жағдайда экономикалық факторға байланысты болады. Мәселен, қонақжайлылық, қауымшылдық ұлттық мінездің айрықша қырлары болғанымен, бұларды өзі бірнеше күннен аш жүрген немесе рухани азғындауға ұшыраған ұлт өкілінің көрсете алмайтындығы анық» [11, 26]. Айталық, дәл қазір қазаққа нарық экономикасына «қарық» боп жатқан уақытта аңқау болуға болмайтындығы сияқты, қонақжайлылық та аса қажет, дұрысында мүмкін бола қояр ма екен? Демек, ұлттануда оның бір мінезіне басымдылықпен қарау үнемі дұрыс бола бермейді екен. Себебі, ұлттық мінез, оның жекелеген сипаттары мен қалпы өзгеріп отырады. Дегенмен ұлттық мінездің өзгермелілігін айтқанда, оны бүгін бар да ертең жоқ деген сияқты тым тез өзгертін құбылыс деп қарау дұрыс болмас еді. «О бастан жомарт қазақ топырағы» деп Қ.Мырзалиев айтақандай, қазақ мінезіндегі кеңдік қанға сіңіп кеткен табиғи сапа, тіпті, дәстүр іспеттес, қалып болғандықтан оның тез өзгеруі қиын. Қонақжайлылық та сондай. Бұлардан ұлттық мінездің қалыптасуы ұзақ жылдарды қамтитындығын, өзгеріске түсіп отырғанның өзінде, бітім-болмысын көпшілік жағдайда ұзақ уақыт тұрақты сақтайтынын қорытындылауға болады. Осы айтқандарымызды өлең өмірі, әдебиет шындығы айнадай ашып көрсететіні өз алдына мәселе.

Қазақтың ұлттық ойын түрлеріне жататын бәйге, көкпар, күресті ақын өзінің өлеңдерінде өте әдемі суреттейді. Әрбір оқырманға өзіндік ой, тәлім-тәрбиелік мән-мағына береді. Салт-дәстүрімізді өмірдің күресіне, тартысына теңеп, ойын мен өмірді байланыстыра отырып жырлауы, осының бәрі ақынның шеберлік қасиетін танытады. «Көкпар» атты өлеңінде:

Көкпарды - құрбан төліңді,  
Тартқанмен көңіл хошыңда,  
Тартысып өткен елімнің,  
Таңбасы жатыр осыңда! [12, 26].

Көкпар – тәрбиелік мәні зор ойын. Ақын «қайтсең де жеңісті өзгеге берме» деп тәрбиені ұстана отырып, оқырманға ой тастайды.



Шопандық атадан балаға мұра болып келе жатқан кәсіп. Ол ақындар шығармашылығында өте көркем, әрі шебер суреттеледі. Кисе киімі, іпсе тамағы, мінсе көлігі болған малды «қазақтың – ырысы, малы – бағы» деп таныған халық малды қасиет тұтып, ата-баба салған сара жолы арқылы осы бір дәстүрлі кәсібін жалғастырған. Малды қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіру бұрынғы заманнан жалғасып келе жатқан салт. Осы тұрғысынан ақын жақсы мен жаманын саралай келіп, былай дейді:

Бір жаманы – тынымсыз көше берген,  
Бір жақсысы – қимаған даланы кең [12, 76].

Халықтың сахарадай кең пейілді даланы қимауы жарасымды-ақ. Табиғаттағы бар көркемдік, сұлулық, әсемдік қазақтың өз бойынан табылғандай. Ақынның «көшіп-қонуды құмнан алған секілді» деп жырлауы сондықтан болса керек.

Мұқағали Мақатаев пен Қадыр Мырзалиевтің әр өлеңдерінде, әр шумағында қазақтың тарихы, психологиясы көрініс табады. Ақындардың халқының салты мен дәстүрін, рәсімі мен тұрмыс-тіршілігін қамтитын этнографиялық сипаттағы өлеңдерінде де ел тарихына үнілу, солардан сыр тарту, көне дәуір тынысы мен тұлғасын бүгінгі кезең биігіне шығарып қойып сөйлету ішкі-сыртқы гармониялық үйлесімділік пен тіл бітіре, тірілте сөйлеу басым түсіп отырады.

**Қорытынды.** Ұлттық сипатсыз, дәстүрсіз әдебиеттің болуы, өмір сүруі мүмкін емес, ұлттық сипат – әдебиеттің өз стихиясы, даму заңдылығы. Себебі, ол «...тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін көркем шығармалардың құндылықтар жүйесін, ұлттық құндылықтардың көріну ерекшеліктерін ашып беруге көмектеседі» [13, 155]. Әрбір ұлттық әдебиеттің халық өмірімен бірге жасасып келе жатқан өз жолы мен тарихының әр түрлі қоғамдық, саяси жағдайлардың әсерімен бірде тоқырап, кезеңдік кедергілерге ұшырап отыруы, кейде аршындап, алға түсіп, қоғамның даму қарқынынан озық тұруы әдбен мүмкін. Бірақ, бір нәрсе анық, әдебиеттің тарихи дамуы стихиялы түрде ұлттық арнада, ұлттық дәстүрдің негізінде ғана жүріп жатады.

60-80-шы жылдар қазақ поэзиясы ұлттық құндылықтарға тән қасиет, дәстүрге деген жаңа көзқарас пен өзгеше батыл арақатынас. Бейнелеу құралдарының дәстүр жалғасымен қатар, оны көркемдік тұрғыда дамыту, заман, уақытқа лайық өзгерістер енгізу және оны байыту мәселелері өзек болды.

Қорытындылай айтқанда, қазақ поэзиясының ұлттық дүниетанымын тек кестелі сөзбен ғана емес, ғылыми тұрғыда жазушылардың зерттеуімен, ақындардың шығармаларын талдау арқылы, ондағы өлең өміріндегі ұлттық мінез және поэзия жүйесінен іздегенде, Мұхтар Әуезов айтқандай, «Біздің поэзия өзінің тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет болып кетпегеніне» [14, 63] көз жеткіздік. Қазақ өлеңінің сипатын арнайы зерттеуіміздің мақсаты да осы болатын.

### Әдебиеттер

1. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Charles Lamb. Specimens of English Dramatic poets., in The Concise Oxford Companion to English Literature, 1808 y., – 39 p.
3. Серия литературных мемуаров. I том. Под общей редакцией: Вацужор В.Ә., Гея Н.К., Орлова В.Н., Машинского С.И., «Л.Н.Толстой в воспоминаниях современников» Москва, 1955, I том, – 642 б.
4. Тургенев И.С. Шығармаларының толық жинағы. – М.: Писатель, 1961. – 254 б.
5. Айбергенов. Т Аманат. – Алматы: Жазушы, 1975. – 107 б.
6. Әбдірашев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы: Жазушы, 1973. – 168 б.
7. Күмісбаев Ә. Екі перне. – Алматы: Жазушы, 1980. – 156 б.
8. Бегманова Б. М.Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық: Әдеби зерттеу / Б.Бегманова. – Алматы: Қаратау, 2015. – 232 б.
9. Мақатаев М. Көшпеді өлең немесе өшеді өлең: Өлеңдер мен поэма. – Халықаралық Абай клубы, 2013. – 384 б.
10. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы: Білім, 1997. – 303 б.
11. Aituganova S., Sarekenova K., Aubakir Zh., Karipbayev Zh., Seiputanova A., Aimukhambet Zh. The Impact of Online Technologies Supported by the Teaching of Poetry Poetology on the Achievements and Attitudes of Students // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, 2023, 11(3), pp.662-682  
<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0.85161358181&origin=resultslist&sort=plf-f>
12. Мырзалиев.Қ. Дала дидары: Өлеңдер кітабы. – Алматы: Жазушы, 1966. – 168 б.
13. Сұлтанғалиева О.Қ., Ердембеков Б.А., Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері // Хабаршы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология сериясы. - 2023. - №1 (142). – 154 б. DOI <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-154-162>
14. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959, – 375 б.

**Е.К. КАРБОЗОВ, Ә.Е. МАМЕЖАНОВА**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы,  
Казахстан

## **НАЦИОНАЛЬНОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ И ТРАДИЦИИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ 1960-1980-Х ГОДОВ**

**Аннотация.** В статье указывается, что литература без традиций не может существовать. Она имеет свой национальный характер, свою стихию, законность развития. Каждый национальный литературный путь и история, создаваемые вместе с жизнью народа, под влиянием различных общественных, политических ситуаций подвергаются не только депрессивным, но и периодическим препятствиям, порой прогрессируя, опережая темпы развития общества. Очевидно, что историческое развитие литературы происходит стихийно в национальном русле, исключительно на основе национальных традиций.

60-80-е годы казахская поэзия – это особенности национальных ценностей, новое отношение к традиции и иные решительные перемены. Наряду с продолжением традиций изобразительных инструментов, актуальными стали вопросы его художественного развития, внесения изменений, достойных времени и обогащения.

Национальное мировоззрение в казахской поэзии – национальная поэтическая традиция. Национальная поэтическая традиция – это драгоценная опора творчества. Традиция не развивалась, не проявлялась в своей специфике из-за различий эпохи и времени, не было создания традиции. Традиции развиваются и обогащаются новаторством. В 60-е годы плеяда поэтов, вошедшая в казахскую литературу, продолжила традицию и привила новый характер нашей поэзии. Этому и дается научно обоснованная максимальная оценка.

Данная работа изучает роль лирики в национальной поэзии, природу лирики, ценности времени, нравственные ориентиры. Изучая тенденции казахской поэзии 60-80-х годов, с целью всестороннего и глубокого охвата богатого наследия, мы решили ограничиться творчеством определенной группы поэтов. Основываясь на трудах многих ученых, мы показали, что у казахской поэзии есть традиции, уходящие в глубину веков.

Все эти выводы, которые мы наблюдаем в ходе изучения национального характера казахского стихотворения, отражают суть данного исследования.

**Ключевые слова:** поэзия, мировоззрение, ценность, национальный характер, традиция, национальный характер.

**E.K. KARBOZOV, A.E. MAMEZHANOVA**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**NATIONAL WORLDVIEW AND TRADITIONS IN KAZAKH POETRY OF  
THE 1960-1980S**

**Abstract.** The article states that literature without a national character, without traditions, cannot exist, has a national character - its element, the legitimacy of development. It is possible that each national literary path and history created together with the life of the people, under the influence of various social and political situations, are subjected not only to depressive, but also to periodic obstacles, sometimes progressing, outpacing the pace of development of society. But one thing is obvious, that the historical development of literature occurs spontaneously in the national channel, solely on the basis of national traditions.

60-80-ies Kazakh poetry is a feature of national values, a new attitude to tradition and other decisive relationships. Along with the continuation of the traditions of fine instruments, the issues of his artistic development, making changes worthy of time and enrichment have become relevant.

The national worldview in Kazakh poetry is a national poetic tradition. The national poetic tradition is a precious pillar of all creativity. One way or another, the tradition did not develop, did not manifest itself in its specifics due to the differences of the epoch and time, there was no creation of tradition. Although traditions are developing and enriched with innovation, in the 60s the galaxy of poets that entered our literature continued the tradition and acquired a new character in our poetry. This is given a scientifically based maximum assessment.

What is the role of lyrics in the national poetry that has become the object of research, and what is its nature, what values sprouted from its soils of that time and spread leaves, and what is its path of growth leading to, answering the questions, in what orientation and at what level, we put forward the significance of our work. Studying the trends of Kazakh poetry of the 60-80s, in order to comprehensively and deeply cover the rich heritage, we decided to limit ourselves to the work of a certain group of poets. Also, based on the works of many scientists, we have shown that Kazakh poetry has a deep source.

All these conclusions, balanced thoughts and conclusions that we observe during the study of the national character of the Kazakh poem reflect what has been said.

**Keywords:** poetry, world view, value, national character, tradition, national character

### References

1. Akhmetov Z., Shanbayev T. Adebiettanu terminderinin sozdigi. Almaty: Ana tili, 1996. – 240 p.
2. Charles Lamb. Specimens of English Dramatic poets., in The Concise Oxford Companion to English Literature, 1808 y.,– 39 p.
3. A series of literary memoirs. I volume. Under the general editorship of: Vatsuzor V.E., Geya N.K., Orlova V.N., Mashinsky S.I., Tolstoy L.N. vospominaniyah sovremennikov, M., 1955, I tom, – 642 p.
4. Turgenev I.S. Complete works, – M.: Pisatel, 1961. – 254 p.
5. Aibergenov T. Amanat. Almaty: Jazuşy – 1975. – 107 p.
6. Abdrashev Zh. Parasat pen paryz. - Almaty: Zhazushy, 1973. – 168 p.
7. Kumisbaev U. Eki perne. - Almaty: Zhazushy, 1980. – 156 p.
8. Begmanova B. M.Makataev zhane qazaq poeziyasindagy dastyr men zhanashyldyk: Adebі zertteu. - Almaty, Qaratau 2015. – 232 p.
9. Makataev M. Koshedi olen nemese oshedi olen. Olender men poema. – Halykaralyk Abay kluby, 2013. – 384 p.
10. Karibozuly B. Qazaq oleninin ulttyk sypany. Philol.gyl.d-ry dis. - Almaty, 1997. – 303 p.
11. Aituganova S., Sarekenova K., Aubakir Zh., Karipbayev Zh., Seiputanova A., Aimukhambet Zh. The Impact of Online Technologies Supported by the Teaching of Poetry Poetology on the Achievements and Attitudes of Students // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, 2023, 11(3), pp.662-682  
<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0.085161358181&origin=resultslist&sort=plf-f>
12. Myrzaliev K. Dala didary: olender kitaby/ - Almaty: Zhazushy, 1966.– 168 p.
13. Sultangalieva O.K., Erdembekov B.A., National-ethnographic features of Kazakh poetry in the era of independence // Khabarshyi L.N. Gumilev State University, Philology series. - 2023. – №1 (142). – 154 p. DOI <https://doiorg/10.32523/2616-678X-2023-142-1-154-162>
14. Äuezov M. Är jyldar oilary. – Almaty: Jazuşy, 1959, – 375 b.

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Карбозов Ерхан Карбозұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

**Карбозов Ерхан Карбозович** – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Karbozov Erkhan** – Candidate of Philological Science, Senior Lecturer Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Мамежанова Әсем Ермекқызы** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан.

**Мамежанова Асем Ермековна** – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Mamezhanova Assem** – magister Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ХҒТАР 17.01

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.14>А.К. МАТАЕВА 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: [asyl\\_mataeva@mail.ru](mailto:asyl_mataeva@mail.ru))

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

**Аңдатпа.** Әдеби сын – әдебиет тарихы және теориясымен тығыз байланысты әдебиеттанудың маңызды әрі күрделі салаларының бірі. Сын сөз өнерінің табиғатын, өмір шындығы мен көркем шындық арасындағы байланысты, эстетикалық заңдылықтарды анықтайды. Әдеби мұраларды, көркем туындыларды бүгінгі күн талаптары тұрғысынан бағалайды. Әдеби сын қазіргі әдеби үрдістерді, дамуын, суреткерлердің шығармашылығын заманауи көзқараспен пайымдайды. Әдеби-көркем туындының идеялық қуатын және эстетикалық сапасын анықтауда, әдеби сын қоғам дамуының алдында тұрған міндеттерге сүйенеді, адамзат құндылықтарының биігінен саралайды. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби сынның бүгінгі ахуалын, даму бағыттарын, кемшін тұстары және жетістіктерін сараптау, ерекшеліктерін зерттеу, ішкі заңдылықтарына үңілу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ әдеби сыны түрлі кезеңдерден өтіп, әлемдік әдебиеттанудағы озық тәжірибелерге сүйеніп, өз ғылыми тұжырымдарын қалыптастырғаны белгілі. Әдеби сынның ғылыми қағидаттарын қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы семиотика, структурализм, постмодернизм сипатындағы жаңа әдістер ұштауда. Қазіргі әдеби сын рецептивті эстетикаға, эстетикалық категорияларға басты назар аударады. Жаңа бағыттарды жан-жақты саралау – біздің зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттерін айқындайды. Осы ретте, мақалада қазіргі қазақ әдеби сынындағы әдебиетші ғалымдардың келелі еңбектерінің, тың ізденістерінің, сыни көзқарастарын жинақтау, талдау, салыстыру, зерттеу мәселелері сипатталды. Қазақ әдеби сынын зерттеудің жаңа тенденцияларына шолу жасалды. Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымы, әдебиет сынына қатысты ғылыми ізденістер жүргізген шетелдік, отандық ғалымдардың келелі де маңызды еңбектеріне талдау жасалып, әдебиеттану ғылымында алатын орны бағамдалды. Кешенді талдау жүргізу нәтижесінде қазақ әдеби сынының қазіргі жағдайы мен ізденістеріне қатысты өз пайым-тұжырымдарымыз ұсынылды.

**Түйін сөздер:** қазіргі қазақ әдеби сыны, даму бағыттары, жаңа ізденістер, зерттеу әдіснамасы, әдеби үрдіс.



**Кіріспе.** Әдеби сын – әдеби даму үрдісін бағалап, суреткерлер туындысындағы шынайы өмір ақиқаты мен көркем шындық байланысын зерделеп, шығармашылық ізденістерді бүгінгі күн тұрғысынан саралап отыратын әдебиеттанудың басты салаларының бірі. Әдеби сынның зерттеу нысаны – көркем әдебиет, әдеби үрдіс. Әдеби сын көркем шығарманың идеялық-эстетикалық құндылығын, көркемдік жүйесін айқындаумен қатар, туындының эстетикалық ерекшелігін, идеялық қуатын объективті бағалайтын әлуетке ие. Сын көркем әдебиеттің тірегі бола тұра, әдеби үрдісте ерекше рөл атқаратыны сөзсіз. Кәсіби сыншының ой-пікірі, түсінігі, қабылдауы, баға беруі оқырманның көзқарасын қалыптасырады, ал ол өз кезегінде шығарманың әдебиетте алар орнына, маңыздылығына әсер етеді. Бүгінгі әдебиеттанудағы семиотика, структурализм, постмодернизм сипатындағы жаңа әдістер әдеби сынның ғылыми қағидаттарын ұштауда. Сондықтан да қазіргі әдеби сында рецептивті эстетикаға, эстетикалық категорияларға баса назар аударылуы заңдылық.

Кейбір Еуропалық әдеби мектептер әдеби сынды әдебиеттану саласы деп қарастырмайды. Мәселен, ағылшын тілді елдерде әдебиеттану мен әдеби сын бір ғана концепт (мағына) береді. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы қоғам мен мәдениеттегі өзгерістер салдарынан қазіргі әдебиеттану ғылымының трансформациялануы, оның жан-жақты қарастырылып, сапалы сыни талдауын талап етеді [1, 29].

Сынның шығармашылық немесе ғылыми басымдылығы жайлы полемикалық пікірталастар жиі көрініс табуда. Әдеби сынның басымдылық жақтары жайлы сөз қозғағанда, оларды бір-біріне қарама-қайшы сипатта емес, қайта біртұтас алып, бір жүйелік байланыста қарастыру қажет екенін ескерген абзал. Қазақ әдеби сынында ол Т. Кәкішұлының «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», Д. Ысқақұлының «Сын жанрлары», «Сын шын болсын» еңбектерінде арнайы қарастырылды. Сын әдеби үрдістің деректерімен жұмыс жасайтын ғылым ғана емес. Шын мәнінде, ол ең алдымен сөз өнерінің, көркем шығармашылықтың бір бөлігі, әдеби қызметтің түрі. Сыншы – әрдайым әдебиетші, әдеби өмірді зерттеуші (бұл әдебиеттанудың құзыреті) әрі әдеби өмірге тікелей қатысушы» [2,101]. Осы ретте академик Р. Нұрғалидің: «Әдебиет сыны өз тұсындағы әдебиет мәселелеріне араласады. Сыншы – күнделікті әдеби құбылыстарды талдаушы, талғаушы адам. Ол – шығарманың көркемдік ерекшеліктерін, формасын талдаушы емес, ең алдымен туындыға негіз болған өмірлік материалды саралаушы, ойшыл, көркемдік сұлулықты ашушы. Бұл тұрғыдан әдебиет сынының эстетикалық міндеті мен социологиялық мақсаты қатар жүреді» [3,46-47], – деген пікірі қазіргі сынның ғылыми мәселелерін жіті аңғартуымен маңызды. Ағылшын ғалымдары Эндрю Беннет және Николас Ройлдың да: «Әдеби сын кәсібилікпен қатар парасаттылық пен этиканы, адамгершілікті, мәдениет пен шығармашылықты

талап етеді» [4,72], – сияқты көзқарастары сын табиғатын бағамдаудағы үндестікті көрсетеді. Жалпы, сын – әдеби үрдістің даму барысын анықтап, ақын-жазушылардың өсу деңгейін өлшейтін негізгі құрал.

Әдеби сын әдебиет пен әдеби үрдіске ықпал жасаумен қатар, жалпы мәдениетке, онда көрініс табатын және сыналатын көркемдік әлемді қабылдауға әсер етеді. Ендеше әдеби сын бір жағынан, өз заманының әдебиетін байытса, екінші жағынан оның жаңа қырларын жан-жақты ашуға және зерделеуге көмектеседі.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін әдеби-теориялық зерттеулермен байланысты әдебиеттану ғылымының қағидааттары, кешенді және жүйелеу әдістері құрайды. Сонымен қатар талдау, жинақтау, салыстыру сынды әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысына әдебиеттану ғылымы, әдебиет сынына қатысты байыптаулар жасап, ғылыми ізденістер жүргізген шетелдік, отандық ғалымдардың келелі де маңызды зерттеу еңбектері мен тұжырымдары тірек болды.

**Талқылау мен бақылау.** Еліміздің егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік алуы – сөз өнерін өнер заңдылығы, өнер табиғаты тұрғысынан объективті талдауға кеңінен мүмкіндік бермеген маркстік-лениндік әдіснамадан арылтты. Тоталитарлық жүйенің орнығуымен тікелей сабақтас кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің туу, қалыптасуы сынды күрделі кезеңінің идеологиялық қысымнан шеккен ауыр зардабы байыптала бастады [5, 435]. Ол әдеби сынға, сыншы шығармашылығына оң өзгерістер мен соны жаңалықтар әкелді. Сыңаржақ идеологиядан ажырап, тәуелсіздік алған соң қазақ әдебиетінде сын жанры барынша түрленіп, жаңаруға бет алды. Мысалы, он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінің 10-томында З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Р. Бердібаев, Ш. Елеукенов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали т.б. ғалымдардың эстетикалық талғам мен терең талдаудан тұратын еңбектерінен бастап, осы топқа жалғас Қ. Ергөбеков, Д. Ысқақұлы, Б. Майтанұлы, Б. Ыбырайым, З. Серікқалиев, Б. Сарбалаев, А. Нысаналы, Ә. Бөпежанова, С. Жұмабектердің еңбектерінде сынның бағыты, өрісі бағамдалып, сынның тың бағдарын аңғартатын көптеген жаңа ойлар мен көзқарастар айтылды [6,390].

Тәуелсіздік кезеңіндегі көркем әдеби сында түрлі ізденістерде әдебиетті насихаттау, таныту, талдау, эстетикалық қуатын ашу т.б. мақсат-міндеттер айқындалуда. Зерттеуші-ғалымдардың бұл бағыттағы ізденістерін бірнеше топтарға жіктеуге болады. Негізгілері ретінде келесі топтарды ұсынамыз: 1. Қалыптасқан дәстүрлі үлгілерді сақтай отырып, көркем әдебиетке баға беру; 2. Ұлттық құндылықтарды қайта қарау, тәуелсіз ел көзімен сыни талдау жасау; 3. Көркем әдеби сындағы эстетикалық талдаулар; 4. Көркем сынды әдебиеттің теориясымен, тарихымен сабақтастыру; 5. Әлемдік көркем сындағы жаңашыл сипаттағы бағыт-бағдарлармен байланыстыру.

Әрине, әдеби үрдісті қоғамдық дамудан бөліп қарастыра алмаймыз [7, 231]. Әдеби сын талдауларда қоғам талаптарын, әлеуметтік өмір ағысын басшылыққа аламыз. Ол, әлбетте, кеңес дәуіріндегі әлеуметтік сыннан қалған жұрнақ десек болады. Ең бастысы, әдеби сын өнер болмысына, шығармашылық психология әлеміне ене отырып, суреткердің шынайы боямасыз шеберлігін айқындауды мұрат тұтады. Қазақ әдебиетіндегі әдеби көркем сын жанрының тәуелсіздік кезіндегі дамуы мен бағыт-бағдарындағы ерекшеліктерді әдебиеттанушы ғалым Д. Ысқақұлы дұрыс көрсетеді [8,226]. Ғалым еңбегінде тәуелсіздік кезеңінің алғашқы он жылындағы әдеби сында түрлі ой қайшылықтары мен сан алуан пікірлер жинақталғанын баспасөз материалдары негізінде саралайды. Көркемдік-эстетикалық ойдың көп түрлілігі, көзқарас қайшылықтарының сан алуандығы алауыздықты емес, керісінше, ұлт әдебиетін еркіндік алған заманда қайтсек жаңа белеске көтереміз, халық игілігі үшін көркем шығарма қандай қызмет етуі керек деген сұрақтарға келіп тірелетіндігін анықтайды. Осының өзі де әдеби сында түрлі ой-пікір болғанымен, мақсат біреу, ол – ұлт әдебиетінің өрісті дамуы.

Әдеби сын эстетикалық мұрат пен әлеуметтік мүдделерді қамтиды [9,145]. Иә, әдеби сын көркем шығарманы бағалау мен оның эстетикалық талғамын, қоғамдық мән-маңызын анықтауда өз әдіс-тәсілдерін өзгертті. Бұған дейінгі социалистік реализм әдісімен, «мазмұны социалистік, түрі ұлттық» әдебиет деген көзқарас үстемдік етіп келгені мәлім. Әдеби сын бір жағынан өз заманының әдебиетін байыптаса, екінші жағынан оны түсінуге және жаңа қырларын ашуға көмектеседі. Әдеби құбылыстарды бағалаумен қатар, ұйымдастырушылық қызметін де атап айтқанымыз жөн. Мысалы, түрлі кезеңдердегі әдеби үрдістерді және авторлар шығармашылығын талдауда сайыс, пікірталастар арқылы белгілі бір мәселе төңірегінде сыншыларды біріктіруі. Осы ретте, әдеби және мемлекеттік сыйлықтар иегерлері – сыншы-әдебиетшілердің еңбектерін көпшілікке ұсыну әдеби сынның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады [10,159]. Сын – жарияланған шығармаларды екшеп, тұжырымдар жасап, жалпылаумен айналысады. Сонымен бірге әдеби үрдістегі жаңа құбылыстарды қай бағытта, қандай заңдылықпен дамидынын танып, анықтай біледі, демек, болашақты болжау қасиетіне ие. Әрине, мұндай пайымдаулар терең білім мен ізденістерді талап ететіні анық [11,87]. Сынның мақсат-міндеті әдеби үрдістерді саралаумен шектелмейлі, жалпы мәдениетке ықпал ететіні сөзсіз. Сөз өнерінің ұлттық құндылықтардан туындайтын табиғатын анықтайтын өрелі ізденіс қажет. Көркем ойға баға беруде тың ой мен терең пайымдауларға жол ашылды.

Рас, әдеби шығарма қандай қоғам болсын, ол қоғамның саяси-әлеуметтік сипаттарына бағына отырып, көркемдігімен сынға түседі. Қазақ қоғамының шындығынан туындайтын осы өзекті мәселені кезінде А. Байтұрсынұлы дұрыс екшеген еді. Асыл сөздің эстетикалық мұратын саралай келіп: «Адамның қай

ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы, жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту...» дейді. Сынның басты талабы шығарманың дұрыстығын тексеру, топшылауын айғақтау, дәлелдерін ашу, сипаттарының күшін таразыға салу деп түйеді [12, 402].

Тәуелсіздік кезіндегі әдеби сынның дамуын да алдыңғы кезеңдермен салыстыратынымыз анық. «Кеңес дәуірі әдебиетінің сын жанрындағы жетістіктер бүгінгі күнмен салыстырғанда анағұрлым өткір болды деп айтуға болады» [13,53], – деген пікірлер бар. Дегенмен тәуелсіздік деген қастерлі ұғым көркем ойдың еркіндігіне, ұлттың бұған дейін тар қапаста шығара алмаған әдеби, рухани құндылықтарын шалқар шабытпен жарқырата ашуына жол ашты. Бұл да әдебиетпен бірге қанаттас дамитын сынның да құлашты жайылуына мүмкіндік берді.

Қазақ әдебиеті сынындағы жаңа ізденістердің тың пайым, ұлттық таныммен бағалануына 1980-жылдардың соңындағы Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы шығармаларының ақталып, халықпен қайта қауышуының ықпалы зор болғаны белгілі. Кеңес өкіметіне дейін де өз шығармаларын эстетикалық сын талқысына салып, талай талдау мен талқылаудан өткен тұлғалар шығармалары классикалық сөз өнерінің озық үлгілері болып табылды. Олардың түрлі жанрдағы шығармаларына жазылған сын мақалалар эстетикалық талдаудың қоғамдық мәні мен ұлт дамуы жолындағы қызметтерін айғақтайтын маңызды ізденістер болатын. Соның ішінде Ә. Бөкейханның, Ш. Құдайбердіұлының «Түрк, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресіне» жазған сынындағы ел аузындағы шежірені ғылыми деректермен, дәлелмен анықтауды ұсынуы, «Қалқаман-Мамыр» дастанына берген сынындағы Қалқаманның қоштасу өлеңіндегі ішкі мазмұн мен сыртқы форма байланысына қатысты пікірлердің берілуі кейінгі талдауларға үлгі екені сөзсіз [14, 282-290]. Сондай үлгі сынның классикалық түрі – Ж. Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» баяндамасы. Ж. Аймауытұлы Ташкенттегі қазақ студенттеріне жасаған баяндамасында Мағжанның ақындық қуатын сынау үшін білім мен күш керектігінен бастап, ол қандай білім мен күш-қуат екендігін тарата талдайды [15, 400]. Осындай озық талдау мен эстетикалық талғамы биік, терең білім мен талантты тұлға пайымдарынан тұратын еңбектердегі озық дәстүр өзегі жаңа ізденістерді ұштай түседі, шыңдалу жолдарын айқындайды. Ол әдебиеттанушы ғалым А. Исмақованың «Алаш әдебиеттануы» зерттеуінде жан-жақты қарастырылған болатын.

**Нәтижелер.** Қазақ әдеби сынының тәуелсіздік кезеңіндегі басты сипаттарына тән ерекшеліктер оның бірнеше бағыттағы жаңа ізденістерінен байқалады. Қалыптасқан дәстүрлі үлгілерді сақтай отырып, көркем әдебиетке баға беру – қазақ әдебиеті сынының басты бағыты болып қалуда. Осы дәстүрді сақтай отырып, Б. Алдамжаров, С. Жұмабек, Т. Шапай, Ә. Бөпежанова,

Б. Сарбалаев т.б. сын мақалаларында әдеби туындыны талдаудың өзіндік мәнердегі үлгілері жасалды.

Т. Шапай «Күретамырды іздеу», «Өлең қандай, біз қандай» деген мақалаларында қазақ өлеңіне тән сипаттарды поэтикалық тұлға, лирикалық кейіпкер, ақын – оқырман, поэтикалық тіл қатынастарымен бірлікте бағалайды. Ақынның лирикалық кейіпкер, тұлға ретіндегі өлеңдегі орны, бейнесінің ашылуына ден қояды. Сыншы өлеңді талдау кезінде ақынның стильдік ерекшеліктерін, поэтикалық қуатын ескереді. Сонымен бірге ақын өлеңдерін сынауда таза талғампаз сыншы көзімен бағаны дәл әрі көркем береді. Қазақ лирикасында өзгеше бейнелі үлгілер жасаған Т. Молдағалиевтің кейінгі өлеңдеріне баға беруде бұрынғысы өте жақсы, қазіргісі жақсы деген бағаны қойып, оның себебі деп өлеңдегі кемшілікті: «кенін өзі тауысқан қабаттарды шұқылап жүріп алатыны бар» [16, 330], – деп бейнелейді.

Тәуелсіздік кезіндегі әдеби сын бұрыннан қалған таптаурынға кей-кейде бой алдырып, билікті мақтау, биік лауазым басындағы жекелеген тұлғаларды жөнсіз асыра мадақтаудың үлгісінен таза ажырай алмауда. Осы жат әдет басталған шақта-ақ барынша шынайы да әділ сынау Т. Шапай қаламына тән басты сипат. Мәселен, жазушы С. Жүнісовтің «Хан және Президент» өлеңіне қатысты пікірінде: «Әдебиетте Абылай мен Нұрсұлтан бейнесі «көркемдік балама – параллель» болып, қатар алынып, әдетке айнала бастағандығын (бұны С. Шаймерденовтен басталды деп көрсетеді), «татымсыз бейне», отаршылдықтан қалған, елді ірітіп бұзатын насихат [16, 330-331] – деп дұрыс анықтайды. Сыншы өзінің өткір ойын, нақты дәлелімен ұсынады. Осы тұста сыншының тағы да бір өзгеден бөлек бағалауындағы артықшылықты да атап өту қажет. Бұл – Тұрсынжан Шапайдың әр ақын өлеңін бағалауда қазақы үлгіні, дәстүрлі ұлттық бояумен беретіндігінде. Мысалы, Ж. Бөдештің «Тас бесігін» – «шабытты толғау», И. Сапарбайдың «Махалла мақамдарын» «тал жібектей оралып, сыбызғыдай сыңсып тұр» деп бағаласа, О. Асқардың «Қазығұрт», «Көкібелдер» жинақтарын «жылы ағысы бар» деп айқындайды [16,332-33].

Ұлттық құндылықтарды қайта қарау, тәуелсіз ел көзімен бағалауда Ш. Елеуеновтің «Әдебиет пен ұлт тағдыры», «Кешегі және бүгінгі роман: дағдарыс па, бетбұрыс па?», «Шағын ситуация - әлемдік проблема» атты мақалалары ерекше аталады. Сыншы жаңа қоғамдағы тың пайымдауларға жол бастауды мақсат етеді. Иә, қазақ әдебиеттану мен сын саласындағы пайымдаулар мен талдау өрісі, бағалау мазмұнының өресі де өзгерді. Әдебиет тарихына бұған дейін «ақтаңдақ» деп келген беттер қосылды. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, әдеби даму, жекелеген қаламгерлер шығармашылығы, рухани құндылықтар бүгінгі күннің биігінен жаңаша танымда бағалануда. Академик С. Қирабаевтың «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» еңбегі соның дәлелі.

Қ. Ергөбектің «Адасқандар» ақиқаты» деп аталатын еңбегі С. Мұқанов шығармашылығын ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің 1930-1960-жылдар

кезеңдеріндегі қоғамдық-саяси жағдайлармен байланыста алынып, кеңінен қарастырылған. 1931-1935 жылы жазылған шығарма 1959 жылы «Мөлдiр махаббат» болып өзгертілді. «Адасқандар» - қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма. Романның көркемдік сырын Қ. Ергөбек тақырыппен байланыстырады. Жазушының тақырып таңдауын басты себеп деп есептейді. Роман тарихи оқиға негізінде жазылған.

«Орайында, айта кетейік, «Сұлтанбек – Бәтима – Мұстафа оқиғасына» кезінде қызыққан жазушы жалғыз С. Мұқанов ғана емес, уақытында бұл тақырыпта Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов секілді қалыптасқан жазушылардың өзі «Шіркін шабыттанып жазатын махаббат драмасы екен-ау» деп алақандарын ысқан» [17,307].

Тақырыптың С. Мұқановқа бұйыруының себептерін оқиға кейіпкерлерінің М. Дулатовпен туыстық жақындықпен байланыстырады. М. Дулатовтың өзіне туыс болғандықтан, ал М. Әуезов тақырыптың М. Дулатовқа қатыстылығынан әрі С. Мұқановтың С. Сейфуллинге арқа сүйеуінде болса керек деп көрсетеді [17,307]. Қ. Ергөбек шығарманың жазылу тарихы және кейіпкерлердің кейінгі тағдырлары, романдағы түрлі эпизодтардың берілу тәсілдерінің себептерін, көркемдік шындық пен тарихи оқиға байланысын т.б. тұстарды жан-жақты зерттеуге ала отырып, көркем де әсерлі тілмен береді. Ғалым-сыншы әдеби талдаулар жасап қана қоймайды, кей тұстарды көркем үлгіде баяндайды, сондықтан да болар жанрын «роман туралы повесть» деп береді.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдеби сыны жаңа жанрлармен толықты. Жаңа жанрлар ғұмырнамалық проза, эссе, естелік, эпистолярлық үлгілер қазақ әдеби сынында кең тарала қоймаған еді. Тәуелсіздіктен кейін әдеби сын жанрлары өз ішінен тармақтала, тарамдана бастады. Мысалы, З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі өмірбаяндық деректер мен ғылыми пайымдау, эстетикалық талдауды қатар алып, ұлы жазушының шығармашылық лабораториясын, кісілік, тұлғалық бейнесін жан-жақты ашқан еңбек болды. З. Қабдоловтың өзі де жазушының өмірбаянын баяндап, болмаса, шығармасын талдап қана қоймайды, өнегелік қасиеттерін сын көзімен бағамдайды.

«Біз Мұхаңның кеңдігіне, кенендігіне әрі таңданып, әрі сүйсініп отырдық. Қарсыласқа қалай мән берудің, өзіне қарсы айтылған пікірді қалай қабылдаудың біз көрмеген бір жолын көрсетіп тұрғандай» [18, 66] немесе «Мұхтар тағдыры – қиын тағдыр. Өйткені ол – талант тағдыры. Ал талант жолы қашанда тар, тайғақ. Бірақ осының бір-ақ өтеуі бар: ол суреткер өмірінің нақты деректері оның затты өнеріне көшуі. Ал өмір өнерге көшкен жерден жазушы басталады» [18, 200], – деп толғанып, тебіреніп кетеді. Осындай құнды еңбектер қатарында Т. Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» кітабы да аталады.

Көркем әдеби сындағы эстетикалық талдаулар талғампаз да терең ойлармен өрілуде. З. Серікқалиұлы «Жылдар сазы», «Ойлар, толғаныстар»,

«Сын кітабы», «Ақ жол», «Дүниетану даналығы» т.б. сын кітаптарында қазақ әдебиетіндегі жеке қаламгерлер шығармашылығы, жалпы әдеби үрдістің дамуы, өркендеу, өсу бағыттары талданған. Бұл еңбектерде әдебиеттің дамуы мен өсуі өткенмен жалғаса бағаланады. Дәстүр сабақтастығы, өткен әдеби үрдістердің игі құндылықтарын негізге ала отырып, жаңа көркем ойлардың түрленуін қоғам өзгерістерімен байланыстыра зерттейді. Сондықтан З. Серікқалиұлының «Алтын жамбы» сын кітабы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

Әдебиет сыны әдебиеттің теориясымен, тарихымен байланыстыра зерттелетіні белгілі. Тәуелсіздік кезеңінде көркем сынның әдебиет тарихымен сабақтастығы алдыңғы орында болды. Бұл әдебиет тарихының терең білгірі сәкентанушы, сәбиттанушы Т. Кәкішұлының еңбектерінде негізгі ұстаным болды. «Ескірмейді естелік» кітабында С. Сейфуллиннің өмірбаянымен шығармашылық лабораториясы бірге алынып талданады. Әсіресе, бұған дейін көп айтыла бермеген «Совпарттағы қарындасыма (Гүлбаһрамға)», «Лашын әңгімесі (түс)» өлеңдерінің жазылуы, «Тар жол, тайғақ кешудегі» көптеген деректер, кейіпкерлер өміріне қатысты мәліметтер талғампаз сыншы көзімен бағаланады [19, 38].

Тәуелсіздік ойдың еркіндігі мен ұлттың азаттығын жария етті. Бұл ұлттың басты байлығы – әдебиет үшін зор бақ болатын. Сондықтан да болар, қазақ әдеби сынында ұлт мұрасы әдебиетті еркін елдің ұлы мұраттарының ой-қазығы етсек деген тілекпен көркем шығарманы талдау мен қуат-қарымын танытудың түрлі жолдары мен әдіс-тәсілдері көрінді. Сол ізденістер қатарында әдебиет теориясының білікті маманы Б. Майтанов еңбектері ерекше аталады. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі семиотика, драматизм, ішкі монолог, психологизмнің мәселелерін айқындап, оның көркемдік ойды берудегі тәсілдік ықпалына назар аударады. Сыншы өз еңбектерінде көркем шығарманы талдауда теориялық тұжырымдарға, нақты ғылыми сипатқа көңіл қояды. Ал С. Әшімбаев өзінің сын мақалаларында танымдық, тағлымдық мазмұнға көңіл аударды, интеллектуалдық ізденістерге иек артады. Сыншының «Ақиқатқа іңкәрлік» еңбегінде қазақ әдебиетінің көркемдік даму, қаламгерлердің шығармашылық болмысы суреттеледі. Ж. Дәдебаевтың «Қазіргі қазақ әдебиеті» зерттеу еңбегінде қазіргі қазақ прозасындағы тарихи тақырыптардың даму үрдісі талданады. «Абай жолы» роман-эпопеясының үздік үлгісін өнеге тұтқан кейінгі кезең шығармаларындағы тарихи кезеңдер суреттерін берудегі қаламгер шеберлігін жинақтау мен даралау, тарихи тұлғалар өмірін суреттеудегі әдіс-тәсілдер белгілерін анықтап көрсетеді.

Сынның мақсаты – әдеби туындының эстетикалық қуатын таныту, әсемдікті айқындау, көркем үлгіні талдау және ашып көрсету. Сондықтан да тәуелсіздік кезеңінде де әдеби көркем сында эстетикалық көзқараста әдеби үрдіске талдау жасау, қоғам мен жазушы қызметін, өмірін жарыстыра алу,



талант табиғатының «тектоникасындағы» ішкі қасиеттерді ашып көрсетуге ұмтылу мақсаты басты ұстаным болды [20, 79]. Ендеше, сынның шынайы мәні – талдау, яғни суреткерді дәл осы туындыны жазуға не итермеледі, ол өз мақсатына жетті ме, қазіргі қоғам көзқарасы тұрғысынан қаншалықты маңызды, өз ойын жеткізуде шеберлік деңгейі қандай, жалпы әдеби үрдістегі рөлі сияқты сын талдаулар орын алады [21, 339].

Қазақ әдебиеттану салаларының ішіндегі маңызды зерттеу нысандарының бірін әдеби сын құрайды. Әдеби сын – ХХІ ғасырда әдеби кеңістікте толықтай орнығып, қалыптасқан күрделі сала. Қазіргі қазақ әдеби сыны өз тарихында түрлі белестерді өткеріп, қоғамдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты трансформациялық үрдістерден өтуде. Мақсат-міндеттері, қызметі анықталып, сондай-ақ терминдері, бағыттары, мектептері, әдіс-тәсілдері, жанрлары толықтай қалыптасты. Осы бағытта қазіргі қазақ әдеби сынының ғылыми-әдіснамалық мәселелері бойынша әдебиеттану ғылымында жазылған зерттеу жұмыстары жеткілікті. Оларда сын тарихы, жанрлары, ғылыми әдіснамалық мәселелерінен бастап қазіргі әдеби дамудың өзекті мәселелері, жанр сипаты, қаламгер шеберлігі, көркемдік-эстетикалық жүйесі, шығармашылық ізденістегі жетістіктер мен олқылықтар, заманауи сөз өнерінің сырлы әлемі зерделенді.

**Қорытынды.** Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдеби сыны әлемдік әдеби сынның жаңашыл ғылыми қағидаттары, тың әдіснамалық ұстанымдарына иек артуда. Қазіргі әдебиеттану ғылымы көркем әдебиетті адамзат мәдениетінің басты құндылығы ретінде зерттеуге ден қоюда. Әдеби сын табиғаты барынша жаңғырып, жанрлық сипаты, көркемдік-эстетикалық жүйесі де түрленуде. Бұл ретте әдеби сын өнер мен өмір үйлесімі, адам болмысының сұлулық әлемі, әдеби шығармашылық психологиясына дендей енуде. Қазіргі қазақ әдеби сынының түрленуіне, дамуына түрлі буын өкілдері үлес қосып келеді. Әдеби сында дәстүрлі көркемдік-эстетикалық талдау, әдеби үрдісін шолу және жинақтай бағалау, қаламгерлердің шығармашылық портретін сомдау, кешегі және бүгінгі суреткерлер шығармашылығын эссе түрінде таразылаумен қатар семотика, структурализм, постмодернизм әдістері тұрғысынан зерделеу жаңа сипат алуда.

### Әдебиеттер

1. Kudaibergenova D. *Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives.* – Lanham, Boulder, New York, London: Lexington Books, 2017. – 258 p.
2. Quinn E. *A dictionary of literary and thematic terms.* – New York: Facts on File, 2006. – 474 p.
3. Нұрғали Р. *Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу.* – Астана: Күлтегің, 2002. – 528 б.

4. Bennet A., Royle N. An Introduction to Literature, Criticism and Theory. – London: Routledge, 2023. – 524 p.
5. Temirbolat A., Imakhanbet R., Orda G., Ospanova A., Omarov T. Specific of embodiment of the national idea in Kazakh literature // Man in India. – 2017. – №97(20). – P. 435–445. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85041682026&origin=reflist>
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 528 б.
7. Matayeva A., Jumagul S., Kopteva E. Modern kazakh literature studies: achievements, problems, development prospects // Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2023. – №1. – Б. 227-238. DOI: <https://doi.org/10.48081/SZWW2913>
8. Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 424 б.
9. Wolfreyus J., Robbins R., Wolmack K. Key concepts in literary theory. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006. – 190 p.
10. Abrams M., Harpham G. A glossary of literary terms. – Boston: Wadsworth Cengage Learning, 2009. – 393 p.
11. Baldick C. The concise Oxford dictionary of literary terms. – New York: Oxford University Press, 2001. – 280 p.
12. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
13. Әділханова Ж. XX ғ. 60-90 жылдар әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 118 б.
14. Бөкейханов Ә. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
15. Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қарасөздер / Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
16. Шапай Т. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: Арда+7, 2017. – 424 б.
17. Ерғөбек Қ. Дарасөз. – Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2015. – 384 б.
18. Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
19. Кәкішев Т. Ескірмейді естелік. – Алматы: Жазушы, 1994. – 432 б.
20. Жұмабек С. Таңдамалы / Құраст. З. И. Жұмабекова. – Алматы: Анарыс, 2014. – 288 б.
21. Cuddon J. A dictionary of literary terms and literary theory. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2013. – 784p.

**А.К. МАТАЕВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

## **ИССЛЕДОВАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ КРИТИКИ**

**Аннотация.** Литературная критика – одна из важнейших и сложных составных частей литературоведения, тесно связанная с историей и теорией литературы. Она определяет природу словесного искусства, взаимосвязь и эстетические закономерности между реальностью жизни и художественной реальностью. Литературная критика также оценивает литературное наследие, художественные произведения с точки зрения требований сегодняшнего дня, рассматривает современные литературные тенденции, ее развитие, творчество художников с современной позиции. При определении идейной мощи и эстетических качеств литературно-художественного произведения литературная критика опирается на задачи, стоящие перед развитием общества, дифференцирует ее с высоты человеческих ценностей. В современной казахской литературоведческой науке одним из актуальных вопросов является анализ современного состояния, направлений развития, недостатков и достижений литературной критики, изучение ее особенностей и внутренних закономерностей. Известно, что казахская литературная критика, пройдя различные этапы, опирается на передовой опыт мирового литературоведения и формирует собственные научные выводы и позиции. Научные принципы литературной критики взаимосвязаны с новыми методами семиотики, структурализма, постмодернизма в современной казахской литературоведческой науке. Современная литературная критика уделяет особое внимание рецептивной эстетике, эстетическим категориям. Всестороннее осмысление новых направлений определила цели и задачи нашей исследовательской работы. В статье были освещены вопросы обобщения, анализа, сравнения, изучения критических взглядов, новых поисков, научных трудов, критических взглядов современных казахских литературных критиков. Проведен обзор новых тенденций в изучении казахской литературной критики. Путем анализа исследовательских работ зарубежных и отечественных ученых определена ее значимость в литературоведческой науке. В результате проведения комплексного анализа представлены выводы и суждения относительно современного состояния казахской литературной критики и поисков в данном направлении.

**Ключевые слова:** современная казахская литературная критика, тенденции развития, новые поиски, методология исследования, литературный процесс.

A.K. MATAYEVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

## RESEARCH OF MODERN KAZAKH LITERARY CRITICISM

**Abstract.** Literary criticism is one of the most important and complex parts of literature, closely related to history and the theory of literature. It defines the nature of verbal art, the relationship and aesthetic peculiarities between the reality of life and artistic reality. It is aimed to evaluate literary heritage, artistic works in terms of the requirements of today. Literary criticism mainly considers contemporary literary trends, its development, writers and their work from a modern point of view. Since it defines the ideological power and aesthetic qualities of a literary work, literary criticism is based on the challenges facing the development of a society, differentiating it from the heights of human values. One of the topical issues of modern Kazakh literary science is the analysis of the current state, development directions, shortcomings and achievements of literary criticism, the study of features, the study of internal laws. It is a well known fact that the Kazakh literary criticism has passed various stages and is based on the best experience of world literature and sets up its own scientific conclusions and positions. Scientific principles of literary criticism are interconnected with new methods of semiotics, structuralism, postmodernism in modern Kazakh literary science. Contemporary literary criticism focuses on receptive aesthetics and aesthetic categories. Comprehensive understanding of new directions has determined the goals and objectives of our research work. In this connection, the article has covered issues of generalization, analysis, comparisons, study of critical views, new searches, scientific works, critical views of modern Kazakh literary critics. The review of new approaches to the study of Kazakh literary criticism was conducted as well. Having conducted the analysis of significant research works of foreign and domestic researchers, the role in the literature has been determined. As a result of a comprehensive analysis, the article has presented its findings.

**Keywords:** modern Kazakh literary criticism, development trends, new search, research methodology, literary process.

### References

1. Kudaibergenova D. *Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives.* – Lanham, Boulder, New York, London: Lexington Books, 2017. – 258 p.
2. Quinn E. *A dictionary of literary and thematic terms.* – New York: Facts on File, 2006. – 474 p.
3. Nūrğali R. *Qazaq ädebiätiniñ altyn ğasyry. Zertteu.* – Astana: Kültegin, 2002. – 528 b.

4. Bennet A., Royle N. An Introduction to Literature, Criticism and Theory. – London: Routledge, 2023. – 524 p.
5. Temirbolat A., Imakhanbet R., Orda G., Ospanova A., Omarov T. Specific of embodiment of the national idea in Kazakh literature // Man in India. – 2017. – №97(20). – P. 435–445. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85041682026&origin=reflist>
6. Qazaq әдебиетінің тарихы. On tomдық. 10-том. – Алматы: QAZAqparat, 2006. – 528 b.
7. Matayeva A., Jumagul S., Kopteva E. Modern kazakh literature studies: achievements, problems, development prospects // Bulletin of Toraighyrov University. – 2023. – №1. – P. 227-238. DOI: <https://doi.org/10.48081/SZWW2913>
8. Ysqaqūly D. Qazaq әдеби synynyñ tarihy. – Алматы: Qazyğūrt, 2011. – 424 b.
9. Wolfreyus J., Robbins R., Wolmack K. Key concepts in literary theory. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006. – 190 p.
10. Abrams M., Harpham G. A glossary of literary terms. – Boston: Wadsworth Cengage Learning, 2009. – 393 p.
11. Baldick C. The concise Oxford dictionary of literary terms. – New York: Oxford University Press, 2001. – 280 p.
12. Baitūrsynov A. Aqjol: Öleñder men tärjımeler, publ. maqalalarjäneәdebizertteu / Qūrast. R. Nūrğaliev. – Алматы: Jalyn, 1991. – 464 b.
13. Ädilhanova J. XX ğ. 60-90 jyldar әdebiettanu ğylymy: S. Seitov zertteuleri. – Алматы: Qazaq universiteti, 2014. – 118 b.
14. Bökeihanov Ä. Şyğarmalary. – Алматы: Qazaqstan, 1994. – 384 b.
15. Jūmabaev M. Şyğarmalary: öleñder, poemalar, qarasözder / Qūrast. Abdullin H., Därimbetov B., Jūmabaeva Z. – Алматы: Jazuşy, 1989. – 448 b.
16. Şapai T. Tañdamaly. 1-том. – Алматы: Arda+7, 2017. – 424 b.
17. Ergöbek Q. Darasöz. – Алматы: Qazaqstan baspa üii, 2015. – 384 b.
18. Qabdolov Z. Meniñ Äuezovım. – Алматы: Sanat, 1997. – 352 b.
19. Käkışev T. Eskırmeidi estelik. – Алматы: Jazuşy, 1994. – 432 b.
20. Jūmabek S. Tañdamaly / Qūrast. Z. İ. Jūmabekova. – Алматы: AnArys, 2014. – 288 b.
21. Cuddon J. A dictionary of literary terms and literary theory. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2013. – 784p.

**Автор туралы мәлімет:**

**Матаева Асыл Камчыбековна** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Матаева Асыл Камчыбековна** – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Matayeva Assyl Kamchybekovna** – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAXP 17.71.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.15>

А. МАУЛЕТ<sup>1</sup> 

Қ.И. ҚОБЛАНДИН<sup>2</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail:mr.ardabi@mail.ru<sup>1</sup>,kkalybek@mail.ru<sup>2</sup>)

### \*АҚМОЛА ҚАЗАҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада Ақмола қазақтары фольклорлық мұраларының жиналуы мен зерттелу жағдайына шолу жасай отырып, рухани құндылықтардың жастар тәрбиесіне тигізер ықпалы қарастырылады. Ақмола өңірін мекендеген халқымыздың рухани құндылықтары туралы жүргізілген ғылыми-зерттеу еңбектерге назар аударсақ қазіргі Ақмола жерін аралаған шетел ғалымдары мен отандық зерттеушілердің халқымыздың тұрмыс-салты мен этнографиялық қоныстану жағдайынан мәлімет берген естеліктерінде, Ақмола қазақтарының ауызша таралған рухани мәдени мұрасы мен өңірге ғана тән өзіндік мектептер қалыптастырған классик халық композиторларының шығармаларын халық аузынан жазып зерттегені жазылған. Ақмола қазақтарының рухани мәдени мұрасы аймақтық, этникалық қоныстану жағдайына байланысты өзіндік ерекшелікке ие. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, Ақмола облысының елді- мекендеріне шетелден қандастарымыз көшіп келді. Келген ағайынмен бірге жоғалуға шақ қалған рухани мұраның озық үлгілері де бірге келді. Ғылыми талдауда, Ақмола жерінде тұрып жатқан байырғы елдің фольклорлық мұраларының үлгілері, қандастармен бірге келген құндылықтармен салыстырмалы қарасырылып, аймақтық-орындаушылыққа тән ортақ ерекшеліктері, ұлттық рухани тұтастық тұрғысынан тұжырымдалады. Мақалада берілген қазақтың дидактикалық қысқа жанрлары туралы тың мәліметтер, авторлардың Ақмола өңіріне жасаған ғылыми-зерттеу жұмысы барысында жиналып сұрыпталды.

**Түйін сөздер:** Ақмола облысы, рухани мәдени мұра, этнография, Ақмола қазақтары, ғылыми-зерттеу, құндылықтар, ерекшелік, ұлттық.

---

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14972919 – Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

**Кіріспе.** Қазақтың рухани мәдени мұрасына ең бай өңірлерінің бірі – Ақмола облысын жайлаған елде халықтық кәсіби-поэтикалық және музыкалық өнер мен фольклордың оның ішінде ырым-тыйым жүйесі мен емшілік дәстүрлердің, отбасылық әдет-ғұрыптардың, ұлттық ойындардың дәстүрлері сақталған.

XVII-XIX ғасырлардағы қазақтың классикалық ән-күй өнерінің негізін қалаған, сал-серілік дәстүрдің өкілдері Үмбетей жырау Тілеуұлы, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтар да осы Ақмола жерінде өткен. Осы өңірде халқымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпына байланысты, этнографиялық құндылықтар, ұлттық қолөнер туындылары, халық ауыз әдебиетінің байырғы озық үлгілері (шілдехана, жоқтау, сыңсу, жар-жар, ән-күй, қара өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр, терме, жарапазан) атадан-балаға ауызекі, тікелей мұрагерлік жолмен таралып, ұлтымыздың және әлемдік адамзат прогресіне өзіндік үлесін қосуда. Зерттеу жұмысының мақсаты – Ақмола облысында тіршілік етіп отырған қазақтарда сақталған рухани мәдени мұра элементтерін және оларды сақтаушы көзі тірі мұрагерлерді жазу, сақтау, зерттеу. Аталған жұмыстар Ақмоладағы материалдық емес мәдени мұраны ұстанушылар мен мұра туралы толық ақпарат жинауға жол ашады. Өңірдегі мұраны сақтаушы егде жастағы мұрагерлердің қатарының сиреуі, мәдени құндылықтардың жас буынға тасымалдануын және жоғалуын келтіріп шығаратыны сөзсіз. Сондықтанда бұл зерттеудің ғылыми-практикалық мәні жоғары.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы далалық зерттеу барысында кең таралған тарихи және зерттеу сипатындағы сұхбат алу әдісінің көмегімен сұхбат берушінің ақпаратын алу және оны тіркеу, құжаттау және архивтеу әдістері қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Ақмола облысының рухани мәдени мұрасын жинап, зерттеу жұмыстарын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бұл өңір ғасырлар бойы көптеген саяхатшылар мен этнографтардың қызығушылығын тудырған. Бірақ Ақмола облысының рухани мұрасын зерттеу XIX ғасырдың 20 жылдарынан басталды. Көрнекті этнограф-ғалым А.С. Затаевичтің 1920-1936 жылдар аралығында қазақ халық музыкасын жинау, жазу және жүйелеу бойынша жүргізген экспедициясы негізінде жиналған мұралардан дайындалған еңбектерінде XIX ғасырда Көкшетау өңірінде өткен қазақ ән өнерінің классиктері Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтың 20-ға тарта әндерімен қоса ауызша таралған тұрмыс-салт әндерінен жиыны 200-ге тарта ән жинақталған. Аталмыш еңбектің «Ақмола губерниясы» деп аталатын II бөлімінде Ақмола өңірінен жиналған әндерді нотасымен және түсіндірмесімен көрсеткен [1]. Ғалым В.Дернова, А. Затаевичтің еңбектерінің жиналып жарыққа шығу тарихы туралы талдауында, 1922 жылы шілде айында Атбасарлық Мұхтар Жылқайдаровтан әртүрлі жанрдағы 24 ән жазып алғанын,



оның ішінде Көкше өңірінде өткен халық композиторлары Ақан сері, Біржан салдардың да әндерінің бар екенін айта келіп, М. Жылқайдаровтың Ақмола өңіріндегі халық мұрасының білгірі екеніне айырықша тоқталады [1, 558].

Ақмола жеріндегі музыкалық фольклордың зерттелуіне көп еңбек еткен Сыдық Мұхамеджанов пен Борис Ерзакович нотаға түсірген М. Майчекиннің құрастыруындағы Ақан сері мен Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы әндері [2], (Майчекин, 1959), Біржан салдың әншілік өнеріне байланысты Ерзакович, Ә. Дербісәлин, З. Қоспақовтердің «Ләйлім шырақ» [3] атты еңбектері.

Академик А. Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» [4], «Замана бұлбұлдары» [5] атты іргелі еңбектерінде арқа өңірінің халық композиторларының шығармалары зерттелген. Бұдан бөлек әр жылдары отандық жекелеген зерттеушілер, Ақмола өңіріне жинау, зерттеу экспедициясын жүргізді және жиналған мұралар жеке қорларда сақталуда. Ақмола қазақтарының ән-күй мұрасы туралы Т. Бекқожина [6, 45-46], Б.Ж. Аманов, Ә. Мұхамбетова [7, 92-226], Б. Каракулов [8, 39-42], А. Сейдімбек [9], С. Өтеғалиева [10, 61-72], Ерзакович Б.Г., З. Қоспақов [11], П. Шегебаев., С. Елеманова [12], А. Бердібай [13, 17-22], Ж. Жүзбай [14, 17], А. Байбек [15, 44-50], Р. Стамғазиев [16, 22-354], М. Әбуғазы [17, 144-198] т.б. қазақтың өнертанушы және фольклортанушы ғалымдары зерттеулер жүргізіп келеді.

Ақмола облысының музыкалық фольклорының жиналған тағы бір кезеңі 1958 жылдардан басталды. ҚаҚҰК-ның ғалымдары 1958, 1959, 1961, 1962, 1963, 1986, 1987 жылдары Көкшетау және Целиноград облыстарына бірнеше зерттеу ұйымдастырып Ақмола жерінен өте мол материалдар жинаған [18]. Осы зерттеулер негізінде Ақмола облысынан алынған материалдар әлі де жүйелі ғылыми айналымға енгізді қажет етеді.

Ақмола өңіріндегі музыкалық-фольклорлық мұрасын жүйелі жинаған ғалымдардың бірі музыкатанушы, этнограф Гүлсім Байтенованың «Көкшетау әуендері» атты еңбегі. Бұл Көкшетау өңірі әндерінің фольклорлық үлгілері туралы толығырақ мағлұмат беретін бірден-бір ғылыми еңбек. Г. Байтенованың бұл еңбегінде жарық көрген шығармаларды жанрлық, тақырыптық және мазмұндық жағынан бірнеше топқа жіктеуге болады. Бірінші, Көкше өңіріндегі халық композиторларының әндері (Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса т.б.), екіншіден, қазақтың отбасылық әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері (жоқтау, сыңсу, қоштасу, жылау, көріс, тойбастар, аужар, беташар, бақсы сарыны, жарапазан, бесік жыры т.б.) және кеңес дәуірінде шыққан «хат өлеңдер» т.б. әндер болып бөлінеді [19, 131-135].

Ақмола облысының 12 (Жарқайың, Сандықтау, Атбасар, Ерейментау, Жақсы және Есіл, Целиноград, Бурабай, Шортанды, Зеренді, Ақкөл, Қорғалжын аудандары) ауданы бойынша 2021-2022 жылдары рухани мәдени мұраны жинау, сақтау, зерттеу мақсатында кешенді экспедициялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде жоғалып кетуге шақ қалған көптеген құндылықтармен

оларды сақтаушылар туралы мәліметтер жазылып ҚР Ұлттық музейінің қорында сақталды және осы экспедиция негізінде жиналған тың материалдардан көлемді ғылыми еңбек жарық көрді [20]. Мақала авторының соңғы зерттеу еңбегін, Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдық тарихында облыс көлемінде рухани мұраны алғаш рет кешенді жасалған жинау, сақтау жұмыстары деп айтуға болады

2021-2022 жылдары Ақмола облысындағы рухани мұраларды кешенді зерттеу жұмыстарымыз барысында қараөлең, арыз өлең, жар-жар қатарлы тұрмыс-салт әндерінен бөлек, халқымыздың дәстүрлі ырым-тыйым (малдың кәрі жілігін босағаға, не қораға іліп қою және малдың сүйегін үйдің іргетасына немесе қабырғасына қосып қалау ырымы, құмалақ салу, жауырын қарап сөйлеу, т.б.) жүйесі туралы, қазақ халық емшілігі (сынықшылық, шеміршек көтеру, ұры тісті басу, тосап емінің жасалуы, сары аурудың емі, жусаннан жасалатын шайдың емі) туралы, ұлттық қолөнерге (зергерлік, сәндік қолданбалы бұйымдар жасау, ұршықпен жіп иіру, жүн түту, қайыстан өрім өру, ағаш шебері) байланысты, ұлттық ойындар (бес тас, тоғызқұмалақ, киім алғыш т.б.), ұлттық ас-тағам түрлері және жасалу жолдары (қорықтық, қарынға сары май сақтау, аққайыңның қабығынан сағыз-шәйір жасау) қатарлы мол мұра жиналды [20].

Бұл мақалада экспедициялық зерттеулеріміз негізінде, Ақмола жерінен жиналған рухани мол мұралардың ішінен жұмбақтардың халық өміріндегі атқаратын қызметі мен адам ақыл-ойына әсер етер ерекшеліктеріне тоқталамыз.

### **Жұмбақ**

Халық болмысымен біте қайнасып, ауызекі таралып ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, фольклорлық мұраларымыздың ең озық үлгілерінің бірі – жұмбақтар. Ақмола өңірінен жинаған мұраларымыздың ішінде жұмбақ-жаңылтпаштар мен тақпақтар көп кездесті. Бұл жанрды негізінен егде жастағы кісілер жағы көп ұстанып, насихаттап отырғаны анықталды. Жұмбақтың басқа өлең-жырлардан парқы – шағын көлемдегі жинақы құрылымға құрылып, көп нәрсені өз көлемінде бейнелей алады. Жұмбақ қиыннан қиысқан ой-қиялдың, терең көркемдік ассоциацияның жемісі. Халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрларының ішіндегі мақал-мәтел тілдік құбылыс, көркемдік-бейнелеу тәсілінің ішіндегі ең құнарлы да өнімді коммуникативтік қатынас құралы болып саналатыны, мақал-мәтелдердің көп қырлы құбылыс екені ғылымда дәлелденген болса [21, 210], жұмбақ тек әдеби сипатта ғана емес, ойындық, театрлық өрнекпен астасып, күрделі синкреттік жанрлық қасиетті иеленеді.

Жұмбақтың мәтіндік жағындағы ұйқас-үйлесімділігінің әртүрлі болып келетіні туралы фольклорлық жанрларды зерттеген еңбектерде де нақты көрсетілген: Аталған жанрда белгілі бір өлеңдік қалып сақталмайды. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан түрлі өрнектеледі. Олардың ішінде төрт

аяғын тең басқан өлең түріндегі үлгілермен қатар қарапайым қара сөзбен келетіндері аз емес [22, 252]. Осындай түрлі формадағы жұмбақтар өңірдегі зерттеулерімізде де көп кездесті. Мысалы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы Ақадыр ауылының тұрғыны Шолпан Әбілхайырқызынан жазып алған мына бір жұмбақ, қарапайым диалог баяндау түрінде айтылады:

Баспалап бір топ қаз ұшып келе жатады.

Жерде тұрған ақсақ қаз оларға,

- Ассалаумағаликум жүз қаз – депті. Ұшып келе жатқан бір топ қаз,

-Жоқ, біз жүз емеспіз.

-Біз, біздей біреу, біздің жартымыз, жартының жартысы, жердегімен қосса жүз боламыз депті.

Шешуі:

Біз дегеніміз отыз алты қаз,

Біздей дегеніміз тағы отыз алты қаз.

Отыз алтының жартысы он сегіз қаз.

Он сегіздің жартысы тоғыз қаз

Жердегі бір қазбен жүз қаз болады

Бұл жұмбақта адамның логикалық ойлау жүйесін тез іске қосуға жетелейді

М. Әуезовтің зерттеуінде жұмбақтағы бір үлкен ерекшелік оның тақырыптық жағынан халықтың тұрмыс-тіршілігін дәл бейнелеуі екенін айтады [23, 5].

Біздің Ақмола экспедициясы барысында табылған жұмбақтарымызда да аталған мазмұндар көрініс табады. Мысалы, Зеренді ауданы Ақадыр ауылының тұрғыны Шолпан Әбілхайырқызынан жазып алған мына бір жұмбақ:

Бойымда бар,

Ойымда жоқ

Шешуі: адамның кіндігі

Адамның дене мүшесін жасырған жұмбақтар ел арасында ауызекі көп таралған. Жоғарыдағы жұмбақта адамның кіндігін, бойымда бар – деп адамның денесінде бар дүние екенін айту арқылы жасырса, кейбір жұмбақтарда, адам мүшесін сипаты жағынан, белгілі бір заттарға теңеу арқылы, жұмбақ етіп жасырады. Мысалы, Жаламада жалғыз құдық [24, 423] – деп адамның кіндігін құдыққа теңеп жұмбақтайды.

Ақмола облысы, Зеренді ауданы Қанай би ауылының тұрғыны Бәдігүл Айдарқызының айтқан бірнеше жұмбағында, халықтың тарихи-қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған нақыш-өрнектер, ауыстырулар өте мол кездеседі. Мысалы,

Ұзын-ұзын үш қайыс,

Ұшығына кім жетер.

Шұбарала күйкентай,

Қызығына кім жетер.

Шешуі: жол

Бұл жұмбақта ұзыннан-ұзын созылып жататын жолдың шексіз-шетсіздігін суреттеген.

Бәдігүл Айдарқызының айтқан тағы бір жұмбағы:

Өзі тоқ, көлеңкесі жоқ.

Шешуі: су.

Бұл жұмбақ айтылуы жеңіл, тез ойға түсіп табыла қоятын сияқтанғанымен ұшқыр ойлауды қажет ететіні көрініп тұр.

Жұмбақтың жиі қолданатын тәсілі – шендестіру. Шендестіріп бейнелеу туралы да ғылыми еңбектерде сипаттама береді [25].

Мысалы, Ақмола облысы Атбасар ауданының Сергеевка ауылының тұрғыны Құмар Шошабайұлы айтқан жұмбағында осындай ерекшелік кездеседі:

Көк көлдің суын сімірген,

Ақ қарға ізін түсірген.

Өзі сондай қыран құс,

Жасында қолға ілінген.

Шешуі – қалам.

Бұл жұмбақта қаламды алып қыран құсқа теңеп тұр. Бір-біріне ұқсамайтын «көк» пен «ақ» түсті бір-біріне «сіміру» мен «түсіру» сөздері арқылы қаламның бірде сияны сіміріп, бірде қайтадан ақ қағазға түсіріп жазатынын бейнелейді.

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Кеңбидайық ауылының қарт тұрғыны Рахия Жұмабайқызы түр-түсі әр түрлі нәрсені шендестірген жұмбақ айтып берді:

Ақ пен қараны жарыстырдым.

Шешуі: жер мен қар.

Бұл жұмбақта «ақ» пен «қара» екі түсті шендестіріп, жарыстырдым деп арқылы шеті мен шегі жоқ қар мен жерді бейнелеген.

Мысалы, Ақмола облысы Атбасар ауданы Мариновка ауылының қарт тұрғыны, Ерсайын Бағдатұлы айтқан мына бір жұмбақта:

Бір кісіге бес кісі мінгеседі,

Ақ тақырдан су кешеді.

Шешуі – қалам.

Мұнда бес кісіге бір кісі мінгеседі деп, қаламды бес саусақпен ұстауды айтса, ақ тақырда су кешеді деп, қаламның ақ қағазда жазу жазуын бейнелеп тұр. Жоғарыдағы екі жұмбақта мәтіндік бейнелеу жағынан жағынан бір-біріне ұқсамағанымен, шешілер мағынасы бір болып тұр.

Құмар Шошабайұлы айтқан және бір жұмбақта:

Ақ тон кидім жағасыз,

Боз ат міндім тағасыз.  
Жасы үлкен ағалар,  
Осыны ойланып табарсыз.  
Шешуі – қайтыс болған адам.

Бұл жұмбақта ақ тон кидім деп, жағасы жоқ кебінді айтса, тағасыз боз ат деп марқұмның сүйегін салатын бесік ағашты, яғни табытты айтып отыр. Яғни, бұл жұмбақта ақыретті ақ тонға, бесік ағашты боз атқа теңеп тұр. Қожа Ахмет Ясауидің де бесік ағашты жансыз атқа теңейтіні бар.

Жұмбақта басқа жанрларға қарағанда көбінде теңеудің атқаратын рөлі зор. Мысалы, басқа жанрларда зат анық айтыла, жұмбақта жасырылған заттың барлық сипаты, қадыр-қасиеті басқа бір заттың бейнесінде астарланып жеткізіледі.

Жаппар тастың астында,  
Жасыл ала күйкентай.  
Шешуі: көз

Бұл жұмбақта адамның қабағын жапсар тасқа теңесе, оның астындағы көзді күйкентай деген құсқа теңеп, жұмбақтайды.

Көзге қатысты мына бір жұмбақта:

Жаппар тастың астында,

Жасыл ала қоңыз [25, 423]– деп адамның қабағын жапсар тасқа теңесе, көзді ала қоңызға (жәндікке) теңеп жұмбақ жасырып тұр. Яғни, бұл екі жұмбақта да, адамның ойын жанды дүниелерге аудару арқылы адамның көзін жұмбақ етіп жасырған.

Жұмбақтарда жасырған затты бейнелейтін кейбір сөздер:

Қара таудың басында,  
Қарқаралы деген құс отыр.  
Қанатына мұз қатып,  
Қайырыла алмай ол отыр.  
Шешуі: киіз үйдің түндігі

Үй айнала қарала күшігім жүгірді.

Шешуі: киіз үйдің белдеу арқаны

Қазақтың көшпелі тұрмысындағы этнографиялық құндылықтары, тұрмыстық заттарын және адамның келбетін бейнелейтін жоғарыдағы жұмбақтарда теңеудің басқа жанрларға қарағанда атқаратын қызметі ерекшеленіп тұр.

Қазақ ортасында жұмбақты жасырушылардың ойлау деңгейінің дәлдігін, зеректігін анықтайтын өнер ретінде жұмбақты көп қолданған. Жұмбақпен тіпті кейбір уәделі жұмыстардың өзі шешіліп отырғанын аңғаруға болады. Жалпы жұмбақтың адам ақыл-ойының деңгейін көрсететін құрал ретінде де пайдаланғаны туралы ғылыми еңбектерде жазылған [22, 252].

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы Жантеке ауылының тұрғыны Ұлпан Жетенқызы айтқан жұмбақта төсекке құрылатын шымылдықты былай жұмбақтаған:

Жайсам жамшыдай,

Жисам қамшыдай.

Шешуі: Шымылдық

Бұл жұмбақта шымылдықтың жайылғанда атқа жабатын жамшыдай үлкендігін, ал жиналғанда атқа мінгенде ұстайтын қамшының жіңішкелігіндей кішкене зат болып қалатынын теңеу арқылы жұмбақтап бейнелеген.

Шешуі осыған ұқсас жұмбақтар ел арасында жиі айтылады:

Мысалы, жисам жеңдей, жайсам көлдей [22, 430] – деген жұмбақта шымылдықтың жайғанда үлкен болатынын, жинағанда адамның жеңіндей кішкене болып қалатынын астарлы теңеумен жұмбақтап бейнелейді.

Ақмола облысы Есіл ауданы Красивое ауылының тұрғыны Алтын Нұржанғалиқызының бала күнінде анасынан естіген жұмбағы:

Бір аяғы ауыр жас келіншектің үйіне, бір ақсақал қонаққа келіпті. Содан жас келіншек ақсақалға:

Мен бір жұмбақ айтайын жорадан,

Тоғыз өгіз жоғалттым қорадан.

Осы жұмбақтың шешуін шешіп берген адамға,

Беретұғын сыйым бар ашылмаған ұрадан. – деп бір жұмбақ жасырыпты. Содан жас келіншектің жұмбағының сырын түсінген ақсақал сол үйге қоныпты. Жатарда ақсақал келіншекке: - Үйдегі бүкіл судың бәрін төгіп таста, үйде бір тамшы су қалмасын – депті. Содан келіншек су біткеннің бәрін түгел төгіп тастапты. Содан түннің бір уағында, үйге екі перінің қызы кіріп келіп, толғағы жетіп отырған қызды босандырып алып, енді баланы жуындырайын десе, үйдің ішінен ешқандай су таппапты. Сонымен перінің екі қызы сықылықтап күліп, далаға су әкелуге кеткенде, жаңағы ақсақал нәрестені өзі жатқан төсекке жатқызып алыпты. Сөйтіп жаңағы нәрестені ақсақал перінің қыздарынан аман алып қалыпты. Сонда жас келіншектің тоғыз өгіз жоғалттым деген жұмбағының шешуі: осы аман қалған баласына дейін 9 баласын перінің қыздары босандырып алып кетіп отырған екен. Бұл жұмбақтың шешуін табу, тосыннан естіген адамға өте қиын және бұл жұмбақ ескі наным түсініктегі бір-біріне қарсы күштердің күресін бейнелеу, жақсы мен жаман, әлді мен әлсіздің арасындағы күресте қашанда әділеттілік, жақсылық жеңетіндігін суреттейді.

Қазақтың жұмбақтарында естіген құлаққа ерсі, бірақ шешуінде әдеттегі заттарды бейнелейтін екі шешімді жұмбақтар туралы жұмбақ жанрын зерттеген ғалым Ш. Керім: «халық ішіндегі жұмбақтардың келесі бір үлкен тобына әдейі екі шешімді жұмбақтар жатады. Екі ұшты шешімнің бірі – адам аузына алып айтуға ұят, ерсі сөз болса, екіншісі әдеттегідей болуы шарт» [26, 31] – дейді.

Ақмола облысынан жиналған жұмбақтардың арасында, есілгенде ұятты, ерсі сөздер сияқты жұмбақтарда кездесті. Мысалы, біздің жазып алған жұмбақтарымыздың ішінде Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақан ауылының қарт тұрғыны Гүлжаухар Сейтқалиқызы айтқан мынадай жұмбақ кездеседі:

Сары аттың сиген жеріне шөп шықпайды.

Шешуі: жаққан оттың орны.

Бұл жұмбақта сары ат деп, жанған отты айтып отыр. Әдетте жанған оттың орнына көп уақытқа дейін шөп шықпайды.

Ақмола облысының Шортанды ауданы Шортанды ауылының тұрғыны Шайзанхан Құмарияұлының айтып берген жұмбақтары естілгенде ыңғайсыз (ұят) болып естілгенімен, шешуі күнделікті қолданатын тұрмыстық заттар:

Керген керген немене,

Керіп қойған немене.

Екі торсық азығы бар,

Бұтына қаққан қазығы бар.

Шешуі: бесік, ананың омырауы, бесіктегі баланың бұтына салатын шүмегі.

Бұл жұмбақта керген дегені бесік. Екі торсық азығы бар дегені, ол ананың екі омырауы. Бұтына қаққан қазығы дегені, ол бесікте жатқан баланың ауына салатын шүмегі.

Жақсы ауданы Жақсы ауылының тұрғыны Додай Аршаұлының айтқан жұмбақтары:

Төсек сал кемпір жатайық,

Жүнге жүнді жабайық.

Қызарғанды өшіріп,

Шошайғанды басайық

Шешуі: төсек сал кемпір жатайық дегені, қазақ үйдің түндігі. Қызарғанды өшіріп дегені, шамды өшіргені. Шошайғанды басайық дегені, киіз үйдің ішіндегі пештің моржасын алып тастағаны. Сонда бұл жұмбақ қазақтың көшпенді өміріндегі күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттарды астарлы бейнелеп тұр.

Естілуі ерсі болатын бір жұмбақты, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы Өркендеу ауылының тұрғыны Бақыт Сманқызы мен Шалқар ауылының тұрғыны Талжангүл Мамыталиева айтып берді.

Бақыт Сманқызы айтқан жұмбақта, от көсейтін көсеудің қара күйе болатынын, таба алмаған адамның арты қара – деп бейнелесе:

Жұмбағым жүті қара,

Таба алмаған адамның арты қара.

Шешуі: от көсейтін көсеу.



Талжангүл Мамыталиеваның айтқан жұмбағында өрмек тоқудағы адамның іс-қимылын, естіген адамға ерсі естілетін мәтіндермен бейнелеп жұмбақтайды:

Қылды қылдан өткізіп қылып жатқан немене?

Екі аяғын талтайтып ұрып жатқан немене.?

Шешуі: өрмек пен алаша тоқу.

Бұл жұмбақта қылды-қылдан өткізіп деп, өрмектегі бір жіпті екінші бір жіптің арасынан өткізіп қиыстырып тоқуды айтса, екі аяғын талтайтып ұрып жатқан немене деп, әдетте өрмек тоқыған адамның екі аяғын талтайтып, атқа мінгендей өрмектің үстінде мініп отыруын және тоқуға арналған қылыш тәрізді ағашымен ұрып отырып, өрмекті тоқуын жұмбақтап бейнелейді. Бұл екі жұмбақтың шешуі, қазақтың көшпелі тұрмысында жиі қолданылатын этнографиялық заттарына арналған.

Ақмола облысы Ақкөл ауданы Барап ауылының тұрғыны Гүлсара Құмарбекқызы айтып берген жұмбақтар:

Аласа терек, алпыс бұтақ.

Бұтақ сайын ұя,

Ұя сайын жұмыртқа.

Шешуі: тары

Бұл жұмбақта:

Аласа терек, алпыс бұтақ.

Бұтақ сайын ұя – деп тары дәнінің өсімдік кезін бейнелеп жұмбақ етіп жасырса, осы жұмбаққа ұқсас, бидайдың өсіп тұрғандағы бейнесін суреттеген бір жұмбақты Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы Жантеке ауылының тұрғыны Майра

Мәлжесқызы айтып берді:

Желі басы бес бие,

Бесеуі де жас бие.

Құлындары құла ала,

Құлақтары сары ала.

Шешуі: бидай

Бұл жұмбақта:

Құлындары құла ала,

Құлақтары сары ала – деп бидайдың өсімдік кезіндегі бейнесін, төрт-түлік малдың түр-сипатына салыстырып жұмбақ жасырады.

Ақмола облысы Ақкөл ауданы Барап ауылының тұрғыны Гүлсара Құмарбекқызы айтып берген жұмбақтарда қазақтың тұрмысындағы күнделікті пайдаланатын этнографиялық заттардан бастап, табиғат дүниесіндегі жәндіктерге дейін бейнелейді:

Мысалы,

Ізі бар, адымы жоқ аяғының,

Тимейді ұшы жерге таяғының,  
Қайырып екі қолын артына ұстап,  
Келеді әнін салып баяғының.  
Шешуі: қайық  
Жатыр екен су жағасында қатқан тері,  
Шытырман қалың орман жатқан жері.  
Оның дауысы адамнан да ащы дейді,  
Осыны тапқан адам ердің-ері.

Шешуі: бақа  
Болыпты бұрын байда боз арғымақ  
Бітіпті желкесінен екі құлақ.  
Безенген жеті жерден белбеуі бар,  
Сөйлейді адамзаттан бұрынырақ.

Шешуі: домбыра

Бұл жұмбақта «болыпты бұрын байда боз арғымақ» деп, домбыраның шешендігін арғымаққа теңеп отырса, «бітіпті желкесінен екі құлақ» деп, домбыраның екі құлағын айтып тұр. Безенген жеті жерден белбеуі бар деп, домбыраның мойнындағы 7 пернені меңзеп тұр. «Сөйлейді адамзаттан бұрынырақ» деп, домбыраның шешендігін, айтар ойының арыда екенін астарлап жеткізіп отыр. Осы жұмбақтағы және бір ескеретін нәрсе, «безенген жеті жерден белбеуі бар» деген сөз арқылы бұл жұмбақтың ескіден келе жатқанын аңғаруға болады. Себебі, қазақтың тарихи жыр-дастандары мен ғылыми еңбектерде кездесетін деректерде, домбыраның ең алғашқы нұсқаларында тек жеті, тоғыз, он бір перне немесе он үш пернелі деп суреттеледі. Мына жұмбақта жеті жерден белбеуі бар деп сол жеті пернелі домбыраны айтып отыр. Сондықтан да бұл арыдан келе жатқан жұмбақтың нұсқалары екені анық.

Кейбір жұмбақтарда ұқсас бір затты астарлы теңеумен әртүрлі бейнелейді. Мысалы, жоғарыда Гүлсара Құмарбекқызы домбыра аспабы туралы айтқан жұмбағында домбыранының тіл жетпес жүйрік шешендігін байдың жүйрік арғымағына теңесе, сөз жетпеген жерге домбыраның қасиетті қоңыр үні жететінін адамзаттан бұрын сөйлейді деп бейнелейді. Ал шешуі дәл осындай бір жұмбақты Шортанды ауданы Шортанды ауылының тұрғыны Амандық Ұябайқызының былай деп бейнелейді:

Екі қазық тоғыз ноқта,  
Теңселіп тербеледі адам соқса.  
Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанменен,  
Не пайда үндемейді, адам жоқта.  
Шешуі: домбыра

Бұл жұмбақта да, тілге шешен, сөзге жүйрік деп домбыраның тіл жетпес үн берер қасиетін бейнелеп тұр.

Ақмола облысының Шортанды ауданы Шортанды ауылының тұрғыны Амандық Ұябайқызының айтып берген мына бірнеше жұмбағы жоғарыдағы жұмбақ жасырудағы теңеудің рөлін айқын көрсетіп тұр:

Екі қазық, тоғыз ноқта,  
Теңселіп тербеледі адам соқса.  
Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанменен,  
Не пайда үндемейді, адам жоқта.  
Шешуі: домбыра

Ақмола облысы Зеренді ауданы Қанай би ауылының тұрғыны Бәдігүл Айдарқызының домбыраны жасырған мына бір жұмбағында:

Мойнынан ұстап, кіндігінен қытықтадым.  
Шешуі: домбыра

Бұл жұмбақта адамның сол қолымен домбыраның мойнынан ұстап, оң қолда домбыраның бетқақпағындағы ойығының жанынан шертетін қимыл-әрекетін жұмбақ етіп жасыру арқылы бейнелеп тұр.

**Нәтижелер.** Ақмола облысындағы рухани мұраларымызды жинау, зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе төмендегідей нәтижелерге тоқталамыз:

– Ақмола облысының тарихында алғаш рет, облыстың 12 ауданында рухани мәдени мұраны жинау, сақтау, зерттеу бойынша кешенді ғылыми-экспедиция жүргізілді нәтижесінде жиыны 85 елді-мекенді толық аралап, 183 көнекөз кісілермен жүздесіп, жазу, сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіліп, олар туралы архив (анкета) жасалды;

– Экспедиция барысында облыстың 12 ауданы көлемінен жиналған материалдардың ішінде бұдан бұрын ғылыми айналымға енбеген жаңадан табылған күйлер мен тұрмыс-салт өлеңдерімен қоса халқымыздың тұрмыс-салтында, этнографиясында қолданылып келген тәрбиелік мәні жоғары жұмбақтар өте мол жиналды оның ішінде қазақтың бұрынғы көшпелі тұрмысында кең орын алып, қазіргі таңда қолданыстан шығып ұмыт болған, халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрларына жататын жұмбақ-жаңылтпаштар әлі де атадан-балаға жалғасын тауып, өміршеңдігін сақтап отырғаны анықталды.

**Қорытынды.** Жұмбақ жанры қазақтың көшпелі өмірінің, күнделікті тұрмыстағы жағдайының айнасы. Атадан-балаға жалғасқан жұмбақ жасыру дәстүрінің – адамның логикалық ойлау жүйесін шыңдауға, сонымен қатар жан-жануарлар мен табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың күнделікті адам өміріндегі рухани һәм заттық рөлін насихаттауға қызмет ететіні даусыз. Ақмола облысындағы рухани мұраларды кешенді жинау жұмыстары негізінде ел арасынан жазылған, айшықты образды сөздерге толы жұмбақтардың ұзақ уақыт бойы халық жадында ұмытылмай сақталуы оның өміршеңдігін көрсетеді. Ақмола облысының ауылдық жерлерінде тұратын жасы үлкен кісілердің дені

тақырыптық бейнелеу жағынан әртүрлі, кісіні қызықтырып, логикалық ойға жетелейтін жұмбақ-жаңылтпаштарды әлі күнге дейін ұмытпай, жалғастырып отырғаны байқалды. Бұл жұмбақтар қазіргі мектеп қабырғасындағы жас балалардың ойлау зейінін ашып, тапқырлыққа, алғырлыққа баулитыны сөзсіз. Жұмбақтардан қазақтың көшпелі тұрмыс-тіршілігінде көп қолданыста болатын заттардың, ас-тағамдардың ел өмірінде жұмбаққа айналғанын көруге болады. Бұл жұмбақтар, қазақтың көшпелі тұрмысындағы рухани және заттық құндылықтарды қазіргі жас буынға дәріптеуге жол ашады.

Біздің ғылыми-зерттеуіміз көрсеткендей, тәуелсіздік жылдарында елімізге шет елден оралған қандастардың легі Ақмола облысына көптеп қоныс тепкені анықталды. Сол көшпен келген қандастарда қазақ халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерімен қоса, аспаптық музыкасының інжу-маржандары әлі сақталып отырғаны байқалды. Ғылыми жоба аясындағы тақырыпқа сәйкес, қандастардан көптеген ән-күйлер, ырым-тыйымдар, қазақтың дәстүрлі емшілігіне қатысты қыруар материалдар жазылып сақталды. Бұл дүниелер туралы бұған дейінгі зерттеулеріміз әлемдік деңгейде ғылыми мақала ретінде де жарық көрген [27]. Бірақ, қандастарымыздың алғаш елге оралғанда, өздерімен жетектей келген немесе келгеннен кейін осында туған бүгінгі ұрпақтарының ұстанымдары мен өмір салттары, қазіргі жаңа заманның талабына бет бұрып, бүгінгі урбанизациялық үдеріске араласып кетті. Бір сөзбен айтқанда, рухани мұраны көкірегінде сақтаған көзі қарақты үлкендердің қатары күннен-күнге сиреуде немесе азды-көпті білетін рухани құндылықтарын (күнделікті тіршілік дағдысында қолданыста болмағасын) ұмытып қалған. Мұның басты себебі, біріншіден, біздің өмір сүру дағдымыздың жаңаша бағытқа бет бұрып, жаңағы ата-бабадан қалған салт-дәстүрлердің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде керек болмауынан. Екіншіден, сол қандастармен келген рухани құндылықтардың мәдени-рухани өмірімізге керек болмауынан. Міне, мәдени саладағы бұл мәселелер, тек бір ғана Ақмола облысындағы жағдайдың көрінісі емес, рухани құндылықтарымызды жас ұрпаққа аманат етуге парыз жүктелген, мемлекеттің мәдени-ағартушылық бағытының үлкен олқылығын көрсетеді. Осындай кезек күттірмейтін мәселелерге тап болған қазіргідей жағдайда, Қазақстанның рухани мәдени мұрасын жинау, сақтау, насихаттаудың маңыздылығы, кімді де болса ойландыруы тиіс.

### **Әдебиеттер**

1. Затаевич А. Қазақ халқының 1000 әні. Ән мен күйлер. – Москва: Мемлекеттік музыка баспасы, 1963. – 589 б.
2. Майчекин М. Ақан сері Қорамсаұлы әндері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, - Алматы: 1959. – 53 б.
3. Ерзакович Б.Г., Дербісәлин Ә., Қоспақов З. Біржан сал Қожағұлұлы. Ләйлім шырақ. Әндер. – Алматы: Өнер баспасы, 1983. – 168 б.

4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: жазушы баспасы, 1975. – 400 б.
5. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 442 б.
6. Беккожина Т. Қазына. Музыкалы-этнографиялық жинақ. – Алматы: Жалын баспасы, 1979. – 112 б.
7. Аманов Б.Ж., Мухамбетова Ә. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. – Астана: Метро По, 2013. – 94 б.
8. Каракулов Б. Форма и ладовость в казахских обрядовых песнях // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. – №3. –1979. – 39–42 бб.
9. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002.- 832 б.
10. Утегалиева С. О музыкальной стилистике домбровых кюев-шертпе // Вопросы музыкальной культуры и образования: сборник статей, посвященный 20-летию Независимости Казахстана. – Алматы: 2011. – Вып. 2. – 61–72 бб.
11. Ерзакович Б.Г., Қоспақов З.Қ. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 112 б.
12. Шегебаев П. Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті. – Астана: ҚазҰӨУ, 2011. – 104 б.
13. Бердибай А. Система вставных элементов в казахских структуре казахских традиционных песен // Поиск. 2014. – № 2. – 17–22 бб.
14. Жүзбай Ж. Шертпе күйдің төрт мектебі. Зерттеулер және күйлер жинағы. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – 116 б.
15. Байбек А. Домбра как фактор ладообразования устно-профессиональных песен Арки (практический аспект) // Материалы международной конференции «Проблемы современного музыкознания и этноорганологии», посв. 90-летию Болата Сарыбаева. – Астана, 2017. – 44–50 бб.
16. Стамғазиев Р., Әбуғазы М. Назқоңыр. Хрестоматия. – Алматы: 2016. – 424 б.
17. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт баспасы, 2016. – 485 б.
18. Бекмұханбет Б.Д., Мылтықбаева М.Ш., Сабырова Ә.С., Пазылова А.Р., Дәрібаева А.А., Қайрулла К.И. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы. – Алматы: Құрманғазы ат. ҚҰК, 2019. – 240 б.
19. Бәйтенова Г. Көкшетау әуендері. – Алматы: Өнер, 1993. – 144 б.
20. Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том.– Астана, 2022. – 600 б. – қазақ, орыс, ағылшын.

21. Чобаноғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №2/2023. – 207-220-беттер. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.15>
22. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Алматы. ҚАЗАқпарат, 2008. – 812 б.
23. Аманжолов С., Жанұзақов Т. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
24. Тойшанұлы А. Шетел қазақ фольклоры: монография // жауапты ред. Б.У. Әзібаева. Evo Press, – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 452 б.
25. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1983. 1-т. 241-б.
26. Керім Ш. Қазақ жұмбағы . – Алматы: Санат, 1999. – 287 б.
27. Maulet, A., Smakova, Z.N., Junussova, B.B., Karsakbayeva, A.A., Rakymzhan, A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. Volume 11, Issue 18, 2016. – P. 11449-11465. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

**А. МАУЛЕТ, К.И. КАЛЫБЕК**

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

**ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХОВ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается духовное наследие казахов Акмолинской области, в том числе сбор, сохранение и изучение фольклорного наследия и влияние духовных ценностей на воспитание подрастающего поколения. При анализе проведенных научно-исследовательских работ по духовным ценностям казахов, проживающих в Акмолинской области, в воспоминаниях зарубежных ученых и отечественных исследователей, посетивших современную Акмолинскую область, давших сведения об образе жизни и этнографическом расселении нашего народа, рассмотрено устное духовно-культурное наследие казахов Акмолинской области и изучены произведения народных композиторов-классиков, сформировавших свои уникальные региональные школы. Духовно-культурное наследие казахов Акмолинской области имеет свою уникальность, обусловленную региональными и этническими условиями расселения. После обретения независимости большое количество наших соотечественников иммигрировало в населенные пункты Акмолинской области. Вместе с кандасами пришли передовые образцы духовного наследия. В научно-аналитической части статьи образцы фольклорного наследия коренных народов, проживающих в

Ақмолинской области, сопоставляются с ценностями, пришедшими с кandasами, и формулируются общие черты, характерные для регионального исполнительского искусства, с точки зрения национальной духовной целостности. Представленные в статье сведения о фольклорном наследии различных жанров были собраны и систематизированы в ходе научно-исследовательской экспедиции авторов по Ақмолинской области.

**Ключевые слова:** Ақмолинская область, духовно-культурное наследие, этнография, казахи Ақмолы, научное исследование, ценности, самобытность, национальность.

**A. MAULET, K.I. KOBLANDIN**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **AESTHETIC SIGNIFICANCE OF THE FOLKLORE HERITAGE OF THE KAZAKH OF AKMOLA REGION**

**Abstract.** The article examines the spiritual heritage of the Kazakhs of the Akmola region, including the collection, preservation and study of folklore heritage and the influence of spiritual values on the education of the younger generation. When analyzing the research work carried out on the spiritual values of the Kazakhs living in the Akmola region, in the memoirs of foreign scientists and domestic researchers who visited the modern Akmola region, who provided information about the lifestyle and ethnographic settlement of our people, the oral spiritual and cultural heritage of the Kazakhs of the Akmola region was considered and the works of folk classical composers who formed their own unique regional schools were studied.

The information presented in the article about the folklore heritage of various genres was collected and systematized during the authors' research expedition to the Akmola region. The spiritual and cultural heritage of the Kazakhs of the Akmola region has its own uniqueness, determined by the regional and ethnic conditions of settlement. After gaining independence, a large number of our compatriots immigrated to the settlements of the Akmola region. Along with the kandas came advanced examples of spiritual heritage. In the scientific and analytical part of the article, samples of the folklore heritage of indigenous peoples living in the Akmola region are compared with the values that came with kandas, and common features characteristic of regional performing arts are formulated from the point of view of national spiritual integrity.

**Keywords:** Akmola region, spiritual and cultural heritage, ethnography, Kazakhs of Akmola region, scientific research, values, identity, nationality.



### References

1. Zataevich A. Qazaq halqynyñ 1000 äni. Än men küiler. – Moskva: Memlekettik muzyka baspasy, 1963. – 589 b.
2. Maichekin M. Aqan serı Qoramsaüly änderı. Qazaqtyñ memlekettik körkem ädebiat baspasy, - Almaty: 1959. – 53 b.
3. Erzakovich B.G., Derbisälin Ä., Qospaqov Z. Birjan sal Qojağülüly. Läilim syraq. Änder. – Almaty: Öner baspasy, 1983. – 168 b.
4. Jūbanov A. Ğasyrlar pernesi. Qazaqtyñ halyq sazgerleriniñ ömiri men syğarmaşylyğy turaly ocherkter. – Almaty: jazuşy baspasy, 1975. – 400 b. 5. Jūbanov A. Zamana bülbüldary. – Almaty: Qazaqtyñ memlekettik körkem ädebiat baspasy, 1963. – 442 b.
6. Bekkojina T. Qazyna. Muzykaly-etnografialyq jinaq. – Almaty: Jalyn baspasy, 1979. – 112 b.
7. Amanov B.J., Muhambetova Ä. Dästürlı qazaq muzykasy jäne HH ğasyr. – Astana: Metro Po, 2013. – 94 b.
8. Karakulov B. Forma i ladovöst v kazahskih obrädoovyh pesnäh // İzvestia AN Kaz SSR. Seria filologicheskaja. – №3. –1979. – 39–42 bb.
9. Seidimbek A. Qazaqtyñ küi öneri. Monografija. – Astana: Kültegin, 2002.- 832 b.
10. Utegalieva S. O muzykalnoi stilistike dombrovyh küev-şertpe // Voprosy muzykalnoi kültury i obrazovania: sbornik statei, posväşennyi 20-letiu Nezavisimosti Kazahstana. – Almaty: 2011. – Vyp. 2. – 61–72 bb.
11. Erzakovich B.G., Qospaqov Z.Q. Qazaq muzyka föklorynyñ tarihnaması. – Almaty: Ğylym, 1986. – 112 b.
12. Şegebaev P. Elemanova S. Qazaq muzyka ädebiatı. – Astana: QazÜÖÜ, 2011. – 104 b.
13. Berdibai A. Sistema vstavnyh elementov v kazahskih strukture kazahskih tradisionnyh pesen // Poisk. 2014. – № 2. – 17–22 bb.
14. Jüzbai J. Şertpe küidiñ tört mektebi. Zertteuler jäne küiler jinağy. – Astana: «Saryarqa» BÜ, 2009. – 116 b.
15. Baibek A. Dombra kak faktor ladoobrazovania ustno-profesionälnyh pesen Arki (prakticheski aspekt) // Materialy mejdunarodnoi konferensii «Problemy sovremennogo muzykoznanıa i etnoorganologii», posv. 90-letiu Bolata Sarybaeva. – Astana, 2017. – 44–50 bb.
16. Stamğaziev R., Äbuğazy M. Nazqoñyr. Hrestomatia. – Almaty: 2016. – 424 b.
17. Äbuğazy M. Qazaqtyñ dombyra öneri. – Almaty: Nürsät baspasy, 2016. – 485 b.
18. Bekmūhanbet B.D., Myltyqbaeva M.Ş., Sabyrova Ä.S., Pazylova A.R., Däribaeva A.A., Qairulla K.İ. Qürmanğazy atyndağy Qazaq ũlttyq

konservatoriasynyñ fölklorlyq zerthanasy. – Almaty: Qürmanğazy at. QÜK, 2019. – 240 b.

19. Baitenova G. Köksetau äuenderı. – Almaty: Öner, 1993. – 144 b.

20. Maulet A. Aqmola oblysynyñ materialdyq emes mädeni mürasy: keşendi ekspedisialyq zertteuler. I tom.– Astana, 2022. – 600 b. – qazaq, orys, aғылсın.

21. Chobanoğlu Ö., Äşırhanova Q., Jümataeva Z. Maqal-mätelderdegi ülttyq minezdıñ körınısı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. №2/2023. – 207-220-better. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.15>

22. Qazaq ädebietiniñ tarihy. On tomdyq. 1-tom. Almaty. QAZaqparat, 2008. – 812 b.

23. Amanjolov S., Janūzaqov T. Qazaqtyñ halyq jūmbaqtary. – Almaty: Qazaqtyñ memlekettik körkem ädebiet baspasy, 1959. – 244 b.

24. Toişanūly A. Şetel qazaq föklory: monografia // jauapty red. B.U. Äzıbaeva. Evo Press, – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. – 452 b.

25. Qabdolov Z. Tañdamaly şyğarmalar. Almaty, 1983. 1-t. 241-b.

26. Kerim Ş. Qazaq jūmbağy . – Almaty: Sanat, 1999. – 287 b.

27. Maulet, A., Smakova, Z.N., Junussova, B.B., Karsakbayeva, A.A., Rakymzhan, A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. Volume 11, Issue 18, 2016. – P. 11449-11465. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Маулет Ардаби** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, Астана, Қазақстан.

**Маулет Ардаби** – Постдокторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Maulet Ardabi** – Postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Қобландин Қалыбек Ибрагимұлы** – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Кобландин Калыбек Ибрагимович** – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Koblandin Kalybek Ibragimovich** – Doctor of historical sciences, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 17.82.10

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.16>

\*А.Н. НУРЛАНОВА<sup>1</sup> 

А.К. СЕЙПУТАНОВА<sup>2</sup> 

А.Т. ЖӘМСАП<sup>3</sup> 

Қазақстан-Американдық еркін университеті<sup>1, 3</sup>

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті<sup>2</sup>

(e-mail: anur\_81@mail.ru<sup>1</sup>, aiimgul@bk.ru<sup>2</sup>, akerke\_t\_99@mail.ru<sup>3</sup>)

### Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АР-ҰЖДАН» КАТЕГОРИЯСЫ

**Аңдатпа.** Адамды басқа тіршілік атаулыдан бөліп тұратын ол – адамгершілік қасиеттер. Соның ішінде ең бастапқы орында ар-ұждан, намыс тұрады десек қателескеніміз емес. Данышпан ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы да ар мәселесін поэзиясында қозғап, оның негізгі мәні мен сәнін көрсетеді. Арлы және арсыз адамға тән қасиеттерді санамалап қана қоймай, оқырман қауымды ойландырып тастайды. Яғни, Шәкәрім ақын өлеңдеріндегі ар-ұят мәселесі жайлы сөз қозғай отырып, автор әр адамды өзіндік қорытынды жасай білуге баулиды. Мақалада Шәкәрім еңбектеріндегі ар-ұждан және оның басқа да елеулі тұлғалардың туындыларынан ерекшелігі айқындалады. Ардың жер бетіндегі күйлері сараланады, олардың түрлері топтастырылады. Арсыздықтың пайда болу себептері анықталады. Арсыздыққа жетелейтін негізгі күштер жайлы сөз қозғалады. Ақын поэзиясының мәні егжей-тегжейлі талданып, бүгінгі күнмен байланыстырыла жіктеледі. Шәкәрімнің гуманистік өлеңдерінің негізінде «Өмірде ардан жұрдай адам бола ма?» деген сұраққа жауап беріледі. Ақын шығармашылығының арқасында ардың адам өміріндегі таптырмас байлық екені расталады. Мақалада автордың тек туындыларындағы ғана емес, бойындағы арлылығы және даналығы Толстой мен Шәкәрімнің рухани үндестігі мысалында қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ар-ұждан, Ш.Құдайбердіұлы поэзиясы, ар, философия, философиялық поэзия, сана.

**Кіріспе.** Жалпы қазақтың философиясы метафоралық ойлау жүйесіне құрылған. Яғни, ол ақты ақ, қараны қара деп бере салмайды. Айтылар ой тек тұспалмен, астармен жеткізіледі. Шәкәрім ақынның да шығармашылығы сол сарынды. Сондықтан да оны оқырман бірден түсіне қоймайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы сан алуан. Ол поэзияның шағын жанрымен қоса эпикалық жанрда да, прозада да қалам тербеген, орыс, батыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақшалаңдырумен айналысқан. Туындыларының тақырыбынан-ақ ақын сол кездегі бұқара халыққа

қанағаттанбағанын, жұрттың білім-ғылымнан қарағанда мал-мүлікті бірінші орынға қоятындығын, оның жолында түрлі қияметке баратындардың залымдығын, жалған, көңілге қонымсыз ұлттық стереотиптердің тигізер зиянын, ескінің айуандық іс-әрекеттерін жақтамағанын бірден аңғаруға болады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында жүйелеу, салыстыру, баяндау, талдау әдістері пайдаланылды. Ақынның ар туралы өлеңдері белгілі бір жүйесін тапты, жеткізілмек ой баяндалып, бүгінгі мен өткен күндегі адами болмыс пен ақынның тұжырымдары салыстырылды, жалпы философиялық-психологиялық бағытта жазылған өлеңдері талданды.

**Талқылау мен бақылау.** Ш. Құдайбердіұлы тек гуманист ақын, жазушы ғана емес, сонымен қатар ұлы философ. Оған дәлел дене мен жан, дүниенің негізі (от, су, топырақ, ауа), бөлінбейтін түп негіз атом, спиритизм, метафизика, жан мен рух жайлы ғалымдардың жаңалықтарымен қанықтырып, өз ойы мен тұжырымын жасақтаған «Үш анық» трактаты. Бұл кітапты жазуға он шақты жыл кетеді. Жыл сайын автор өзіне таңсық ғалымдармен және олардың еңбектерімен танысып, ой-сезімдеріне айғақты зерттеулер іздеп, аяғында өзіндік тұжырымдамасын қалыптастырып шығады. Сондықтан да Шәкәрім өлеңдерінің енді бір шоғыры философиялық ой-толғамдарға толы, адам және оның болмысы, ар-ұят, ақыл-санасы, құмарлық, ашу мен ынсап, дүние, иман мен жан, жастық пен кәрілік туралы. Ғылым жолына кеш түскен қыр қазағы Пифагор, Эпикур, Ньютон, Линней сияқты білімділердің тәжірибелері мен ғылымға енгізген жаңалықтарынан хабардар болған. «Екі өмірге де керекті іс – ұждан» деп бастайды автор сөзін. Оның ұйғарымынша, ұждан тек ар-намыс қана емес, ол әрі қанағат, әрі әділет, әрі мейірім. Осы үш қасиет бірігіп барып ұжданды құрайды.

Дана ақын поэзиясында нағыз адамға тән қасиеттерді санамалап отырып жеткізеді. Олар: таза ақыл, ынсап, ғылым, әділет және ар-ұждан. Осы бесеуінің ішінде ең маңыздысы, адамшылықтың негізі ар болып табылады.

Ар-ұждан – адам бойындағы ең жақсы қасиет. Ақыл, әділет, ынсап, ғылым-білімнің негізі осы арда жатыр. Қазірде бұл сөздің мағынасы «намыс» ұғымымен тең. Бірақ ардың түбіріне тереңінен бойласақ, оның намыстан да жоғары адами моральдық сана-сезім екеніне көз жеткіземіз.

Ар мен ұжданның бойға, ойға тигізер әсері сөзбен суреттелмейтін күрделі рухани құбылыс. Бұл арқылы адамның бет-бейнесін, жан дүниесін, түр-түсін анық тануға болады. «Беті бүлк етпеді», «бетінен оты шықты» деген тұрақты сөз тіркестері осыған дәлел.

Дүниеде кез келген бір затқа қарама-қарсы екінші зат бар: ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, қанағат пен тойымсыздық. Сол сияқты ар да таза және лай болуы мүмкін. Ал ардың тазалығы – адамның сәні, пенделіктің мәні.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз өлеңдерінде «ар» ұғымымен қоса «арсыз» деген түсінікті де жиі қолданады. Оларды пайдалану арқылы екеуін өзара салыстырады. Ақын арды бәрінен де жоғары қояды.

АР	АРСЫЗ
«Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды».	«Айла, өтірік, арсыздық өнер емес».
«Жаны үшін адамшылық ар сатпайды».	«Арсыз, ғайбат, өтірік, ынсапсыздық».
«Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?»	«Арсыз, арам, айланы тасталық».
«Рахым, Ұят, Ар қайда?»	«Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып».
«Рахым, Ұят, Арының Бетін топырақ жасырған».	«Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп.
«Сақтық, Ұят, Рахым, Ар, Ынсап деген кәріңде».	«Айла, арамдық, арсыздық, ынсапсыздық».
«Арың сатпа, терің сат, адалды ізде».	«Алдамшы, арсыз жындар бар, Ондайлар маған келмесін»
«Ар демек – адамшылық намыс деген Арың кемпес жағыңа қарыс деген»	

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абайдың сөзіне Шәкәрім де қосылады. Пенденің төрт аяқты хайуаннан айырмашылығы – оның адамшылығында. «Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!» деп Ш.Құдайбердіұлы жұрттың бүгінгі қалпына ашына сөйлейді. Түбіне дейін жалмамай, жығылып, жылағанға көмек беру керектігі ақын қаламынан туған «Адамшылық» өлеңінің басты идеясы.

Адамның жартысынан көбі ар-ұжданға қарағанда мансап пен билікке, жалған құр атаққа құмар. Соған жету үшін алдындағы кедергілердің бәрін жайпап салуға шебер. Бұның кесірінен адамзат бірінің жеңісіне бірі қуануды, қолдау көрсетуді білмейді, не өздері қалағанына жетпейді. Бұл – пейілдің тарлығынан. Пендесінің ары мен жаны, ойы мен әрекеті таза, жүрегі ақ болса, жаратушы оның бар тілегін орындайды. Аққа құдай жақ. Алайда, осынау қарапайым ғана ережені адам түсінбей, көп күнәға батады. Дәл осы мәселені Ш.Құдайбердіұлы «Біреудің мінін кешірсең» өлеңінде көтереді:

Көңілі жұмсақ адамның  
Күрмеуін тағдыр шешеді.  
Рахымсыз, пейілі жаманның  
Орны дайын деседі [1, 87б.].

Ар-ұжданның адам бойына қалай және қайдан қонатыны баршамызды қызықтыратын сұрақ екені белгілі. Оған жауап іздеу мақсатында, біз, біріншіден, арлы болу – тәрбиеден деп алайық. Әрқайсысымыз кішкентай кезімізде ата-анамыздан не көрсек, соны жасап өстік. Яғни, бала – әкешешесінің айнасы. Тіпті оның әңгімесіне қарап, отбасында қандай мәселелердің талқыланатынын аңғаруға болады. Балаға тәрбие беретін – ата-ана, олардың

айтқаны бүлдіршін үшін заң. Алма алма ағашынан алысқа түспейді деген сөздің растығына осылайша көз жеткізуге болады.

Екіншіден, арлы болу – қоғамнан дейік. Адам болғандықтан, біз үнемі өзгелермен тығыз қарым-қатынаста өмір сүреміз. Ар-ұждан да осы айналадағы адамдармен коммуникативтік іс-әрекет негізінде туады. Себебі адамға, оның мінезіне, психологиясына, тіпті сыртқы келбеті мен сымбатына оны қоршаған басқа адамдар тобы тікелей әсер етеді.

Үшіншіден, арлы болу – санадан. Бәрінен де дұрыс нұсқасы осы болса керек. Себебі адамды басқаратын оның санасы, ішкі түйсігі, өзіндік әлемі.

Мысалға әкесі мен екі ұлы бар бір отбасын алайық. Әкесі ішкілікке салынып, қолда барының бәрінен, денсаулығынан, бақытынан, дәулетінен айырылды. Енді осы екі ұлдың бірі әкесінен үлгі алып, соның жасағанын қайталауы мүмкін. Санасы бар екінші баласы әкесінің қателіктерін қайталамауға тырысып, жарқын келешекке ұмтылып, өмір бойы ащы судан жиреніп өтуі де мүмкін. Міне, бұл – сананың құдіреті. Осы турасынан қарағанда арлы болу – тәрбиеден деген тұжырымның жүз пайыз дұрыс еместігін түсінеміз.

Қоғам мен ұждан байланыстырылған екінші болжамға келсек, адам қандай болса, оның қоршаған ортасы да сондай. Ал егер пенде өзіндік сана деңгейінен жоғары адамдар тобына қосылып, оған ұқсай бастаса, бұл – жеңіс. Кері кетсе, бұдан өкінішті дүние жоқ. Бірақ санасы бар адам үнемі дұрыс жол тауып алуға шебер.

Шәкәрім гуманист ақын болғандықтан, ар-ұждан тақырыбынан еш алысқа кете алмаған. Ол үшін адамдықтың, ғылым-білімнің бастауы да осы арда. Оған Ш.Құдайбердіұлының төмендегі өлең жолдары дәлел:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,  
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес [1, 86б.].

Сонымен қатар, ақын білім беру саласында ар ілімі оқытылса деп арман етеді. Осыдан-ақ ойшылдың ұждан мәселесіне немқұрайлы қарамағанын байқауға болады.

Адамзат ниетінің, пейілінің күнделікті тарылып бара жатқаны өтірік емес. Мұның салдары ұжданның жойылуына әкелетіні өкініш тудыратын жағдай. Себебі ниеті қара, пейілі тар адам түрлі жамандыққа баруға дайын тұрады. Ол қулық-сұмдыққа жақын екі аяқтыда ұят жоқ деген сөз. Ал ұяты жоқтан арды іздеудің өзі ақылға сыймайды.

«... Терең ойға бойласам, Адам менен шошқа – бір» [1, 111б.],– деген ақын сөзінен бүгінгінің шындығына куә боламыз. Ал оқырманның «неге?» деген сұрағына Шәкәрім «Екеуі де боқ жейді» [1, 111б.] деп жауап береді. Расымен де, адамзат үшін жер бетінде малдан артық дүние жоқ сияқты. Соны табу үшін тау қопаруға даяр пенденің көбі ар-ұятты шетке ысырып, арам ойларын жүзеге асыруда. Иә, біздің өмірімізде ақшаның рөлі зор. Оны жоққа шығаруға

болмайды. Бірақ ол адамдықтан бас тартып, айуаннан төмен халге түсіп кетуге лайық ләззат емес. Ащы да болса бұл шындық ақынның «Зұлымдық қылып елді жеп» өлеңінде жырланады. Оңай олжаға әдбен үйреніп алған жемқорлар мен ұрлықшылар адал еңбек қылмайды. Дайын асқа тік қасық болып, тіпті құдайға пара беруге [1, 142б.] арланбайды. Ең ауыры: адам осы кезде параға берген лағы мен қотыр тайынан емес, ары мен иманынан айырылады. Ал осындайларға Ш.Құдайбердіұлы: «Ынсап, рахым, ар-ұят табылмаса, Өлген артық дүниені былғағаннан!» [1, 159б.], –деп негізгі ойын дөп басып айтады.

Себебі құдайдың адамды жаратудағы мақсұты мүлдем басқа. Ол адамзат сұм, залым, арамза, парақор, дүниеқоңыз, даңғой болып, ластанған ақыл-ойы мен ғылым-білімінің көмегімен ғаламның түбіне жетсін деп мақсат қоймады. Керісінше адамзат мейірім, әділет, ынсаппен әлемге тазалық сыйлап, оны нұрландыруы керек. Ал мейірім, ынсап пен ар қосылып ұжданды құрайтындығы Шәкәрімнің «Үш анығында» жазылған. «Ұждан – екі өмірдің азығы» [2, 90б.].

**Нәтижелер.** Бұған дейін өмір сүрген әр елден, әр жерден шыққан білімділер адамзаттың ойын түпкілікті өзгертуге тырысты, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратуды үйреткісі келді. Алайда, өмірде ең қиыны – көпке қарсы келу.

Абайдың отыз жетінші қара сөзінде де айтылғандай, Сократқа у берген, Жанна Даркті өртеп, Ғайсаны дарға асқан да осы – көпшілік. Яғни, көпте ақыл жоқ [3, 70б.]. Сондықтан егер адам әлемді өзгерткісі келсе, өзінен бастауы қажет. Тек таза адам ғана өзгелерден тазалықты талап ете алады. Егер адам өмірден еш өкінбей өткісі келсе, өкінбестей іс жасауы керек:

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,  
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.  
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,  
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы [1, 268б.].

Ұжданды құрайтын осы қасиеттерді, адами құндылықтарды басшылыққа алып тұмыр кешкен адам өзіне лайықты, еш өкінішсіз өмір сүреді және арғы дүниеде істелмеген айуандық үшін жауап беруге де негіз болмайды.

Адамның арлы болуы – санадан деген тұжырым жасалды. Бала кезімізде бәріміз жақсымыз, әділеттіміз, көпті білуге құмармыз, бойымызда әрдайым күш-қуат тасып тұрады, дұшпан дегенді атымен білмейміз, айналадағының бәрі бізге дос секілді көрінетін. Уақыт өте келе бәрі өзгереді. Кемпірқосақ сияқты қызылды-жасылды түрлі түске боялған өмір сұрланып кеткен сияқты да болады. Осының салдарынан ба, бала кездегі құлшыныс, таусылмастай көрінетін энергия бітіп, адам жалқаулыққа салынады.

Еріншектен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық...  
Бірінен-бірі туады,



Жоғалар сөйтіп адамдық [1, 101б.].

Шәкәрімнің айтуынша, адамдық қасиеттен айырылып қалу оп-оңай. Оған жалқаулана салу да жетіп жатыр. Мұның арты салақтыққа әкеп соғады. Ал кез келген істі келсін-келмесін өтірік жасай салудың салдарынан адам жаңаны меңгермейді. Содан надандық туады. Наданды адам деудің өзі қиын.

Міне, осылайша біз үшін түкке тұрмастай болып көрінетін жай ғана еріншектік адамды үлкен деградацияға ұшырататынын ұқтық. Сондықтан ар-ұжданды сақтау үшін де еңбектену қажет.

Бірақ осы сәтте бәрімізді «өмірде ардан жұрдай адам бола ма?» деген сұрақ мазалауы мүмкін. Бұған жауап – жоқ. Себебі әр адамның ішкі жан-дүниесі, айналаға деген көзқарасы әр түрлі болғандықтан, біз үзілді-кесілді тұжырым жасай алмаймыз. Ар – адамның өзіндік соты. Адам арлы болса да, мүлдем арсыз бола алмайды. Ол кей адамдарда өте жоғары деңгейде дамыса, кейбіреулерінің ары тепе-теңдікті сақтап тұрады, ал қалғандары өзіндік сотын тыңдауды қойғандар, ұжданды терең ұйқыға батырғандар. Ал оны оятуға әдбен болады. Себебі арды адам өз күшімен түншықтырады.

«Жағымсыз қылықтардың ішінде арға ең ауыр тиетіні не?» [4], – деп Шәкәрім орыс ойшылы Лев Толстойдан сұрағанда, ол: «... көпшілікке не қоғамға зиян келетін ақиқатты біле отырып, адам соны айтпаса; егер айтатын болса, біріншіден, дәулетіне, екіншіден, мансабына, үшіншіден, өз басына қатер төнетін болып, осы зардаптардан қорыққанның салдарынан аузына маржан салса, міне, осы адамның арына ең ауыр тиетін нәрсе» деп жауап берген екен. Бұл жауаптан шығатын қорытынды: дүниеде абсолютті тұрғыда арлы немесе арсыз адам жоқ. Себебі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім өмірде ардың таза күйінде кездеспейтіндігін жазады. Ол ізгілік, жомарттық, парасаттық, мейірбандылық, әділдік, намыс, достық, ғашықтық, даналық т.б. сияқты түрлі формада болады. Сондықтан осы қасиеттердің барлығын жоққа шығарудың өзі абсурд.

Шәкәрім поэзиясында тек ардың не екенін айтып қана қоймай, жастарды ар-ұжданның жолында жүруге шақырады, ардың мәнін түсіндіріп, оны орынды қолданудың құпиясымен бөліседі. Адам жаратылысының бір қызығы – арланбайтын дүниеге арлануы. Оны Шәкәрімше айтсақ, өзімізге таңсық жаңа өнер, яки білімді үйренуге, меңгеруге ұялу. Бұл – орынсыз, тіпті қисынсыз арлану. Жастарды осы жағымсыз қылықтан аулақ болуға шақыра отырып, жалған айту, қанағатсыздық, алдап-арбаудан алшақ жүруге баулиды. Көзі ашық, көкірегі ояу әрбір жас «жақсы білім іздеуден жалықпауы керек» [5, 15б.]. Надандықпен қастасқан адам ар ілімімен достасады. Ары жоғары адам ғылым-білімнің дұрыс бағытын ұстанады. Ақын жастарға төмендегідей насихат айтады:

Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,

Жас бойға жаман атақ тағынбалық!

Таза ойлап, татулық іс табалық!

Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық! [5, 15б.].

Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясын қорытындылайтын болсақ, ар – моральдық сана-сезімнің ең жоғарғы нүктесі. Жер бетінде ар таза күйінде кездеспейді. Ол түрлі адами қасиеттерге еніп, әр жерде әрқалай көрініс табады. Ар-ұжданның болуы, оның қалыптасып, белгілі бір дәрежеге дейін көтерілуі тәрбиеге және қоғамға байланысты болуы мүмкін. Бірақ оның негізгі қайнар көзі санада.

**Қорытынды.** Адамзат еңбек етпесе, табысынан қағылады. Сол сияқты адамның армен жұмысы болмаса, адамдықтан арылады.

Ар-ұжданды да жоғалтып алу оп-оңай. Ол үшін еріншек болу жеткілікті. Бірінен-бірі туатын жаман қасиет (еріншектік, салақтық, нағандық) адамның түбіне жетеді.

Шәкәрімнің ары – күллі адамдық қасиеттің, адамшылық іс-әрекеттің бастауы. Дүниедегі барлық игі істердің алды – ар. Тек ұждан мен ар ғана ойдың, жүректің, ақылдың, ғылымның тазалығына баули алады. Ар ілімінсіз меңгерілген білімнің ешкімге де, ештеңеге де пайдасы жоқ. Ал зияны орасан. Адамда адамгершілік ар болмаса, осы уақытқа дейін жеткен жетістіктің құны (ғылым-білімнің, техниканың қарыштап дамуы, ғылыми ашылулар т.с.с.) түкке де тұрмайды деген Шәкәрім сөзінің жаны бар.

Ар – адам бойындағы сөзбен айтып жеткізуге келмейтін ең күрделі құбылыстардың бірі, ең жоғары моральдық сезім түрі. Таза ақыл, әділет, ынсап пен ғылымның бастауы да осы ар-ұжданда. Ардың арқасында адамның жай ақылы таза ақылға ұласады. Арлы адам ынсаптың не екенін біледі, ұжданы мықты, намысты адам өтірік пен алаяқтықтан бойын аулақ ұстап, әділдікті ту етеді, таза арға ие адам алған білімін көпшілікпен бөлісіп, ғылымның пайдасын тек өзі ғана көрмей, бұқараның көзін ашады.

Арлы болу – санадан. Ардан айырылу оңай. Ол үшін бір сәт жалқау бола салу жеткілікті. Себебі адам оңай олжаға бейім. Еріншектіктің салдары салақтыққа әкеп соғатыны белгілі. Ары қарай ұласатын нағандық адамдыққа тұсау салады.

Нағыз адамның ары әр кейіпте лайықты деңгейде көрінеді.

Тән азабы уақытша болса, ар азабы мәңгілік.

### Әдебиеттер

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321б.
- 2 Құдайбердіұлы Ш. Үзілмеген үміт. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 664б.
- 3 Құнанбайұлы А. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124б.
- 4 «Толстой мен Шәкәрім немесе ұлылар аңсаған хақ жолы» [Электронды дереккөз]. – URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2026>
- 5 Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296б.

- 6 Нурланова А. “Еңлік-Кебек” сюжеті әдеби және тарихи контексте / А.Нурланова. – Өскемен: Қазақстан-Американдық еркін университеті, 2014. – 150б.
- 7 Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері / Б.Әбдіғазиев. - Алматы: Санат, 2001. – 338б.
- 8 Құдайбердіұлы Ш. Өткінші ғұмыр. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432б.
- 9 Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. – 278б.
- 10 Шаңбай Т. Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы: Раритет, 2007. – 448б.
- 11 Ыдырысбаева Г.У. Шәкәрім өлеңдеріндегі метафораларды танымдық тұрғыда талдау //Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2015. – № 3. – Б.376-381
- 12 Салқынбай А.Б. Шаһкәрім өлеңдеріндегі көркем сөзбен көріктелген әлемнің бірлігі мен тұтастығы.//Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2019. – № 3. – Б.22-27

**А.Н. НУРЛАНОВА, А.Т. ЖАМСАП**

Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск,  
Казахстан

**А.К. СЕЙПУТАНОВА**

Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск,  
Казахстан

**КАТЕГОРИЯ «СОВЕСТЬ» В ПОЭЗИИ Ш.КУДАЙБЕРДЫУЛЫ**

**Аннотация.** Гениальный поэт, философ Шакарим Кудайбердыұлы затрагивает проблему совести в своей поэзии, отражая ее основную сущность. Он не только перечисляет качества, присущие совестливому и бесстыдному человеку, но и заставляет задуматься читателя. Говоря о нравственных проблемах в стихах, поэт призывает каждого читателя задуматься. В статье описываются труды Шакарима о совести и ее отличие от произведений других знаменитых личностей. Рассматриваются виды совести, сгруппированы их типы. Выявлены причины возникновения совести. Речь идет об основных причинах, ведущих к бесчестию. Подробно анализируется и классифицируется смысл стихотворений поэта соответствующие сегодняшнему дню. Благодаря творчеству поэта, мы видим подтверждение того, что совесть является незаменимым богатством в жизни человека. В статье рассматривается мудрость поэта не только в его произведениях, но и в его жизни (на примере духовной гармонии Толстого и Шакарима).

**Ключевые слова:** совесть, поэзия Ш.Кудайбердыұлы, честь, философия, философская поэзия, сознание.

**A.N.NURLANOVA, A.T.ZHAMSAP**

Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

**A.K.SEYPUTANOVA**

Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

## **THE CATEGORY «CONSCIENCE» IN THE POETRY OF SH.KUDAIBERDIULY**

**Abstract.** It is the moral qualities that distinguish a person from other human beings. In particular, we are not mistaken when we say that conscience and honor are in the most important place. The genius poet, philosopher Shakarim Kudaiberdiuly also expounds the problem of conscience in his poems, reflecting its main essence and meaning. It not only differentiates the qualities of a conscientious and unscrupulous person, but also makes the reader think. That is, talking about the problem of conscience in the poems of the poet Shakarim, the author teaches everyone to draw their own conclusions. The article reveals the conscience in the works of Shakarim and its difference from the works of other significant personalities. The states of consciousness in the world are differentiated, their types are grouped. The reasons for the appearance of quality without consciousness are determined. It talks about the main forces leading to quality without consciousness. The essence of the poet's poetry is analyzed in detail and classified in relation to the present day. Based on Shakarim's humanistic poems, "Is there a person without conscience in life?" the question is answered. Thanks to the poet's work, it is confirmed that conscience is an irreplaceable wealth in human life. The article examines the conscience and wisdom of the author not only in his works, but also on the example of the spiritual harmony of Tolstoy and Shakarim.

**Keywords:** conscience, poetry of Sh. Kudaiberdyuly, honor, philosophy, philosophical poetry consciousness.

### **References**

1. Qūdaiberdiūly Ş. İmanym. – Almaty: Arys, 2000. – 321b.
2. Qūdaiberdiūly Ş. Üzılmegen ümit. – Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, 2008. – 664b.
3. Qūnanbaiūly A. Abai. Qara sözderı. – Almaty: Öner, 2006. – 124b.
4. «Tolstoi men Şäkärım nemesse üylar añsağan haq joly» [Elektrondy derekköz]. – URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2026>
5. Qūdaiberdiūly Ş. Qazaq ainasy. – Almaty: Atamūra, 2003. – 296b.
6. Nurlanova A. “Eñlik-Kebek” süjeti ädebi jäne tarihi kontekste / A.Nurlanova. – Öskemen: Qazaqstan-Amerikandyq erkin universiteti, 2014. – 150b.
7. Äbdıǵaziev B. Şäkärım şyǵarmalarynyñ дәstürlik jäne körkemdik negızderi / B.Äbdıǵaziev. - Almaty: Sanat, 2001. – 338b.

8. Qūdaiberdīūly Ş. Ötkinşi ğūmyr. – Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, 2008. – 432b.
9. Qūdaiberdīūly Ş. Jol tabalyq aqylmen. – Almaty: RS; Halyqaralyq Abai kluby, 2016. – 278b.
10. Şañbai T. Şäkärımtanu mäseleleri. – Almaty: Raritet, 2007. – 448b.
11. Ydyrysbaeva G.U. Şäkärım öleñderindegi metaforalardy tanımdyq tūrġyda taldau.//Almaty: QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy, 2015. – № 3. – B.376-381
12. Salqynbai A.B. Şahkärım öleñderindegi körkem sözben köriktelgen älemnñ bırlıǵı men tūtastyǵy.//Almaty: A.Baitürsynūly atyndaǵy Tıl bılımı instiitutynyñ «Tıltanym» jurnalı, 2019. – № 3. – B.22-27

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Нурланова Асем Нурланқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Американдық еркін университетінің профессоры, Өскемен, Қазақстан.

**Нурланова Асем Нурланқызы** – кандидат филологических наук, профессор, Казахстанско-Американского свободного университета, Усть-Каменогорск, Казахстан.

**Nurlanova Asem Nurlankyzy** – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

**Сейпутанова Айымгуль Камзановна** – филология ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің доценті, Өскемен, Қазақстан.

**Сейпутанова Айымгуль Камзановна** – кандидат филологических наук, доцент Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

**Seiputanova Ayumgul Kamzanovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

**Жәмсап Ақерке Талантқызы** – Қазақстан-Американдық еркін университетінің магистранты.

**Жамсап Акерке Талантқызы** – магистрант Казахстанско-Американского свободного университета.

**Zhamsap Akerke Talantkyzy** – master's student of the Kazakh Language and Literature educational program of the Kazakh-American Free University.

XFTAP 17.01.11

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.17>

А.Қ. НҮРБАНОВА<sup>1</sup> 

М.Н. БАРАТОВА<sup>2</sup> 

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,  
Қазақстан<sup>1</sup>

Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан<sup>2</sup>

(e-mail: [aigulkisap@mail.ru](mailto:aigulkisap@mail.ru)<sup>1</sup>, [baratova.muhabbat1970@mail.ru](mailto:baratova.muhabbat1970@mail.ru)<sup>2</sup>)

## ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ

**Аңдатпа.** Құндылық идеялары біліммен тікелей байланысты, өйткені білім беру мазмұны құндылықтар жүйесінде жұмыс істейтін әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады. Рухани құндылықтар адамның мінез-құлқын реттейтін фактор болып табылады. Құндылық – бұл белгілі бір объектінің немесе құбылыстың маңыздылығы мен пайдалылығы болып табылады. Бұл белгілі бір заттың адам үшін қаншалықты маңызды екенін анықтайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл жалпы адам үшін бірдей құрметті және қымбат деп саналатын нәрселер. Ұлттық құндылықтар – бұл белгілі бір ұлттық бірегейлікті көрсететін жалпыадамзаттық құндылықтардың түрлері. Аксиология – бұл құндылықтар туралы ілім. Құндылықтардың табиғатын, жүйесін және құрылымын зерттейтін философия ғылымының ерекше саласы. Генезис – бұл белгілі бір объектінің, құбылыстың тууы мен одан әрі дамуын көрсететін ұғым. Генезис даму процесінің белгілі бір кезеңін белгілейді. Құндылық – бұл адам немесе қоғам үшін маңызды, мағыналы немесе пайдалы нәрсе. Көптеген адамдар материалдық құндылықтардың не екенін біледі. Бірақ рухани құндылықтардың не екенін бәрі бірдей дұрыс түсінбейді. Бұл әртүрлі тәсілдермен түсіндірілетін күрделі ұғым. Бүгін біз рухани құндылықтардың не екенін, олардың материалдық құндылықтардан қалай ерекшеленетінін, олар нені білдіретінін және олардың қандай маңызы бар екенін талдаймыз. Рухани құндылықтар – бұл адамның өмірін басқаратын, оған нұсқаулық ретінде қызмет ететін және дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін идеалдар мен нанымдар. Оларды қоғам да, адам да өздері үшін орнатады. Материалдық активтерден айырмашылығы – олардың нақты мәні жоқ. Алайда олардың адам үшін құндылығы салыстырмалы түрде жоғары болуы мүмкін. Рухани құндылықтар жүйесі әр адам үшін жеке және оның жеке басының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

**Түйін сөздер:** рухани құндылықтар, құндылық бағдарлары, құндылықтар жүйесі, ұлттық құндылықтар, аксиология, жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Кіріспе.** Әрбір дәуір кезеңінің өзіндік басым құндылықтары бар. Ірі тарихи оқиғалар қоғамдағы құндылықтар жүйесін өзгертетіні және жаңа мәдени бағдарларды ұсынатыны белгілі. Бұл үрдістер ишпирек ғасыр бұрын тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздің руханиятында да көрінеді. Әдеби және мәдени құндылықтарға деген көзқарас толық өзгеріп, қазіргі ұлттық парадигма қалыптасты. Біздің әдебиетімізге жаңа көркем бағыттар қосылды және әлемдік үрдістердің белгілері толығып келеді. Қоғам мен сана өзгерген кезде әдебиеттің, оған қойылатын талаптар мен оны жеделдету жолдарының жаңаруы табиғи нәрсе болып табылады. Осының барлығы қазіргі әдебиеттегі құндылықтар жүйесін ғылыми зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Ақпарат және білім қоғамы әлемнің мәдени келбетін айтарлықтай өзгертті. Қазіргі кезеңде, жаһандық рухани үрдістер кейбір халықтардың ерекшелігіне әсер еткен жағдайда, құндылықтар жүйесінің табиғатын білу, олардың тенденцияларына баға беру және ғылыми сараптамалық қорытындылар жасау мәселесі өзекті бола түсуде.

Жалпы, әлемдегі кез-келген саланың өзі белгілі бір құндылықтарды іздеуден, зерттеуден, талдаудан туындайтын секілді. Мысалы, егер ғылым шынайылыққа жетуден қалыптасқан болса, онда сұлулыққа деген ұмтылыс өз алдына өнер түрлерінің пайда болуына негіз болды. Жақсылық пен жамандықты ажыратудың арқасында адмдарда адмгершілік қалыптасты. Әділеттілікті іздеуде құқықтық құндылықтар нақтыланды. Құндылықтардың табиғатын жалпы философияның ерекше саласы болып табылатын аксиология зерттегенімен, жеке ғылымдар құндылықтармен байланысты болмайды деп айта алмаймыз. Мәселен, әдебиеттану сөйлеу өнерінің ерекшеліктерін зерттейді, оның негізінде рухани және эстетикалық құндылықтар жатады. Әдебиеттің негізгі құндылықтары – сұлулық, әдемілік, әсемділік, көркемдік: сөзбен суреттеу, оның адамның ішкі жан дүниесіне әсері болып саналады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Құндылық – гуманитарлық ғылымдардың жалпы түрі. Оның табиғатын тану үшін философия, психология, әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, антропология, этнография және т.б. сияқты ғылымдардың құндылықтарына деген көзқарасты зерттеу қажет. Қазіргі таңға дейін Қазақстандағы құндылықтар жүйесін негізінен философия ғылымының өкілдері зерттеді. Өйткені, құндылықтардың табиғатын танумен және оларға тән ерекшеліктерді зерттеу бағытында қызмет ететін аксиология философия ғылымының негізгі бөлігі болып табылады. Тарих қойнауында зерттеушілер, ойшылдар құндылықтар туралы өз ойларын ортаға салғанын ескере отырып, біз бұл құбылысты үлгі ретінде ерекше атайтын едік. Құндылықтар жүйесі туралы ойлардың ежелгі дәуірден басталатындығын айта кету керек. Ежелгі Шығыс философиясында сұлулық, мейірімділік, жақсылық пен жамандық, әділеттілік, шынайылық, әдемілік, сәнділік сынды ұғымдарға әртүрлі көзқарастар болғандығы белгілі. Алайда «аксиология» терминін алғаш рет Э.Хартман қолданған.



Ғылымдар арасындағы интеграциялық қатынастар ХХІ ғасырда өте күшейді. Осы кезеңде құндылықтар жүйесі тек философия ғылымында ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың барлығына да ортақ негіз, өзекті тақырыпқа айналды. Қоғамдық қатынастар мен адамзаттық ресурстардың табиғатын тереңірек танып білу үшін құндылықтар жүйесін осылай кешенді түрде зерделеу қажеттілігі күн санап өз маңызын арттырып отыр. Бүгінде философия, психология, әлеуметтану, саясаттану, экономика, мәдениеттану, педагогика, эстетика, әдебиеттану және лингвистика ғылымдары үшін құндылықтар жүйесінің сырына үңіліп, қасиетін тану міндеті алғы қатарға шықты деуге болады. Бұны филологиялық ғылымдарда да жоғары қарқынмен зерттелуін халықтың бүтін бітімі оның тілі мен әдебиетінен ғана тұтастай танылатынымен түсіндірген дұрыс болады. Сонымен бірге, егемендігін алып, өткенін саралай бастаған кез келген ұлт үшін ең әуелгі мақсат құндылығын түгендеу болмақ. Бұл жөнінде фольклоршы-ғалым С. Қасқабасов: «Әлемдік тәжірибеге қарасақ, бодандықта көп болып, тәуелсіздікке жеткен мемлекеттер өз өмірінің алғашқы 20-30 жылында тарихи сананы, тарихи жадты қайтаруға, өзінің ұлттық болмысын нығайтуға күш салады» [1], – дейді. Қазақтың ұлттық ой-санасына зер салған ғалым А. Қасабек те өз зерттеулерінде аталмыш мәселенің маңыздылығына баса назар аударады. «Ұлттық руханияттың құндылық болмысы» атты мақаласында ол былай дейді: «Әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне тән құндылықтар рухани, мәдени бағытпен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі таңның талабына айналып отыр. Сондықтан да белгілі бір жағдайға байланысты қазақ халқының тоқыраған философиялық және тарихи құндылықтарын терең зерттеу, олардың ішкі мәнін айқындау, жалпыадамзаттық өркениет аясындағы даму бағыттарын зерделеу – қоғамдық ғалымдардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі» [2, 115]. Осы бағытта қарағанда, әдебиеттанудың алдында бұқаралық сананың қайнар көзі болып саналатын көркем сөз өнеріндегі құндылықтар жүйесін талдау қажеттілігі тұр. Шынында да, қоғамдағы құндылықтар жүйесін, оның өткенін, қазіргі тенденцияларын және болашақтың болжалды бейнелерінде баға беру үшін әлеуметтанулық сауалнамалар мен әлеуметтік-аксиологиялық теорияларға негізделген зерттеулер ғана емес, сонымен қатар адамдардың ішкі мәнін дәл және кең сипаттайтын көркем мәтіндерге негізделген талдаулар, бір жағынан, жаңа ғылыми тұжырымдар ашады, екінші жағынан, әдебиеттану саласын кеңейтеді.

Құндылықтар – қоғамның ілгері дамуының алғышарты, мәдениеттің іргетасы әрі саяси-экономикалық тұрақтылыққа негіз болушы маңызды факторлардың бірі. Дүниежүзіндегі құндылықтар туралы зерттеулерге көз салғанда осы ойымыз нақтыланды. Мысалы, өркениеттер арасындағы

қақтығыстардың негізгі түйткілдерін таразылаған С. Хантингтон құндылықтардың мемлекет тағдырындағы басты фактор екенін айтады [3, 9-14]. Ол аз уақытта көшбасшы елдердің санатына қосылған Оңтүстік Кореяның даму тарихына көз жүгіртіп, алпысыншы жылдары оның Ганамен қарайлас екенін және құндылықтар жүйесін реттеу арқылы отыз жылдың ішінде Азияның озық елдерінің біріне айналғанын жазады [3, 14]. Қоғамның дамуы мен тұрақтылығын социомәдени аспектіде қарастырған зерттеу еңбектері өте көп және осындай пәнаралық ізденістердің уақыт өткен сайын өз маңызын арттыра түскенін байқауға болады.

Халықтардың көптеген жетістіктерге жетулерінің негізгі тетігі моральдық шарттарда жататыны жоғарыда әйгілі ғалымдарпікірлері сараланды. Алайда, адами құндылықтарға берілетін анықтамалардың да мазмұны бір арнада тоғыса бермейтінін атап айтқан жөн. Мысалы, Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында: «Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. ...Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. ...Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді» [5, 124], – делінген. Ал Оксфорд сөздігінде құндылық ұғымында «этикалық бихевиоризм немесе тиісті құлық жөніндегі ненің дұрыс, ненің бұрыс, ненің жағымды, ненің жексұрын екендігі жөніндегі адамдар идеясы» [6, 611] деген анықтама беріледі. Берілген дәлелдемелерге сүйене отырып құндылықтардың субъективті және объективті сипатта болатынын көруге болады. Сондай-ақ, оның объективті сипаты біршама күшті деп есептейміз. Оған қоса белгілі бір зат не құбылыстың қоғам мүшелері тарапынан ерекше мәнге ие болып, бағасы артып, құндылыққа айналуы мүмкін. Құндылықтардың қоғам үшін маңыздылығын кейбір ғалымдар бейнелі түрде «үнсіз төңкеріс» деп те атайды. Жалпыадамзаттық құндылықтардың қазіргі әлемдік беталысын айқындап, құндылықтар картасын жасаған Мичиган университетінің (АҚШ) профессоры Р. Инглхарт осы атаумен арнайы кітап та жариялаған болатын [7]. Өйткені, құндылықтар – қоғамның барометрі. Оның құлдырауы өз кезегінде қоғамның да бұзылуына, ал берік орнығуы қоғамның да нығайа түсуіне негіз болады. Жалпыадамзаттық құндылықтарға рухани және материалдық игіліктер жатады. Ең бастысы, олар – жалпы адамдардың барлығына бірдей қымбат, ерекше мәнге ие болуға тиіс. Олар табиғи, әлеуметтік, адамгершілік ұстанымдар мен эстетикалық, құқықтық идеалдар, философиялық не діни идеялар немесе басқа да рухани құндылықтар болуы мүмкін. Осы арқылы адамзатқа ортақ құндылықтар қоғамның, тіпті өркениеттің рухани діңгегіне айналады. Өркениеттер ғұмырының ұзақ не қысқа болуы жалпыадамзаттық құндылықтарға байланысты болады. Педагогика ғылымында оған мынадай анықтама беріледі: «...жалпыадамзаттық рухани құндылықтар – бұл барлық мәдениет пен замандағы адамдар үшін абсолютті

стандарт болып саналатын іргелі, жалпыадамзаттық бағдарлар мен нормалар, моральдық құндылықтар» [8, 6]. Әлеуметтанушы Джозеф Фихтер құндылықтарды жеке басымыздың ғана емес, сонымен бірге өзгелердің де өмірінің мәніне айналуын қалайтын дүниелеріміз екенін айтады [10, 132]. Ғалымның пікірінше, жалпыадамзаттық құндылықтар мәдениет пен қоғамның салмағын арттырып, болашағын жарқын етеді [10, 132].

Адами құндылықтарға қатысты зерттеулерді саралағанымызда олардың үш түрлі негізінің бар екеніне көз жеткіздік. Мәдениеттанушы, профессор К. Клакхон өзінің «Мәдениетті зерделеу» атты еңбегінде «Адами құндылықтар дегеніміз – индивидтің не топтың танымдық, сезімдік немесе әрекеттік таңдау жасауына итермелейтін анық я анық емес концепциялары» [11, 395], – деген тұжырым жасайды. Мұндай пікірлерді біз басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кезіктірдік [12]. Дегенмен, жалпыадамзаттық құндылықтар деген ұғымның жоқ екенін, не болмаса олардың батыстық сипатқа ие екендігін айтатын ғалымдар да жоқ емес. Мысалы, этнолингвист, мәдениеттанушы Әділ Ахметов «жалпыадамзаттық рухани құндылықтар» деген терминнің өзіне қарсы. Ол еуразия өркениет төңірегіндегі зерттеулерінде бұл ойын нақты білдіреді. Ғалым әлемнің ноосфералық дәуірге аяқ басып келе жатқанын, өркениет көші біртіндеп Еуразиялық кеңістікке – қазіргі Қазақстан мен Ресей территориясына ауып келе жатқанын тарихи салыстырмалы әдіс арқылы баяндай келе: «...ноосфералық дәуірде жеке және топтық (командылық) арман-мұраттар мен шындықтың тең құқылы феномені бой көтереді. Ал қазір «жалпыадамзаттық құндылықтар», «жаһандық армандар» жөнінде сөз қылу әлі ертерек. Өйткені, алдағы 500 жыл аумағында адамзат жоғарыда аталған доминанттар қақтығысының аясында өмір сүретін болады. Өйткені, қазір де бір шындықтың басы ашық. Мәселен, бүгінгі таңдағы «жалпыадамзаттық құндылықтар» деген ұғым, шын мәнінде, «алтын миллиардтың» агрессивті технологиялар арқылы бүкіл әлем мен адам санасын жасандылықпен улап кіргізген құндылықтары» [13, 202], - деп ой қорытады. Осындай Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Ф.И. Гиреноктің сұхбатынан кезіктірдің. Философ-ғалым тіпті ондай ұғымның жоқ екенін алға тартады. В.Б. Румянцевке берген сұхбатында ол: «Мен үшін бұл мәселе әлдеқашан өз шешімін тауып қойған. Біреулердің әлі де аталмыш мәселені шеше алмай жүргеніне таңғаламыз. Ешқандай «жалпыадамзаттық құндылық» жоқ, болған емес және болмайлы да» [14], – деп кесіп айтады.

**Талқылау мен бақылау.** Жалпыадамзаттық құндылықтар уақыт пен орынның талғамы емес, қандай да бір мәдени кеңістікпен тоқталмайтынын және адам табиғаты мен психологиясына тән табиғи берілген қасиеттер негізінде қалыптасатынын ескере отырып, жоғарыдағы қорытынды ойлармен келісу қиынға соғар еді. Біздің ойымызша, жалпыадамзаттық құндылықтарды белгілі бір саяси және қаржылық формаларға жүктеуге болмайды. Өйткені,

оның мазмұны әділеттілік, әдептілік, мейірімділік, қарапайымдылық, сұлулық, әсемділік, достық, мейірбандылық және т.б. сияқты рухани құндылықтардан, сондай-ақ барлық адамдар үшін басты болып табылатын материалдық игіліктерден тұрады. Қазіргі әлемдегі Батыстың басымдығы құндылықтар жүйесіне қандай да бір әсер етеді деп айтқанмызбен, бұл жалпыадамзаттық құндылықтардың бағытын өзгерте алмайтынын атауымыз керек. Бұл мәселе біздің заманымызда ғана емес, тарихқа дейінгі кезеңдерде де зияткерлік алыптардың назарын бұрды, бұл арнайы жұмыстарды жазуға негіз болды. Бұл құндылықтар әлемі Ежелгі заманнан бастап негізгі өзекті тақырыптардың бірі бошғанын көрсетеді. Мәселен, Аристотель өзінің «Үлкен этика» еңбегінде жалпыадамзаттық құндылықтар туралы жазады. Ол пифагор, Сократ және Платонның жақсылық, құндылықтар туралы мәлімдемелерін тез сынайды және өз көзқарастарын әртүрлі дәлелдермен қорғайды. Аристотель: «Игіліктердің кейбіреуі құнды, басқалары – мақтаулы заттардың, үшіншілері – мүмкіндіктердің қатарына жатады. Құндылар деп мен Құдайдан тарайтын ең қадірлі игілікті айтамын, мысалы, жанды, ақылды, бұлар – бастапқы алғашқы принцип деуге болатын нәрселер. Құнды – бұл сыйлы, ондай нәрселерді бәрі де құрметтейді. Ізгіліктің әсерімен адам абыройлы болады, сондықтан да ол – құндылық» [15, 253], –дейді. Аталған трактатында Аристотель игіліктерді жанға қатысты, тәнге қатысты және жанға да, тәнге де қатысы жоқ игіліктер деп бөледі. Жанға қатысты игілік түрін ең жоғарғы игіліктер санатына қосып, өз ойын былайша өрбітеді: «Жанға қатысты игіліктер екі жаққа бөлінеді – ақыл иесіне және ақылдан ада жаққа. Ақылға ие жағына ақылдылық, көрегендік, даналық, үйрету қабілеті, ес және сол сияқты қабілеттер тін: ақылдан ада жағына ізгіліктер деп аталатындар: қанағат, әділдік, ерлік және басқа да ұнамды мінез-құлық түрлері жатады» [15, 257], –дейді. Жоғарыда келтірілген пікірлерін ол өз ұлына арнап жазған өсиет кітабы – «Никомах этикасы» атты еңбегінде дамыта түседі [15, 53-295].

Ежелгі дәуірдің ойшылдарынан бастау алған әртүрлі жіктеулерді қазіргі кездегі аксиология ғылымындағы жіктелістер толықтыра түседі. Мондай-ақ құндылықтар теориясына жанама салалардың да маңызды мәселені байқамай өтпейтіні көрінеді. Мысалы, қазіргі педагогикада құндылықтардың мынадай түрлері аталынады.

«Құндылықтар биопсихологиялық (денсаулық) және рухани реттілікте болады. Құндылықтар рухани мәдениет түрлеріне қарай адамгершілік (өмірдің мәні және бақыт, қайырымдылық, жауапкершілік, ұят, ар, абырой), эстетикалық (әсемдік, маңыздылық), діни (сенім), ғылыми (ақиқат), саяси (бейбітшілік, әділеттілік, демократия), құқықтық (заң және құқық тәртібі) болып жіктеледі» [8, 6]. Алайда құндылықтардың жіктелуі бірдей болмайды. Бұл – заңды құбылыс. Біз ХХ және ХХІ ғасырдағы аксиологиялық зерттеулерге шолу жасағанымызда, олардың кең таралған 50-ден астам

классификациясының бар екенін білдік. Солардың ішіндегі ең әйгілілері – М. Рокич, Г. Хофстед, Ш. Шварц, Г. Олпорт сияқты ғалымдардың зерттеулеріндегі жіктеулер. Аталған авторларды құндылықтар теориясына маңызды жаңалықтар енгізген, ғылыми негізін қалыптастырып, болашағына болжам жасаған ғалымдар деп айтуға болады. Мысалы, Рокич құндылықтарды мақсаттық (terminal) және құралдық (instrumental) деп екіге бөліп, жалпы саны 36 құндылықты тізбектеп шығады. Ол: «Адамның өмірде қол жеткізуді қалайтын жағдайы (еркіндік, отбасындағы сенім т.б.) мақсаттық, ал сол мақсаттық құндылықтарға жету үшін жасалатын әрекеттері құралдық құндылықтарды қалыптастырады» [16, 9], – дейді. Мильтон Рокич құралдық құндылықтарға қарағанда абстрактілі, әмбебап және өзгермейтін қалыпқа ие мақсаттық құндылықтардың адамның қалаулы құндылықтары болып саналатынын, ал құралдық құндылықтар болса, мақсаттық құндылықтарға қарағанда әлдеқайда нақты және құбылмалы болып келетінін, аталған екі құндылық түрінің арасындағы айырмашылықты бөліп жару қиынға соғатынын жазады. М. Рокич мақсаттық құндылықтарды жеке тұлғалық және қоғамдық деп, ал құралдық құндылықтарды моральдік және біліктілік деп екіге бөліп қарастырады. Өзіне деген құрмет, қоғамда өзін таныта алу секілді құндылықтар жеке тұлғалық, ал бейбітшілік пен теңдік қоғамдық құндылықтар қатарына қосылады. Адамдарда жеке тұлғалық құндылықтар салмағының болуы қоғамдық құндылықтардың маңызын төмендетсе, керісінше, қоғамдық кемітеді.

Аксиология ғылымында Ш. Шварцтың классификациясы да кең өріс алған. Ол құндылықтарды онға бөліп қарастырады да, әр адамда құндылықтардың әртүрлі көрінуі мүмкін екенін, кей адамда бір құндылықтың басым болуын, ал кей адамдарда бірнеше құндылықтың қатар көрінуін тілге тиек етеді. Ғалым жалпыадамзаттық құндылықтардың мынадай түрлерін атап өтеді: күш (power), жетістік (achievement), гедонизм (hedonism), ынта-ықылас (stimulation), өзін-өзі бағыттау (self-direction), әмбебаптық (universalism), мейірбандық (benevolence), дәстүр (tradition), сәйкестік (conformity), қауіпсіздік (security) [15, 5-7]. Ш.Шварц пен М.Рокичтің жіктелмесінде ортақ құндылықтарды байқауға болады. Тек М. Рокичтің ғана емес, басқа да зерттеушілердің жіктелмесінен Ш. Шварцтың жіктелмесінен ерекшеліп тұрған құндылық – дәстүр. Дәстүрді белгілі бір этностың өзіне тән рухани-мәдени жолы деп қарастырғанымызбен, оны жалпыадамзаттық аяда қарастыра аламыз.

**Нәтижелер.** Жоғарыда құндылықтардың елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік бағытта өркендеуінің негізі екенін атап айттық. Ол ең әуелі жеке тұлға болмысынан көрінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар – жеке тұлғаның мәдени-этикалық негізі болып табылады. Оны адамның өзіне ғана емес, жалпы қоршаған ортаға, болмысқа деген көзқарасы мен ниетін қалыптастырып, адами қалпын анықтайтын ішкі механизмі деуге болады. Мәдениеттанушы Г. Хофстед құндылықтардың бала кезден бастап бейсаналы түрде қалыптасатынын айтады.

Өзінің әйгілі «Мәдениеттің салдары» атты еңбегінде: «Құндылықтар дегеніміз – қарсы мәні бар сезімдер жиынтығы. Әрқайсысының оң және теріс жағы болады. Құндылықтар мынадай дүниелерге қатысты болады: жауыздық жақсылыққа қарсы, ластық – тазалыққа, қауіп – тыныштыққа, әдепсіздік – сыпайылыққа, ұсқынсыздық – сұлулыққа, табиғи болмаған нәрсе – табиғилыққа, қалыпсыздық – қалыптылыққа, парадоксалдылық – логикалылыққа, иррационалдылық – рационалдылыққа, моральдық – азғындыққа қарсы боп саналады. Өйткені, құндылықтарымыз өміріміздің бастапқы кезеңінде қалыптасады, олар иррационалды болып саналады (дегенмен, біз өзімізді толыққанды саналы әрі ақылдымыз деп есептейміз!). Шындығында, құндылықтар біздің субъективті болмысымыз бен ой-санамызды анықтайды» [10, 6], – дейді ол. Құндылықтар – адам өмірінің басты мәні болып табылатын стандарттар, жақсы мінез-құлық пен өмірлік сенім-түсініктердің жиынтығы. Әр адам баласы дүние есігін ашқан сәттен белгілі бір әлеуметтік ортаның мүшесі болады. Ал ол оған дейін қалыптасып үлгерген құндылықтар жүйесінің ішінде өмір сүреді де, Г. Хофстед айтқандай, кіші жастан бастап оны өз бойына дарытады. Ол отбасынан, жақын ортадан, жазба материалдардан өзіне ұнағанын үлгі ретінде алу арқылы қалыптасады. Құндылықтар адамнан – адамға, қоғамнан – қоғамға, мәдениеттен – мәдениетке ауысуы мүмкін. Осы арқылы құндылықтар қоғамдық этика мен әрекеттер жүйесінің бастаушысы, қоғамды білудің негізі болады. Құндылықтардың қоғаммен қатынасы күрделі жүйені құрайды: адамдар арасындағы ненің жақсы, ненің жаман, ненің пайдалы, ненің пайдасыз, ненің мақтаулы, ненің қылмысқа әкеп соғатынын да белгілейді. Құндылықтар жүйесінің белгілеріне талдау жасау арқылы біз қоғам дамуының өрісін анықтап, болашағына болжал жасауға мүмкіндік аламыз. «Қоғамның бірде-бір құндылыққа ие болмауын өзінің ең күшті әлеуметтік реттеуші құралынан айырылғаны деп түсіну керек» [10, 137], – дейді әлеуметтанушы Дж.Фихтер. Осылайша құндылықтар арқылы біз жеке тұлғаның ғана емес, сол арқылы бүкіл бір қоғамның, елдің бет-бейнесін анық, нақты көре аламыз. Бұл, әрине, қоғамның мәдени болмысына қатысты болады. Белгілі бір заттарға ерекше мән беретіндіктен, құндылықтар стандарттаушы нормаларға айналады. Ал нормалар бірте-бірте діл – менталитет ретінде қалыптасып, географиялық не мәдени әлеуеттегі қауымдастықтарды өзара ұқсастықтарына қарай бір ортаға жинайды. Нәтижесінде, тіл, діл, ой, сезім, қиял және мінез-құлық тұрғысынан халық ортақ сипаттарға ие болады. Ұлттың өзгешелігі, басқаларға ұқсамайтын бірегейлігі негізінен құндылықтар тобына жинақталады. Жалпыадамзаттық құндылықтар бір ұлт мәдениетінің іргетасын қалайды. Сонымен бірге, бір ұлт мәдениетінің өзгеге ұқсамас даралығын ғана айқындап қоймай, сондай-ақ басқа мәдениеттермен ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді. «Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасында мәдениет диалогтық феноменге айналады» [16, 120], – дейді ғалым И.Д. Каландия.



Осы тұрғыдан алғанда, жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың сипаттамалық ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Ең алдымен, құндылықтар антропогендік деп айтуымыз керек. Адам бар жерде оның өзіне тән құндылығы болады. Бұл адамның ортақ қасиеті – бір нәрсені екіншісінен артық көру, оған салыстыра отырып баға беру болып табылады. Жақсылық пен жамандық, шыншылдық пен өтірік, сұлулық пен ұсқынсыздық, әділеттілік пен зұлымдық сияқты қарама-қарсылықтың түрлері құндылықтардың қалыптасуын жеделдетеді, қоғамдық сана мен мәдениетте бекітіліп, адам үшін бағдар болып қызмет етеді.

Құндылықтардың статикалық әрі динамикалық қалпы, екі қыры бар. Зерттеушілердің дәл осы тұста пікір қайшылығына тап болатыны осыдан болар деп ойлаймыз. Алайда, көптеген ғалымдардың пікірлері олардың тұрақты болмайтындығын көрсетеді. Құндылықтар жүйесінің өзгеруіне қоғамдық факторлар, әлеуметтік-саяси, психологиялық факторлар әсер етеді. Этникалық қазақтардың құндылықтарын ғылыми талдау нысанына алған С. Нұрмұратов: «Құндылықтар, ол – өте үлкен әлем. Олар өзгеруі, дамып бір түрден екінші түрге ауысуы, трансформацияға ұшырауы, жойылып кетіп, жаңасы пайда болуы мүмкін» [15], – дейді. Ал Ә. Рымғазықызы құндылықтарды «адамның жер бетінде өмір сүруінің мәні мен маңызын анықтайтынын» тілге тиек етіп: «Ұлттық құндылықтардың өзгеру процесі өте көп уақытты қажет етеді. Құндылықтар бағыты жасалуы, жойылуы, сыналуы, өзгеруі немесе жаңа маңызға ие болуы мүмкін» [15], – деп ой қорытады. Осы орайда, жоғарыда есімдері аталған ғалымдардың құндылықтардың жойылып кетуі мүмкін деген пікірімен келісе алмаймыз. Біздің ойымызша, құндылықтар белгілі бір деңгейде мәнін өзгертіп я болмаса қоғамдық өмірде маңызын азайтуы мүмкін, алайда біржолата жойылып кетуі мүмкін емес. Өйткені жалпыадамзаттық құндылықтар адамзат атаулыға ортақ, бір ауыздан құпталған, күллі адам баласы үшін қымбат қасиеттер болып саналады. Тек олардың жекелеген мәдени-географиялық кеңістіктерде өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Алайда құндылықтардың динамикалық қасиетінен гөрі, статикалық қасиетінің басымырақ екендігі рас. Кейбір отандық ғалымдар кей құндылықтардың тіпті динамикалық қасиетінің болмайтынын айтады. Мысалы, Г. Смағұлова эстетикалық құндылықтарды осындай қасиетке ие деп санайды. Лингвист-ғалым Г. Смағұлова өз зерттеуінде былай дейді: «Әдетте, адам өмірінде құндылықтар әртүрлі. Мәселен, моральдік (адалдық пен әділеттілік), діни (мойынсұнушылық, төзімділік), әлеуметтік (қайырымдылық), сезімдік (махаббат, достық), эстетикалық (сұлулық, әсемділік, үйлесімділік) т.б. Бірақ құндылықтар әлемі әрдайым өзгеріп отырады. Оған, әсіресе, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер себепші болады. Себебі, адамдардың өмір сүру ерекшеліктері және олардың жеке және топтық көзқарастары құндылықтардың әлсіреуі мен күшеюіне әкеледі. Алайда, аталған және аталмаған құндылықтар



арасында эстетикалық құндылықтар көп жағдайда өз деңгейін сақтап қалатын сияқты. Өйткені, өзге құндылықтар өзгермелі болса, сұлулық, әдемілік, үйлесімділік қашанда адамдардың мәңгі құштарлығына арқау болатын конкретті дүние. Мысалы, ақша, мансап бірде бар, бірде жоқ дүние болса, эстетикалық ләззат сыйлайтын әсем табиғат көрінісі, адамның сұлулығы т.б. үйлесімді әдемі зат, сұлу бейне әркез адамдардың көз алдында» [15, 312]. Ғалымның бұл пікірін қисынды деп санаймыз. Әдебиеттің негізінде қарасақ, бұл пікірдің өзектілігі арта түседі. «Себебі, әдебиет ең алдымен эстетикалық функция атқарады. Танымдық, тәрбиелік қызметінен бұрын оның оқырманға эстетикалық әсер сыйлайтыны, адам жанын сұлулыққа құштар қып, жан әлемін үйлесімділікке баулитыны белгілі» [15, 80]. Алайда, біз айтып отырған әдебиеттің өзінде сұлулық әрқашан да әртүрлі көрінуі мүмкін. Әсіресе, ол көбінесе сол халықтың мәдени, ұлттық ерекшелігіне (идентификациясына) байланысты болады. Бір ұлттың әсемділік туралы ұғымының қалыптасуына оның ғасырлар бойғы тұрмыс-тынысы мен табиғи-географиялық ерекшеліктерінің өте зор ықпалы болатыны заңды. Әдебиет те сол халықтың мәдени кодында сақтаулы сұлулық ұғымын ашып беруге қызмет етеді. Осыған байланысты, қазақ әдебиетіндегі сұлулық деп танылған дүние басқа ел әдебиетінде мүлдем басқа мағынада қарастырылуы мүмкін. Бұл жайлы М. Жұмабаев «Алқа» атты әдеби манифестінде орынды пікір білдіреді: «Қазақтың мұрнынтесіп зере салуы Еуропа көзінде сұлулық емес, тағылық деп саналады ғой. Яки Еуропаның күн батқандағы суретті аузынан суы құрып мақтауы қазақтың өз әдебиетінде жоқ қой» [15, 55], – дейді ақын. Сұлулықтың, жалпы эстетикалық құндылықтардың басқа құндылықтармен салыстырғанда біршама тұрақты болатыны жасырын емес. Алайда, ол әртүрлі сипатта көрініс табуы мүмкін екенін осыдан аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттар мен халықтардың бәріне бірдей ортақ болып саналғанмен, олардың өмірге көзқарасына, парадигмасына қарай әртүрлі сипатта көрінетінін ескеруге тиіспіз. Бір жағынан, дәл осы қасиеті құндылықтардың бірегейлік дейтін бүгінгі жаһандану дәуірінде ерекше маңызды тақырыптың маңызын ашуға ықпал етеді.

Әр дәуірдің өзінің негізгі құндылығы бар. Құндылықтарды уақыт пен мекенге бағынбайтын абсолютті игіліктер дегенімізбен, олар қоғам ыңғайына қарай әр кезеңде әрқилы көрінеді: маңызы біресе артып, біресе азайып отырады. Бұл жалпыадасаттық құндылықтардың жойылып кететінін білдірмесе керек. Қоғам бар жерде құндылықтар жүйесі де қатар жүретіні табиғи заңдылық. Аксиология ғылымының көрнекті маманы Ш. Шварц құндылықтардың негізгі алты ерекшелігін атап өтеді. Олар:

1. «Құндылықтар – өзара тығыз қатынастағы сенімдер жүйесі. Өз күшіне енген кезде олар адам жанын ыстық сезімге бөлейді. Қандай да қауіп төнген жағдайда тәуелсіздік аса маңызды құндылық болып саналатын адамның ашуын

туғызады. Оны қорғай алар қауқары болмаса, торығуға бет алады да, әйтпегенде өзін бақытты сезінеді.

2. Құндылықтар белгілі бір әрекетке жігерлендіретін қалаулы мақсаттармен сабақтас болады. Әлеуметтік тәртіп, әділет, өзгелерге пайдалы болу құндылық болып саналатын адамдар аталмыш мақсаттарға жету жолында жан аямайды.

3. Құндылықтар белгілі бір әрекеттер мен жағдайларға бағынышты болмайды. Мысалы, тіл алғыштық пен адалдық құндылықтары жұмыс орнында, мектепте, бизнес не саясатта, достар мен бөгде адамдар арасында да маңызды болуы мүмкін. Бұл ерекшелік құндылықтарды әдеттегі нақты әрекет, ситуация, объектілермен қатысы бар нормалар мен көзқарастар жүйесінен айырады.

4. Құндылықтар стандарт немесе критерий ретінде қызмет етеді. Құндылықтар саясатта, адамдар арасында, оқиғалар мен түрлі жағдайларда таңдау жасау мен бағалау деңгейін белгілейді. Адамдар ненің жақсы, ненің жаман екенін, дұрыс пен бұрысты, құпталған іс пен тыйым салынған істі жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйене отырып шешеді. Алайда күнделікті тұрмыстағы шешімдерімізге тигізер әсері жағынан олар үнемі саналы түрде бола бермейді.

5. Құндылықтар өзара маңыздылығына қарай реттеледі. Адамдардың құндылықтары олардың индивидуалдық қасиеттерімен реттеледі. Олар жетістікке көп мән бере ме, әлде адалдыққа ма, жаңашылдыққа ма, дәстүршілдікке ме? Аталған иерархиялық ерекшелік те құндылықтарды нормалар мен көзқарастардан айырады.

6. Кейбір құндылықтар әрекет етуге жетекшілік етеді. Кез келген қатынас не мінез-құлықтың бірнеше құндылыққа әсері бар» [15, 3-4].

Жоғарыда айтылған пікірлер құндылықтардың өзіне тән ерекшеліктерін ашып береді. Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлға мен қоғам алдындағы рөлі туралы айттық. Шынында да, құндылықтардың қоғамдық жүйені реттеуші, демократиялық игіліктерге жету жолындағы қызметі өте үлкен деп айта аламыз. Мысалы, достық, қайырымдылық, қонақжайлылық сынды жалпыадамзаттық құндылықтар тұтас қоғамның дамуына ықпал ететіні белгілі. Егер біз құндылықтар жүйесінің осы жағын қарастырсақ, онда олардың қызметі туралы айтуға мәжбүр боламыз. Құндылықтардың өзіндік қызметі туралы түрлі пікірлер бар, (Рокич, Хофстед, Шварц т.б.). Дегенмен, оның функциясын біршама толымды түрде ашып берген – социопсихолог Дж.Фихтер. Ол құндылықтардың негізгі алты функциясы бар деп есептейді.

1. Құндылықтар – адамдар мен топтардың әлеуметтік игіліктерге жетуіне жол ашатын құралдар. Стратификация жүйесін жасайды. Жеке тұлғаның айналасындағылардың көзінше қай тұста екенін білуге сеп болады.

2. Құндылықтар адамдардың назарын қалаулы, пайдалы әрі маңызды деп танылған мәдени не материалдық нысандар үшін бағыттайды. Өте құнды бір объект қашанда адам мен қоғам үшін ең үздік деп танылмауы мүмкін.

3. Әр қоғамдағы идеал түсінік пен мінез-құлықтар құндылықтар арқылы анықталады. Әлеуметтік тұрғыдан бағалы деп танылған мінез-құлықтың кестесін (диаграммасын) сызады. Осылайша адамдар әрекеттері мен түсініктерін ең жақсы қай жолда көрсету керек екенін ұғына алады.

4. Құндылықтар адамдардың әлеуметтік рөлдерін таңдауында және оны жүзеге асыруында жетекшілік жасайды. Қызығушылық оятып, қайратын қамшылайды.

5. Құндылықтар әлеуметтік бақылау мен басқарудың құралдары. Адамдарды әдет-ғұрыптарды сақтауға бағыттайды, дұрыс нәрселерді жасауға итермелейді. Сонымен бірге, құндылықтар мақұлданбаған (бұрыс) мінез-құлықтарға тосқауыл болады, тыйым салынған үлгілердің нелер екеніне жөн сілтейді және әлеуметтік тәртіпсіздіктерден туындаған ұят пен кінәлілік сезімдерінің оңай ұғынылуын қамтамасыз етеді.

6. Құндылықтар ниеттестік (ынтымақтастық) құралдары ретінде де қызмет етеді. Әлеуметтанушы ғалымдардың бір шарасы – кейбір топтардың жалпыадамзаттық құндылықтарды жою үшін арнайы жасақталуы. Адамдар дәл осы топ мүшелерінен адамгершіліктің жоғарғы үлгілерін күтеді әрі өздері де сол топ мүшелеріне ұқсауға тырысады. Ортақ құндылықтар әлеуметтік ниеттестік (ынтымақтастық) жарататын және оны ғұмырлы ететін ең маңызды факторлардың бірі болып саналады» [10, 139].

Жоғарыда аталған құндылықтар функцияларын біз қазіргі қоғамның баталысынан да айқын көре аламыз. Әсіресе, демократиялық принциптерге сай жаңа қазақстандық қоғам қалыптастыру барысында аталған қызметтердің орны ерекше болып саналады. Қазіргі таңда жеке тұлға құндылығы алдыңғы қатарға шықты деуге негіз бар. Өйткені, адами капиталсыз елдің болашағы айқын балмайтындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Жеке тұлға құқығы, оның құрметі, қауіпсіздігі мен қызметі және оның басқа ұлттар мен діни конфессия өкілдері арасындағы өзара ымырашылдық мәселелеріне қазіргі қазақ қоғамында аса үлкен маңыз беріліп отыр. Бір жағына, бұл – әлемдік үрдісте, дүниежүзілік мәдени бағытта бар құбылыс. Өйткені, қазақ қоғамын әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлшегі деп білеміз. Өмір сүріп отырған дәуірімізге ғылымда әртүрлі анықтамалар беріліп келеді. Постиндустриялық білім қоғамы немесе ақпараттық ғасырда, я болмаса постмодерн дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, алайда берілген анықтамалардың бәрі де өз дәуірінің құндылықтар жүйесіне қарай бағытталып отыр. Құндылықтардың бәріне қайта баға берумен ерекшеленетін қазіргі постмодерн дәуірінің өзіндік айырмашылықтары жөнінде қоғамтанушы ғалым Т. Орал маныдай пікір айтады: «Жаһандану жаңа қоғамның дәстүрлі қоғамнан көп айырмашылығы

жоқ құндылықтар жүйесіне жаңа өлшемдер енгізіп жатыр. Яғни қауымдастықтардың тіл алғыштық мәдениеті, көршілік қатынастары, қауіпсіздік пен қорғаныс тәртібі, адалдық пен сатқындық, жабықтық пен құпиялылық, махаббат пен төзімділік, құрмен пен үрей, еркіндік пен тәуелділік сынды қоғамдық құндылықтар заманауи құндылықтардың ықпалы астында қалуда яки жаңа мәнге ие болуда. Қоғамдық құндылықтарды мұндай өзгеріске әкеліп жатқан қазіргі заманның құндылықтары мыналар: демократия, бәсекелестік мәдениеті, өнімділік, адам құқытары және жеке тұлға. Соңғысы, яғни жеке тұлға – постмодерн қоғамының, яғни дәуіріміздегі білім қоғамының еі үлкен құндылығы. Дәстүрлі қоғамдарда қауымдастық, жаңа индустриалды қоғамдарда қорлар (клубтар) ең үлкен құндылық болып саналса, білім қоғамында жеке тұлға ең үлкен құндылыққа айналды. Барлық өзге де қоғамдық құндылықтар осы құндылықтың айналасында және оны алға шығаруға қызмет ету арқылы өмір сүреді» [16, 23]. Ғалым айтып өткен бәсекелестік мәдениеті мен жұмыс өнімділігі нарықтық қоғамның өзі бізден талап етіп отырған адами құндылықтар болса, адам құқығы мен жеке тұлғаның құрметі демократиялық ұстанымдардың өзегі болып саналады.

**Қорытынды.** Қорыта айтсақ, құндылықтар бүгінгі таңда философиялық, психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық, антропологиялық және экономикалық аспектілерде қарастырылып отыр. Әдебиеттану ғылымының аясында құндылықтардың мәнін ары қарай зерттеу бүгінгі гуманитарлық ғылымдар үшін өзекті болып саналады. Құндылық дегеніміз – білгілі бір заттың не құбылыстың маңыздылығы әрі пайдалылығы. Осы екі қасиет құндылықты қалыптастырады және дамытады.

Құндылықтардың жіктелуінде де бірыңғай пікірлердің жоқ екені айтылды. Біз құндылықтарды мақсаттық және құралдық деп жіктеген М. Рокичтің тұжырымдарына арқа сүйейміз. Сондай-ақ құндылықтардың мынадай негізгі түрлері бар деп есептейміз. Олар: эстетикалық, этикалық, экономикалық, діни, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар. М. Рокичтің көрсеткен 36 түрлі құндылық аталған негізгі бастаулардан тарайды. Мысалы, әсемдік, сұлулық, жарасымдылық құндылықтары эстетикалық құндылықтар санатына кіреді. Құндылықтарды қарапайым түрде материалдық және рухани деп те жіктеуге болады. Материалдық құндылықтарға экономикалық, ал рухани құндылықтарға эстетикалық, этикалық, діни құндылықтар жатады. Сонымен бірге аталған жіктеулерден тыс ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар деп жіктеу тәжірибесі бар. Біздің ойымызша, бұлардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, шартты ұғымдар саналады. Ұлттық құндылықтар дегеніміздің өзі жалпыадамзаттық құндылықтардың мәдени-географиялық кеңістіктегі ерекшелігі деп есептейміз. Осыдан ұлттың дәстүр-салты, өзіне тән бірегейлігі мәселесі туындайды.

Құндылықтардың табиғаты олардың антропогенді екенін көрсетеді. Адам бар жерде қоғамның болатыны секілді, қоғам бар кезде оның өзіндік құндылықтар жүйесі де нақтыланатынын заңдылық деп айтуға болады. Олар индивидуалдық, ұжымдық және қоғамдық сипатта өмір сүреді. Құндылықтардың негізгі үш қайнар көзі бар. Олар – таным, сезім және әрекет. Бұлар – адам болмысының үш тұғыры әрі өзара тығыз қатынастар жүйесіне ие. Индивидтің бойындағы құндылықтар бастапқы кезеңде қоғамдық нормалар негізінде бейсаналы түрде қалыптасады. Өйткені ол – әлеуметтік жаратылыс. Жеке тұлғаның бойында бір мезетте бірнеше жалпыадамзаттық құндылық қатар өмір сүреді. Алайда дүниетанымдық тұрғыдан жеке тұлғаның құндылықтық бағдары бірдей бола бермейді. Жекелеген адамдардан қоғам құралады десек, әлеуметтік жүйе үшін де құндылықтардың алар орны орасан. Өйткені құндылықтар қоғамдық нормалар мен мәдени жүйелердің негізін қалыптастырады.

Құндылықтар жүйесі қоғамға отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ және әдебиет пен өнер салалары, сондай-ақ кітапханалар арқылы беріледі, ұрпақтан-ұрпаққа таралады. Қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруіне саяси және әлеуметтік факторлар үлкен әсер етеді. Демек, қоғамдық-саяси факторлар аксиологиялық басымдықтарды тудырады. Мысалы, Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы, өз кезегінде, қоғамдағы ұлттық құндылықтардың жандануына түрткі болады. Енді дәстүр, дін және тіл мәселесі өзекті бола түсуде. Сондықтан біз қазақ қоғамында соңғы ширек ғасырда қайта жанданған ұлттық құндылықтарды атаймыз. Атауы әртүрлі болғанымен, оларды жалпыадамзаттық құндылықтардан ажыратуға болмайды. Олардың өзгеруіне ықпал ететін негізгі факторлар – нарықтық қоғам және постмодерндік дәуір болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қорғанбек А. Ұлт руханияты гуманитарлық ғылымнан не күтеді? Академик Сейіт Қасқабасовпен әңгіме. // Егемен қазақстан, 2017, №55.
2. Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
3. Харрисон Л., С. Хантингтон. Культура имеет значение. Каким образом ценности способствуют общественному прогрессу. Под. Ред.– М.: Московская школа политических исследований, 2002. – 320 с
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас. ред. Бүркітбай Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2004. – 696 б.
5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік

құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.

6. Ахметов Ә. Қ. Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсаңында. – Астана: Деловой мир Астана, 2012. – 268 б.

7. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.

8. Есентайұлы С. Құндылықтардың төресі. // Қазақ әдебиеті, №8 (3224) 25.02.2011.

9. Yergaliyeva S. Zh., Anesova A. Zh., Melnyk N. V., Uaikhanova M. A., Sarybayeva B. Zh. Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space // International Journal of Society, Culture & Language, No 10 (3). 2022, –P. 125-136 DOI: <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.558154.2714>

10. Смағұлова Г.Н. Құндылықтар әлеміндегі «сұлулық» концептісі // ҚҰ ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2015. №1. – 336 б.

11. Худайбергенов Н. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамзаттық құндылықтар жайлы түсінік. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 80-89 б.

12. Жұмабаев М. Табалдырық. Манифест. Кіріспе мақала: М.Қойгелдиев. – Алматы: Тау-Самал, 2011. – 108 б.

13. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

14. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т.76: Новеллалық ертегілер. – 432 б.

15. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясының рухани бастаулары. Егемен Қазақстан. 17.07.13.

16. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, - 1990. – 352 б.

### **А.К. НУРБАНОВА**

Евразийский гуманитарный институт имени А. К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

### **М.Н. БАРАТОВА**

Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

## **ТЕОРИЯ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

**Аннотация.** Представления о ценности напрямую связаны с воспитанием, поскольку содержание воспитания составляет реализацию социальных программ, действующих в системе ценностей. Духовные ценности

– это фактор, определяющий регулирование поведения человека. Ценность – важность и полезность того или иного предмета или явления. Она определяет, насколько важен объект для человека. Общечеловеческие ценности – вещи, которые считаются одинаково почитаемыми и дорогими человеку в целом. Национальные ценности – виды общечеловеческих ценностей, проявляющие определенную национальную индивидуальность. Аксиология – это учение о ценностях, специальная область философской науки, изучающая природу, систему и структуру ценностей. Генезис – понятие, отражающее рождение и дальнейшее развитие определенного предмета, явления. Генезис диктует определенный этап процесса развития. Ценность – это то, что важно, значимо или полезно для человека или общества. Большинство людей знают, что такое материальные ценности, но не все правильно понимают, что такое духовные ценности. Это более сложное понятие, которое также интерпретируется по-разному. В статье мы разбираем, что такое духовные ценности, чем они отличаются от материальных ценностей, какие они и какое значение имеют. Духовные ценности – это идеалы и убеждения, которые управляют жизнью человека, служат ему ориентиром и помогают ему принимать правильные решения. Они устанавливаются для себя как обществом, так и человеком. В отличие от материальных ценностей, они не имеют реальной стоимости, но их значение для человека может быть относительно высоким. Система духовных ценностей индивидуальна для каждого человека и является важнейшей составляющей его личности.

**Ключевые слова:** духовные ценности, ценностные ориентации, система ценностей, национальные ценности, аксиология, формирование личности.

**A.K. NURBANOVA**

Eurasian Humanitarian Institute named after A. K. Kusainov, Astana, Kazakhstan

**M.N. BARATOVA**

Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

## **THEORY OF UNIVERSAL SPIRITUAL VALUES**

**Annotation.** The ideas of value are directly related to education, since the content of education is the implementation of social programs operating in the system of values. Spiritual values are a factor determining the regulation of human behavior. Value is the importance and usefulness of a particular object or phenomenon. It determines how important an object is to a person. Universal values are things that are considered equally revered and dear to a person as a whole. National values are types of universal values that manifest a certain national identity. Axiology is the doctrine of values. A special field of philosophical science that studies the nature, system and structure of values. Genesis is a concept reflecting



the birth and further development of a certain subject, phenomenon. Genesis dictates a certain stage of the development process. Value is something that is important, meaningful or useful for a person or society. Most people know what material values are. But not everyone understands correctly what spiritual values are. This is a more complex concept, which is also interpreted in different ways. Today we will analyze what spiritual values are, how they differ from material values, what they are and what meaning they have. Spiritual values are ideals and beliefs that govern a person's life, serve as a guide for him and help him make the right decisions. They are established for themselves by both society and man. Unlike tangible assets, they have no real value. However, their value for a person can be relatively high. The system of spiritual values is individual for each person and is the most important component of his personality.

**Keywords:** spiritual values, value orientations, value system, national values, axiology, personality formation.

### References

1. Korganbek A. What does the spirituality of the nation expect from the humanities? Conversation with academician seit Kaskabasov. // Sovereign Kazakhstan, 2017, No. 55.
2. Kasabek A. the value of National spirituality // the field of Kazakh Studies: a textbook / headed by zh. Moldabekov. - Almaty: Kazakh University, 2005. - 204 p.
3. Harrison L., S. Huntington. Culture has knowledge. There is an image of the value of public progress. Pod. Ed.- M.: Moskovskaya School of Political Studies, 2002. – 320 p.
4. Kazakhstan. National Encyclopedia / General. Ed. "I Don't Know," He Said. - Almaty: main editorial office of the Kazakh encyclopedia, 2004 – 696 p.
5. ways to modernize the educational system based on Universal and national values and innovative approaches of teachers. Methodical manual. - Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 2013. - 64 p.
6. Akhmetov A. K. Eurasian code. On the eve of the fifth civilization. – Astana: business world Astana, 2012 – 268 p.
7. World philosophical heritage. Twenty volumes. Volume 3. - Almaty: writer, 2005 – 568 p.
8. Esentayevich S. judge of values. // Kazakh literature, No. 8 (3224) 25.02.2011.
9. Yergaliyeva S. Zh., Anesova A. Zh., Melnyk N. V., Uaikhanova M. A., Sarybayeva B. Zh. Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space // International Journal of Society, Culture & Language, No 10 (3). 2022, – p. 125-136 DOI: <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.558154.2714>
10. Smagulova G. N. the concept of "beauty" in the world of values // messages of NAS NU. A series of social and humanitarian Sciences. 2015. No. 1. - 336 pages.

11. Khudaibergenov N. the concept of universal values in modern science. – Almaty: Kazakh university, 2017. - 80-89 pp.
12. Zhumabayev M. Threshold. Manifesto. Introductory article: M. Koigeldiev. - Almaty: Tau-Samal publishing house, 2011. - 108 p.
13. Kaskabasov S. Kazakh folk prose. - Almaty: Science, 1984 – 272 p.
14. word of ancestors: Centenary. - Astana: Folio, 2011. Vol. 76: Short Story Tales. – 432 p.
15. Nysanbayev A. spiritual origins of Kazakh philosophy. Sovereign Kazakhstan. 17.07.13.
16. Zholdasbekov M. Asyl channels: literary articles. - Almaty: writer, - 1990. - 352 p.
17. Galimzhanov B. G. harmony of the works of Yunus Emre and Mashhur Zhusup. // Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute. No. 3, 2022. 144-153 pp.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Нұрбанова Айгүл Қисапқызы** – филология магистрі, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Нурбанова Айгуль Кисапковна** – магистр филологии, старший преподаватель Евразийского гуманитарного институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

**Nurbanova Aigul Kisapovna** – Master of Philology, Senior Lecturer A.K. Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan.

**Баратова Мухаббат Нұржауқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Баратова Мухаббат Нуржауовна** – кандидат филологических наук, профессор Торайгыров университета, Павлодар, Казахстан

**Baratova Mukhabbat Nurzhauovna** – candidate of philological sciences, professor, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

XFTAP 17.71.91

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>

Б.К. ОЛЖАБАЕВ<sup>1</sup> 

А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ<sup>2</sup> 

О. СӨЙЛЕМЕЗ<sup>3</sup> 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Кастамону университеті, Кастамону, Түркия<sup>3</sup>  
(e-mail: olzhabaev.beka@mail.ru<sup>1</sup>, pan.abat@mail.ru<sup>2</sup>, soylemezo@yahoo.com<sup>3</sup>)

### ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДА ТУҒАН ЖЕРДІ КИЕ ТҮТУ МОТИВТЕРІ

**Аңдатпа.** Түбі бір түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің, тілі мен дінінің ұқсастығы тарихи тағдырларының бір арнада тоғысқандығымен түсіндіріледі. Бір-бірімен тікелей байланыста ғұмыр кешіп, етене жақын болған туыстас халықтардың этногенетикалық және этнолингвистикалық тұрғыда бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық болмауы заңды құбылыс. Мақалада түркі халықтарының дүниетанымында ерекше орын алатын қастерлі ұғым – туған жер концепті талданып, түркі халықтарының туған жерге деген сүйіспеншіліктерінің ортақ мотивтері қарастырылды. Бұл ретте, түркологияның бірқатар мәселелері зерттелген ғылыми еңбектер негізге алынып, ағайынды халықтардың фольклор мұраларында кездесетін отансүйгіштік, ел мен жерді қорғау сынды асыл құндылықтар салыстырылды.

Туған жер кез келген халық үшін қастерлі, киелі ұғым. Адамзат баласы үшін кіндік қаны тамып, алтын бесігіне айналған жер – құт мекен концептісін құрайды. Отан, туған жер, атамекен, атажұрт сөздері түркі халықтарының дүниетанымында киелі ұғымды береді. Туған жерді кие тұту, ардақтау, қастерлеу түркі халықтарының көне замандарда пайда болған аңыз-әпсаналарынан бастап, барлық ауызша әдебиет мұраларынан көрініс табады. Татар, қазақ, қырғыз, башқұрт халықтарының ауыз әдебиетіндегі туған жерді кие тұту мотивтерінің ұқсастығы бауырлас халықтардың тамыры тереңде жатқан тарихи-мәдени дамуымен тығыз байланысты.

**Түйін сөздер:** түркі халықтары, концепт, мотив, фольклор, ауыз әдебиеті, батырлық жырлар, эпос, сюжет.

**Кіріспе.** Қазақ, түрік, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен және басқа да түркі халықтарының тарихи тағдырларында ғасырлар бойы ортақ ұқсастықтар көп болды. Ең қиын жағдайда да бауырлас халықтар бір-бірімен жақындасуға ұмтылды. Тарихқа көз жүгіртсек, түркі халықтарының бір

этногенетикалық және этнолингвистикалық отбасына, бір ислам конфессиялық қауымына жататындығы және ортақ рухани құндылықтарға ие болуы олардың ұқсас тұстарының көптігіне анық айғақ бола алады. Көптеген ғасырлар бойы түркі халықтары бір-бірімен тікелей байланыста өмір сүрді.

Мәдени дәстүрлердің, тілдердің, әдет-ғұрыптардың ұқсастығы түркі халықтарының ауыз әдебиетінің, ақындық шығармашылығы мен фольклор мұраларының көптеген аспектілерінің тоғысқан негізі болып табылады [1, 5]. Соның ішінде тақырыбымызға желеу болған түркі халықтарының туған жерді кие тұту, туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет сынды ортақ мотивтердің өзара бауыр халықтардың фольклор мұраларынан көрініс табуын қарастырмақпыз.

Сонымен, біздің жұмысымыздың мақсаты – түркі халықтары фольклорындағы туған жерді кие тұту мотивтерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

- Осы мәселе бойынша түркология жөніндегі еңбектерді зерттеу;
- Түркі халықтарының ауыз әдебиетін, фольклор мұраларын қарастыру;
- Әдебиет ғылымындағы «туған жер» концепті мен «кие тұту» мотивінің негіздерін талдау;

Ағайынды халықтардың қаһармандық жырларында, аңыз-әңгімелерінде және мақал-мәтелдерінде кездесетін отансүйгіштік, ел мен жерді қорғау сынды асыл құндылықтарды салыстыру.

Зерттеу нысаны – түркология мәселелерін зерттеген түркітанушы ғалымдардың келелі еңбектері мен түркі халықтарының ортақ ұқсастықтарын көрсететін фольклор туындылары.

Зерттеу пәні – әдебиет.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** «Түркі халықтары фольклорындағы туған жерді кие тұту мотивтері» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысын қарастыру барысында көптеген ғылыми еңбектерге жүгіндік. Олардың ішінде түркология тақырыбында көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың аталмыш тақырыпқа арналған ғылыми монографиялары мен әдістемелік еңбектерін, мақалаларын қарастырдық.

Тақырыпты зерттеу барысында ғылыми зерттеу әдістерінің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдандық. Тақырыпқа сай материалдарды, түрлі ғылыми еңбектерді эмпирикалық әдістің жинақтау, зерттеу, бақылау тәсілдері арқылы талдасақ, теориялық әдістің анализ, синтез, салыстыру тәсілдері арқылы ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстырып, ұқсас бөліктерін бір арнаға тоғыстырдық [2,12].

**Талқылау мен бақылау.** Концепт ұғымы көркем әдебиетте мәдениеттің дамуымен және әр автордың шығармашылығымен енгізілген жаңа және жеке ұғым. Осыған байланысты концепт ұғымының әмбебап ұғымдардан айырмашылығы заттар мен құбылыстардың жалпылама мағынасын қамтитын

көркемдік ұғымдарды білдіруінде. Концепт автордың идеялық стилін, оның поэтикалық сурет әлемін, ассоциативтілік негізінде туындайтын идеялар, сезімдер, эмоциялар кешенін анықтайды.

Концепт ұғымы мәдени кең кеңістікте бар және әр халықтың өзіне тән менталитетін анықтайтын, сонымен қатар «сол халықтың тілі мен ойлау тәсілімен, дүниетанымының түрімен анықталатын» экзистенциалды-мәдени формацияны білдіреді [3, 6]. Концепт халықтың рухани және практикалық білімін жинақтайды, олардың ойлау жүйесін, нормалары мен мінез-құлқын білдіреді.

«Туған жер» концепті кез келген халықта бар. «Туған жер» концепті де әрбір халыққа тән өзіндік рухани дүниетанымы мен менталитетінен көрініс тауып отырады. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт және тағы да басқа түркі халықтарының түсінігінде «туған жер» концепті өте құнды, қымбат дүниені білдіреді. Түркі халықтары үшін «туған жер» мен «ел» концепті адамның кіндік қаны тамып, ғұмыры басталған қасиетті мекенді, киелі атақоныс, атажұртты бейнелейді. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде, фольклор мұраларында туған жерге деген терең сүйіспеншілік, мол махаббат сол халықтардың батырлық жырларында, аңыз-әпсаналарында, жыр-дастандарында кеңінен баяндалады.

Мотив (лат. moveo – «қозғаламын») сюжеттің ең қарапайым құрамдас бөлігі болып табылады. Фольклорлық-мифологиялық мотив – бір емес бірнеше фольклорлық-мифологиялық мәтінде кездесетін бейне мен эпизод немесе бейнелер мен эпизодтардың жиынтығы [4,5]. «Кие тұту» мотиві қазақ халқының дүниетанымдық ерекшелігін анықтайды. «Кие» ұғымы қазақ халқы үшін де, басқа да бауырлас түркі халықтары үшін де белгілі бір заттың, жануардың, мекеннің сакральдылығын білдіретін ұғым. Халық арасында кездесетін «киесі ұру», «киесі тию» сынды ұғымдар дәл осы қасиетті, киелі дүниелерге залал келтірген жанның басына келетін зиянды білдіріп тұр.

Туған жер ұғымы да түркі халықтары үшін қастерлі, киелі ұғымдардың санатында. Отанды құрметтеу, сүю, ел мен жерді қорғау, туған жердің бостандығы үшін жанын пайда ету сынды абзал қасиеттер туған жерді кие тұтудың жарқын көріністері. Түркі халықтарына ортақ туған жерді кие тұту мотивін ағайынды елдердің ғасырдан-ғасырға шежіре болған құнды фольклор мұраларынан аңғарамыз.

Фольклор - адамдарды біріктіретін мәдени, біртұтас жүйе ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың дүниетанымын бейнелейтін этнофилософиялық құбылыс [5, 795].

Қазақ, қырғыз, татар және тағы да басқа түркі халықтарының эпикалық ертегілері – батырлық дастандарының мотивтерінің ұқсастығы тамыры тереңге жайылған ежелгі заманнан бастау алуы – түркі халықтарының тарихи-мәдени дамуымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Түркілік жыр-дастандардың

поэтикасына, желілік құрылымына назар салсақ, биік те, киелі, шынайы құбылыстардың кең қамтылғанын, ғұрыптық, салта-саналық, астарлы образдардың бір-бірімен тығыз байланыста екендігін көреміз.

Түркі халықтарының дүниетанымының келесі бір ерекшелігі – Отанға деген сүйіспеншілік. Бұған барша түркі халықтарына ортақ ежелгі тастағы жазба Орхон-Енисей жазбалары дәлел. «Ер-Су(б)» (түрк. «Жер-Су») түркі мағынасында туған жер ұғымының синонимі ретінде біртұтас тұтастықты көрсетеді. Көне түркілер еліне, туған жеріне деген сүйіспеншіліктің алдында бас иген. «Удук Ер-Су(б)» (Қасиетті Жер-Су) ежелгі түркі халықтарының дүниетанымы бойынша жер әлемінің құдайы саналды [6, 25]. Ата-бабаны, Отанды ардақтау, оған деген сүйіспеншілік – түркілердің саяси идеяларындағы негізгі ұғым. Жалпы, түркі халықтарының тұрмысында орын алған әдет-ғұрыптардың барлығы отансүйгіштікке, тарихты, әсіресе көне тарихты білуге ықпал етті.

Түркі халықтарының туған жерді үлкен Тәңіріге балап, кие тұтуы түркі халықтарының ежелгі жазба ескерткіштерінен де анық көрінеді. «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғанда, олардың арасында адам баласы жаратылды». Тасқа қашалып жазылған ежелгі түркілердің ескерткіші Күлтегін құлпытасы дәл осы сөздермен басталады. Көне түркілер дүниенің пайда болуын осылайша елестеткен. Түркілер танымында қалыптасқан аңыз-әпсана бойынша бастапқыда Аспан мен Жер бірге өмір сүріп, дүниеде хаос орын алды. Бірақ бір күні Аспан мен Жер бір-бірінен айырылды: жоғарыда ашық аспан, төменде қара жер пайда болды. Адам бір мезгілде Аспанның да, Жердің де ұлына айналды. Ол Аспан мен Жерді бейберекетсіздіктен ажырататын қаһарман ретінде және аяғын жерге қойып, аспан қоймасын қолымен ұстап тұрды. Ол аяғына нық тұрып, басы аспанға тиіп тұрғандықтан физикалық тұрғыдан мықты (татарлар арасында бақытты адам туралы: «башы күкке тиған» - басын аспанға тигізді). Жер мен Тәңір бір принциптің екі жағы ретінде қабылданды. Адам жер бетінде туып, өмір сүрген. Жер оның мекені, мәңгілік тұрағына, қастерлі үйіне айналды.

Көне түркілердің дүниетанымында «туған жер» ұғымы кеңістікпен тығыз байланысты болған. Бұл дамыған кеңістік, орта дүние, өмір сүруге қолайлы дүние. Ежелгі түркілер өз атамекенін Жердің, тіпті Ғаламның орталығы деп санаған.

Алтын Орданың «Идегей» дастанында «Көк-Төбе – Жердің өзегі» деген жол бар. Мұнда «Төбе» сөзі атамекен мағынасында қолданылған. Құрылу барысында Жошы Ұлысы екіге бөлінді: Ақ Орда және Көк Орда. Көк Орда немесе Көк Төбе мемлекеттің шығыс бөлігін алып жатты.

Түркі халықтарының өзге дүние, игерілмеген кеңістік, яғни «туған жер» туралы аңыз-әпсаналары кейінірек аңызға айналған Яжуж және Мажуж

халықтары және Ескендір Зұлқарнайынның аңызға айналған жорықтары туралы құран хикаяларымен толықтырылады.

Түркі халқын құраған барлық халықтар туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, туған мекенді кие тұтуды культ дәрежесіне дейін көтерген. Түркілердің туған жерге деген махаббатының күшті болғаны сонша, олардың тіпті өз тәуелсіз құдайы болған. Бұл ғаламның ортаңғы қабатының құдайы – жердегі құдай Удук Йир-Суб («Қасиетті Жер-Су») болды. «Жер-Су» – «туған жер», «туған мекен» сөздерінің синонимі. Оның культі тау, көл, өзен, және жердің рухына, табиғатқа, «туған жер – жасыл бесікке» тәңір ретінде табынумен байланысты.

«Жер-су туралы ежелгі халықтық түсінік-пайымдаулар ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге жасалған, тіпті адам санасының қалыптасып, қоршаған ортаны тануына негіз болған факторлардың бірі деп қарау керек. Қазіргі отан ұғымы немесе атамекен, туған жер, кіндік кескен мекен деп жүргеніміз түптеп келгенде байырғы көне түркілік «жер-су» деген түсініктен шығады» [7, 9].

Сол көне дәуірде тұрғылықты жерді түркілер белгілі бір мекен ретінде емес, Жер-Су тәңірінің рухымен киелі мекен ретінде қабылдап, бұл жерді Отан (Ил) деп атаған. Орхон жазбаларында Жер-Су (Йыр-Суб транскрипциясында жазылған) Тәңірімен бірге айтылады: «Жоғарыда түріктердің Тәңірі мен түркінің киелі Йыр-Суб былай деп айтқан: «Түркі жұрты жоғалып кетпесін! Адамдар өмірін жалғастырсын!», «Аспаң, Ұмай мен Йыр-Су бізге жеңіс сыйлады». Бірақ, бұл жазуларда Йыр-Су атауы діни мағынасы жоқ белгілі бір елді мекен немесе аумақ мағынасында да қолданылған: «Ата-бабамыздан бері қожайынсыз болған Йыр-Су (ел) қалмасын» [6, 28].

Йыр-Суды, яғни туған жерін кие тұтып, құрметтеген түркілер жер бетінде уақытша өмір сүретініне сенімді болды. Олар физикалық дененің өлімінен қорықпады, өйткені, бұл өмірдің табиғи жалғасы астральды жазықтықта болатынына сенді. Оның үстіне, адамдар табиғат пен Жердің рухтарымен шынайы байланыста болып, өздерінің киелі туған жеріне айналған табиғатқа ешқандай зиян келтірмеді.

Көне түркі ескерткіштерінде түркілердің Отаны, қасиетті атамекені «түркі халықтарының йыр-суы» деп мақтанышпен аталды. Византия тарихшысы Теофилак Симокатта ежелгі түркілер туралы: «Олар жерге гимн айтады, олардың сиқыршылары жерді шақырып, одан күш сұрайды», - деп түркі халықтарының дүниетанымындағы киелі туған жерге айналған жер-судың рөлін атап өтеді. Татарлардың ауызекі сөйлеу тілінде және қазіргі уақытта шағын Отанды «йыр-су» («жер-су») деп атайды. Татар тілінде сағынышты білдіретін тағы бір сөз бар: «жырсу». Қазіргі татар тілінде бұл сөз «көп аңсау» (ностальгия) деген мағынаны білдіреді. «Жырсу» ұғымы мен ежелгі түркі құдайы Йыр-Суб (Жер-Су) есімінің байланысы ерекше күмән тудырмайды.



Жерге табыну татар халқының әдет-ғұрыптарында соңғы заманға дейін сақталып келді.

Жер-су атауы қазақ ұғымындағы ғана кеңістік емес, ол ұлттан кәрі көне замандарда ру, тайпалық одақтар кезінде қалыптасқан болса керек, сондықтан да түркі тілдес халықтарға ортақ ұғым [7, 86].

Демек, көне түркілер туралы аңыз-әпсаналарға көз жүгіртсек, түркі халықтарының дүниетанымында атамекен ұғымы туған табиғат ұғымымен тығыз байланысты болған.

**Нәтижелер.** Қырым татарларының «Чора батыр» дастаны, қырғыздың «Ер Табылды», қазақтың «Алпамыс» эпосын салыстырмалы типологиялық зерттеу эпикалық ертегілердің сюжеті мен композициялық ұйымдасуы жағынан көп ұқсастықтардың бар екенін көрсетті. Жоғарыдағы қаһармандық дастандардың әрқайсысы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде бас кейіпкердің жаумен шайқасқа дейін болған оқиғалары баяндалса, екінші бөлімде халық батырының тұтқынға түсуі, оның зынданда немесе жат жерде азап шегіп, туған жерін сарыла сағынуы, атажұртына ұзақ оралуы баяндалады. Батырлық дастандардың бірінші бөлімінде қаһармандардың іс-әрекеті біршама өзгеше болса, екінші бөлімінде оқиғалардың дамуындағы, кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетіндегі ұқсас мотивтерді байқау қиын емес. Қырым татары Чора батыр, қазақ батыры Алпамыс пен қырғыз батыры Ер Табылды бейнесінде ортақ нәрсе көп. Үш батырға да тән тамаша қасиеттер олардың жаужүрек батырлығы, туған елі мен жері үшін көзсіз ерліктерге баруы, жаумен соғысқанда отқа жанбауы, суға батпауы, қылыш кеспеуі, жебе жетпеуі.

Қырғыздардың «Ер-Төштюк» батырлық эпосы қазақтардың бірнеше нұсқасы бар ауызша халық шығармашылығында батырлық ертегі ретінде бейнеленген «Ер-Төстік» эпосына қатты ұқсас. Қазақтың «Ер-Төстігі» қырғыздардан идеялық бағыт-бағдары жағынан да, тақырыбы жағынан да, басты кейіпкерлердің образдарының сипаты жағынан да қатты ерекшеленбейді. «Ир-Тушлук» деген атпен бұл ертегілік дастан татар халқында да бар. Жырларда кездесетін көптеген батырлардың да есімдері ұқсас. Ағайынды елдердің ауыз әдебиетін құрап тұрған аттас шығармалардың барлығында жанрлық айырмашылықтарына қарамастан, бір эпизодтар, кейіпкерлердің ұқсас сипаттары кездеседі.

Қазақ пен қырғыз, қарақалпақ халықтарының батырлық дастандары жанрлық жағынан алуан түрлі болғанымен, сюжеті, тақырыбы ортақ. Басты кейіпкерлердің мінездері де бір-бірінен еш айрықшаланбайды. Азулы дұшпан – айдаһар және басқа да зұлым күштер, батырдың сенімді досы – жақсы ат, батырдың басты миссиясы - елі мен жерін қорғау, туған жерін кие тұту, мұның бәрі қазақтар мен қырғыздардың ғана емес, басқа түркі халықтарының да фольклорына арқау болған деген тұжырымға негіз береді. Әсіресе жыр-дастандардың сюжетінде, пейзаждық очерктерде, кейіпкерлердің мінез-

құлқында, жақсылық пен жамандықтың өзара күресінде, қаһармандардың Отанын қорғау үшін түрлі зұлым күштермен ерлік күрестерінен айқын көрінетін бейнелер.

Қазақ пен қырғыз халықтарының эпостық шығармаларында да ортақ қаһармандардың батырлығы, ерлігі, өздері туып-өскен туған жерлерін сыртқы жаулардан қорғап, халқының зор құрметіне ие болғандығы сынды ортақ мотивтер жиі кездеседі. Мысалы, қазақтың Ер-Көкшесі қырғыздың батырлық эпосы «Манаста» бас кейіпкердің досы әрі серігі ретінде бейнеленсе, қазақтың «Ер-Көкше» эпосында қырғыз батыры Манас Манашының бейнесінде жырланады. Қазақтың «Ер Көкше» жырында да, қырғыздың «Манас» жырында да үлкен басымдылық қаһармандардың жауынгерлік ерлігіне беріледі. Қос батыр да өздерінің қаһармандық іс-әрекеттерін туған жері мен елін сыртқы жаулардан қорғау кезінде кеңінен көрсетеді. Екі халықтың жыр-дастанында басқа да желілік арналар болғанымен, батырлық жырлардың ең маңызды тұсы – басты кейіпкерлердің отансүйгіштік асыл қасиеттерін паш ету. Ата-ана, туыс-бауыр, туған халқы мекен еткен, кіндік қаны тамып, жарық дүниені көрген асыл атақоныс, туған жерін үлкен кие тұтып, қастерлі ұғымға балаған ежелгі батырлар Отаны үшін отқа түсіп, қилы кезеңдердің түрлі кедергі – қиындықтарын басынан өткерген.

